

# ҚАЗАҚСТАН ГЕОГРАФИЯСЫ

Жалпы білім беретін мектептің  
9-сыныбына арналған оқулық  
Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы  
*Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі бекіткен*

9

2-бөлім



Алматы «Мектеп» 2024

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 26.8(5Қаз)я72  
Қ18

Авторлары:  
Ш.Т.Толыбекова, Г.Е.Головина, С.С.Козина, Е.А.Ахметов

**Шартты белгілер:**

-  — рефлексия
-  — білу және түсіну
-  — талдау және қолдану
-  — бағалау және болжау
-  — шығармашылық тапсырма
-  — жобалық іс-әрекет
-  — Өзіндік жұмыс
-  — Бұл қызық!
-  — интерактивті тапсырма

**Қазақстан географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына Қ18 арналған оқулық. 2-бөлім / Ш.Т. Толыбекова, Г.Е. Головина, С.С. Козина, Е.А. Ахметов. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы, Мектеп, 2024. – 168 б., сур. ISBN 978-601-07-1685-8**

Қ  $\frac{4306021000-160}{404(05)-24}$  18(1)-24

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 26.8(5Қаз)я72

ISBN 978-601-07-1684-1 (жалпы)  
ISBN 978-601-07-1685-8 (2-бөлім)

© Толыбекова Ш.Т., Головина Г.Е.,  
Козина С.С., Ахметов Е.А., 2019  
© «Мектеп» баспасы,  
көркем безендірілуі, 2024  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүліктік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

## IV бөлім

# ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

### 9-сыныпта сендер:

- Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдаудың негізінде дүниежүзіндегі халықтардың көші-қон бағыттарын, себептерін және салдарын түсіндіруді, көші-қонның негізгі бағыттарын анықтауды;
- қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдермен салыстырудың негізінде еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамына баға беруді;
- Қазақстандағы ойконимдерді жіктеудің негізінде олардың мағынасын түсіндіруді және үш тілдегі транслитерациясын беруді оқып-үйренесіңдер.

### 8-сыныпта сендер:

- халық санын анықтау әдістерін түсіндіруді;
- халықтың ұдайы өсу типі бойынша елдерді топтауды, демографиялық мәселелері бойынша елдерді жіктеуді үйрендіңдер.

### 7-сыныпта сендер:

- дүниежүзі халқының этнолингвистикалық жіктемесін, дүниежүзі халқының діни құрамын және діндердің таралауын;
- халықтың діни және этникалық құрамымен байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени өркениетті аймақтарының қалыптасуын түсіндіруді оқып-үйрендіңдер.

## IV бөлім. ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

### ХАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

#### § 38. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы

##### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтайсыңдар;  
— Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын көрсететін кесте, диаграммаларды талдауды үйренесіңдер.

**Қазақстан халқының ұлттық құрамы.** Халықтың ұлттық құрамы этностық белгілеріне байланысты анықталады. Қазақстан — көпұлтты мемлекет. Оның аумағында шамамен 130-дай этнос пен этникалық топтар тұрады, оларды қазақтар, орыстар, украиндер, белорустар, немістер, өзбектер, ұйғырлар, татарлар, кәрістер және т.б. халықтар құрайды (8-кесте).

8-кесте

Халықтың ұлттық құрамы (2024 жыл)

| № | Ұлт           | Үлесі, % | №  | Ұлт         | Үлесі, % |
|---|---------------|----------|----|-------------|----------|
| 1 | Қазақтар      | 70,9     | 6  | Украиндер   | 1,8      |
| 2 | Орыстар       | 14,9     | 7  | Ұйғырлар    | 1,5      |
| 3 | Өзбектер      | 3,2      | 8  | Немістер    | 1,1      |
| 4 | Татарлар      | 1,0      | 9  | Кәрістер    | 0,6      |
| 5 | Әзірбайжандар | 0,7      | 10 | Өзге ұлттар | 4,3      |

Қазақстан халқының көпұлтты құрамының қалыптасуы XVIII ғасырдың ортасынан басталды. Столыпіннің аграрлық саясаты жылдарында орыстар мен украиндер саны артты.

XX ғасырдың 30-жылдарында халықты аштыққа ұшыратқан жұт пен ұжымдастыру саясаты қазақтардың Қытай, Ресей, Орта Азия елдеріне көшуіне себепші болды. 1935—1940 жылдар поляктардың Украина, Белоруссия және Литвадан депортациялану кезеңі ретінде

сипатталады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстанға Волга бойынан немістер, Кавказдан шешендер, ингуштар және басқа да халықтар көшірілді.

Тың игеру жылдарында (1950—1960 жж.) этникалық құрам Ресей, Белоруссия және Украинадан көшіп келушілер есебінен толықты.

Тәуелсіздік алғаннан бері біздің елдегі халықтың сандық қатынасы біршама өзгерді.

##### Жетекші ұғымдар:

- ✓ этнос
- ✓ диаспора
- ✓ ассамблея
- ✓ конфессия
- ✓ дін (ислам, христиан, будда)

1990 жылдардың басында Германияға, Ресейге және басқа да алыс-жақын шетелдерге эмиграциялық ағын басталды.

2024 жылғы халық санағы қорытындысы бойынша қазақтар саны 14 220 321 мыңды құрады (республика халқының 70,9% -ы). 1999 жылы қазақ ұлтының үлесі 53,4% — 2009 жылы 63,4%, ал 2017 жылы ол бүкіл мемлекет халқының 66,97% -ына дейін жеткен болатын (11,5 млн). Қазақтар тілі жағынан алтай тілдері өулетінің түркі тобына, ал діні жөнінен сүннит бағытындағы ислам жолын ұстанушыларға жатады. Қазіргі таңда 4 млн-нан астам қазақ өлемнің 40 елінде тұрып жатыр.

Республикамыздағы ұлтаралық келісімді нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызы зор. Ол Тұңғыш Президент Жарлығымен 1995 жылдың 1 наурызында құрылды. Ассамблея елдегі ұлтаралық келісімді сақтауға жағдай туғызады және Қазақстан диаспораларының тілі мен мәдениетінің дамуына жұмыс жасайды. Бұл — мемлекет тарапынан үнемі қолдау көрсетілуінің нәтижесі. Олардың ана тілдерінде мәдени орталықтар, мектептер жұмыс істейді.

Соңғы жылдары республикамызда жалпы халық саны үлесінде қазақтар, өзбектер, ұйғырлар саны артып келеді. Елімізде тұрып жатқан аз этностық топтар *диаспора* болып саналады. Қазақстандағы саны жағынан үлкен диаспора — орыстар. Оның өкілдері бүкіл халықтың 14,9% -ын құрайды.

Қазақстан аумағының табиғат жағдайының алуантүрлілігі халықтың барынша ала-құла орналасуына алып келді. Аумақтың ұзақ қалыптасу тарихы, шаруашылық игерілуі (индустрияландыру, тың игеру және т.б.) нәтижесінде қазіргі таңда этникалық жағынан біртекті аумақтарды бөліп көрсету мүмкін емес.

**Халықтың діни құрамы.** Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда дінге көбірек көңіл бөліне бастады. Бұрынырақ адамдар ата-баба-

### Глоссарий:

**Депортация** — бір адамның немесе тұтас адамдар категориясының мәжбүрлі түрде өзге мемлекетке немесе өзге елге жер аударылуы.

**Этнос** (халық) — бұл тілінің, аумағының, тіршілігінің ерекшеліктері, мәдениеті және этникалық сана-сезімі ортақтылығымен сипатталатын тұрақты қалыптасқан адамдар тобы.

**Диаспора** — туып-өскен тарихи отанынан тыс елде өмір сүріп жатқан ұлт (халық) бөлігі.

**Конфессия** (лат. *confessio* — ғибадат немесе дін жолы) — белгілі бір діни сенім шегіндегі дінді тұту ерекшелігі, сонымен қатар осы дінді ұстанатын діндарлар бірлестігі.

ларына, табиғатқа, ондағы құбылыстарға табынған. Қайырымды рухтарға сенген. Қазіргі кезде Қазақстан аумағына әлемдік діндер: ислам, христиан, будда және т.б. кең таралып, дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты (9-кесте).



Астанада 2006 жылы Бейбітшілік және келісім сарайы ашылды. Ол Қазақстан жеріндегі достық, ынтымақтастық және бейбітшілік нышаны болып табылады. Сарай пирамида пішінінде салынған. Жоба авторы — британдық архитектор Норман Фостер.

9-кесте

#### Қазақстанда таралған діндер

| Басым діндер                          | Ұстанатындар  | Басқа діндер                      | Ұстанатындар                                  |
|---------------------------------------|---|-----------------------------------|---|
| 1. Ислам                              | Түркі тілділер және кейбір кавказ халықтары, тәжіктер | 3. Христиан дінінің католик ағымы | Поляктар, немістердің бір бөлігі, литвалықтар |
| 2. Христиан дінінің православие ағымы | Орыстар, украиндер, белорустар                        | 4. Буддизм                        | Буряттар, қалмақтар                           |
|                                       |   | 5. Иудаизм                        | Еврейлер                                      |

2021 жылғы мәліметтер бойынша республиканың 69,3%-дан астам халқы мұсылман болып табылады, 17,2%-ы православие дінін ұстанады. Иудаизм мен буддизм қолдаушылары — 0,1%. Басқа діндер — 0,1%. Санақ барысында халықтың 2,3%-ы өздерін атеистке жатқызып, қандай да бір дінге қатыстылығын жоққа шығарды, ал 11,0%-ы дінге деген көзқарастары туралы сұраққа жауап беруден бас тартты.

Ислам діні Қазақстанға VIII ғасырда еніп, мемлекеттің негізгі дініне айналды. Исламды ұстанушылардың ішінде қазақ, өзбек, татар, қырғыз, түрік, ұйғыр, башқұрттар бар. Олардың басым бөлігі — сүннит бағытындағы мұсылмандар. Исламның шиит бағытын өзірбайжандар ұстанады. Дін ұстанушылардың саны бойынша екінші орынды православие жақтаушылары — христиандар алып тұр. Православие орыс, украин, белорус, грузин, грек ұлты өкілдеріне тән. Поляктар мен литвалықтар католицизмді, немістер католицизмді және протестантизмді, моңғол тілді халықтар — бурят, қалмақтар буддизмді, еврейлер иудаизмді ұстанады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық діндердің теңқұқықтылығына толығымен кепілдік береді. Қазақстан кез келген дінге толерантты қатынасымен үлгі болып отыр.

Қазақстанда 3726 ғибадат үйлері (ғимараттары) бар. Олардың ішінде діни құлшылық ету ресми тіркелген 2716 мұсылман

мешітінде, 301 православ шіркеуінде, 110 католиктік костелде, 7 иудалық синагогада жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында негізгі конфессиялардың діни мейрам күндері демалыс болып жарияланған (Құрбан айт, Рождество).

Қазақстанда әлемдік діни конфессиялардың конференциялары жүргізіледі. Біздің елде барлық діни ұйымдар тең құқыққа ие.



Қазақстанға, әсіресе осында тұратын католиктер үшін, 2001 жылдың 23–25 қыркүйегінде II Иоанн Павелдің келуі үлкен оқиға болды. Рим Папасы Қазақстанның Тұңғыш Президентімен, өзге де ресми тұлғалармен, Еуразия Ұлттық университеті студенттерімен, ғылым және мәдениет қайраткерлерімен, республика дінбасылары өкілдерімен кездесті. Ал 2022 жылы 13–15 қыркүйекте елімізге Рим Папасы Франциск келді.



Бүгін мен ... білдім.

Мен үшін ... жаңалық болды.

... қиындықтар туғызды.

Мен ... үйрендім.

Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Қазақстан халқының ұлттық құрамын білу не үшін қажет?

2. Қазақстан халқының этникалық құрамын сипаттап беріңдер.

3. ҚР-дағы этнос өкілдері санының өзгеруінің негізгі себептерін атаңдар.



Қалай ойлайсыңдар, қазақ халқы үлесінің ұзақ уақыт бойы төмендеп, соңғы жылдары күрт өскенінің себебі неде?



Басқа мемлекеттерде Қазақстан халқы Ассамблеясының баламасы бар ма? Осы тақырыпқа шағын хабарлама дайындаңдар.



1. Өздерің тұратын аймақ халқының ұлттық және діни құрамын анықтаңдар.

2. Қосымша географиялық ақпарат көздерін, интернет-ресурстарды қолдана отырып, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар, қорытындыларын кесте, диаграмма түрінде рәсімдеңдер:

а) Қазақстанның әр облысы бойынша жалпы халық санының қанша пайызын қазақтар құрайтынын анықтаңдар;

ә) алыс-жақын шетелдер бойынша қазақ диаспорасы өкілдерінің санын анықтаңдар;

б) Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлтаралық келісімді сақтау, түрлі тілдер мен Қазақстан диаспоралары мәдениетін нығайту қызметі бойынша хабарлама дайындаңдар;

в) параграфтың мәтінін пайдаланып, елімізде қазақ ұлтының үлесі жыл сайын өскенін диаграмма түрінде көрсетіңдер.

## § 39. Дүниежүзі халықтарының көші-қоны.

### Қазақстандағы халықтар көші-қоны

#### Бүгінгі сабақта:

- дүниежүзі халқы көші-қонының басты бағытын, себеп-салдарын білетін боласыңдар;
- Қазақстандағы көші-қон үдерістерін талдап, басты бағыттарын анықтауды үйренесіңдер;
- көші-қон саясатының өзіндік үлгісін білесіңдер;
- көші-қон саясаты жайлы ақпарат аласыңдар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ миграция
- ✓ мигранттар
- ✓ эмиграция
- ✓ иммигранттар репатриациясы
- ✓ миграция сальдосы
- ✓ еңбек миграциясы
- ✓ қандас

**Дүниежүзі халықтарының көші-қоны.**  
 Бүкіл дүниежүзінде және жекелей елдерде халық санына халықтар көші-қонының үлкен әсері бар. «Миграция» сөзінің өзі латын тілінен аударғанда «орын ауыстыру, көшу» дегенді білдіреді. Алайда кез келген көшу миграция емес, тек белгілі бір өкімшілік немесе мемлекеттік шегараларды кесіп өткен жағдайда ғана осы терминмен атай аламыз. Жоғарыда сипатталған талаптармен көшіп-қонып жатқан адамдарды *мигранттар* деп атайды. Көші-қон сыртқы (континентаралық, мемлекетаралық) және ішкі (мемлекет ішінде — аймақтар, қалалар, ауылдық елді мекендер арасында) деп бөлінеді. Мемлекет шегарасынан асып кеткен адамдар — *эмигранттар*, осы елге көшіп келгендер *иммигранттар* болып табылады (4-сызбанұсқа). Иммигранттар саны мен эмигранттар арасындағы сандық көрсеткіштің айырмасы *миграциялық сальдо* деп аталып, ол елдегі халық санына тікелей әсер етеді.


Халықтардың көші-қоны әрдайым мәжбүрлі түрде жүреді. Әрбір тарихи дәуір миграциялық үдерістердің өзіне тән ерекшеліктерімен сипатталады.

4-сызбанұсқа





Миграция себептері әртүрлі болуы мүмкін (5-сызбанұсқа).



Ішкі көші-қонның себептеріне жұмыс іздеу, тұрғылықты жағдайларды жақсарту, өмір салтын өзгерту және т.б. жатады.

Халықаралық көші-қонның негізгі экономикалық себебі — еңбекақы деңгейіндегі айырмашылық, дүниенің әр түкпірінде бірдей жұмысқа төлемақының әртүрлі болуы. Қандай да бір аймақтағы белгілі бір сала бойынша мамандардың жетіспеуі — осы мамандық үшін төленетін жалақының жоғарылауына, сәйкесінше мигранттардың ағылуына мүмкіндік береді.

Экономикалық мигранттар құлдыраудан қарқынды дамып жатқан аудандарға қарай ағылады. Жұмыс күшінің сыртқы миграциясы үшін жоғары білікті мамандар санының салыстырмалы түрде артуы тән. Көші-қонның бұл формасы 1930 жылдары нацистік Германиядан кеткен ғалымдар ішінен таңдау мүмкіндігі туған кезден басталды. Қазіргі кезеңде жоғары білікті мамандар миграциясы Шығыс Еуропа елдерінен АҚШ-қа, Канадаға, Батыс Еуропаның кей елдеріне бағытталған. Экономикалық босқындар арасында өз елінде жұмысы бағаланбайтын ой еңбегіндегі адамдардың үлесі жоғары. Олардың жаппай көшіп-қонуы «ақылдың ағылуы» атауына ие болды.

Соңғы жылдары саяси босқындардың мәселесі жаһандық сипат алып отыр. Көші-қонның саяси түрткілеріне өзгеше ойлайтындарды қудалау немесе саяси босқындар ағынын тудыратын соғыс жатады.

**Көші-қонның діни себептері** де жаппай сипат алады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұрынғы Британдық Үндістанды бөлісу кезінде миллиондаған мұсылмандар исламдық Пәкістанға, индуизмді қолдайтындар Үндістанға көшті.

**Экологиялық босқындар** аумақ тіршілігіне қауіпті табиғи және техногендік апат нәтижесінде ластанған жерлерден көшті.

БҰҰ экономикалық және әлеуметтік мәселелері департаментінің 2020 жылы 1 шілдеде жариялаған баяндамасы бойынша, дүниежүзі мигранттары 281 млн адамды немесе әлем халқының 3,5% -ын құрады. Әлемдегі ең ірі миграциялық көшіп-қонушылар дәлізі Мексика — АҚШ. Егер бұл көрсеткіш осы қарқынмен жалғаса берсе, онда 2050 жылы мигранттар саны 405 млн-ға жетеді деген болжам бар.

Халықаралық миграцияның қазіргі үрдістері:

- **заңсыз миграцияның өсуі** (еңбек ету сипаты айқын байқалады);
- **мәжбүрлі миграцияның өсуі** (әлемде қарулы қақтығыстардың өсуінен, ұлтаралық қатынастардан босқындар дамыған елдерге ағылады; ең көбі Африкадан, Таяу және Орта Шығысқа; қаражатты көбірек қажет ететін әйелдер мен балалар қабылдаушы елге қосымша экономикалық жүктеме түсіреді);

#### Глоссарий:

**Репатриация** — азаматтардың туған жеріне (әскери тұтқындар, босқындар, эмигранттар, қандастар) қайта оралуы.

**Халықтар миграциясы** — тұрғылықты өмір сүру орнын өзгертуге байланысты адамдардың көшіп-қонуы.

**Миграция сальдосы** — иммигранттар мен эмигранттар саны арасындағы айырма.

**Қандас** — Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты өмір сүру мақсатында көшіп келген және сәйкесінше «Халықтар көші-қоны туралы» Заңымен белгіленген мәртебеге ие этникалық қазақ (олардың балаларының да ұлты — қазақ).

**Иммиграция** — елге басқа мемлекет азаматтарының көшіп келуі.

**Эмиграция** — тұрғылықты мекенінен басқа бір мемлекетке тұрақты немесе уақытша өмір сүруге көшіп кетуі.

- **халықаралық миграцияның демографиялық маңыздылығының артуы** (Ресейде халықаралық миграция елдің демографиялық дамуында жетекші рөл атқарады; дамыған елдерде де осы үрдіс басым);

- **әлемдік миграциялық ағындардың жаһандық сипат алуы** (барлық елдер кіреді; иммиграциясы басым елдер мен эмиграциясы басым елдер анықталды);

- **миграция ағындарындағы сапалық өзгерістері** (білім деңгейі жоғары азаматтардың үлесінің артуы, көп елдерде адамдар ұзағырақ қалуы үшін арнайы бағдарламалар енгізген — АҚШ, Франция, Канада, Швеция).

**Қазақстандағы халықтар миграциясы.** Қазақстанның халық саны табиғи өсіммен қатар, көшіп келушілердің есебінен де артауда. Қоныс аударушылардың есебінен халық санының өзгеруі *механикалық қозғалыс* деп аталады.

Сыртқы миграция елдің ұлттық құрамына әсер етеді. Мысалы, халықтың славяндық және өзге этностарының басым бөлігі Қазақстанға тың игеру, жаппай индустриалды құрылыс, саяси репрессия жылдарында келген. Халықтың сырттан ағылуы, халық санының өсуі шаруашылық салаларындағы, соның ішінде өндірістік кәсіпорындардың, еңбек ресурстарының жетіспеушілігін толытырды. Бұл өз кезегінде елдегі өзге ұлт өкілдері санының артып, қазақ халқы үлесінің азаюына алып келді. Ал тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда Қазақстанда халықтың

бір бөлігінің республика шегінен тыс кетуі байқалды (немістер Германияға, гректер Грекияға, орыстар Ресейге және т.с.с.).

Эмиграцияның ең жоғары көрсеткіші 1994 жылы тіркелді (410,4 мың адам). Елден кеткендердің санының келгендердің санынан көп болуы теріс миграциялық сальдоны көрсетеді. Бұл өз кезегінде *депопуляция* үдерісіне алып келеді. Осыдан кейін эмиграциялық белсенділік төмендеп, оң сальдоға жетті.

Осыншама жоғары миграциялық белсенділік елде еңбек ресурстарының жетіспеушілігін тудырды. Сондықтан да 90-жылдарда репатриацияны (этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы) реттейтін және республикадан өзге ұлттардың кетуін қысқартатын саяси-заңды құжаттар дайындалды. Олардың қатарына Қазақстан Республикасының «Иммиграция туралы», «Миграция туралы», «Босқындар туралы» Заңдарын, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Шетелде тұрып жатқан отандастарды мемлекеттік қолдау туралы» Жарлығын жатқызуға болады. 2017 жылдың 29 қыркүйегінен ҚР Үкіметінің ұйғарымымен Қазақстан Республикасының 2017—2021 жылдарға көші-қон саясаты тұжырымдамасын іске асыру шараларының жоспары бекітілді. Қазақстан Республикасының көші-қон саясатының 2023—2027 жылдарға арналған «Ашық Қазақстан 500<sup>+</sup>» тұжырымдамасы елімізге білікті мамандардың келуін ынталандыруға, шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқығын қорғауға және өңірлер арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті жоюға, жалпы көші-қон саясатын тиімді «жаңғыртуға» бағытталған. ҚР Үкіметінің көші-қонды реттеу саясаты нәтижесінде келіп-кетушілердің саны біршама теңесті.

Қазақстанда репатриация үдерісі, яғни өртүрлі тарихи кезеңдерде қандай да бір себептермен басқа мемлекеттерге көшіп кеткен этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы жүріп жатыр. Ол 1991 жылы басталды. Тарихи отанына оралушылардың негізгі тоқыны ХХ ғасырдың 90-жылдарына сәйкес келеді.

1991—2009 жылдары республика 1 млн-нан астам этникалық мигранттарды қабылдады. Олардың жартысынан көбі еңбекке қабілетті жаста. Сонымен қатар елде «Нұрлы көш» бағдарламасы іске асты. Оның басты міндеті — этникалық қазақтарды тиімді ор-

#### Глоссарий:

**Гастарбайтер** — қандай да бір елге ақша табу үшін келетін шетелдік азамат.

**Депопуляция** — белгілі бір аумақта (елде) халық санының азаюы.

**Мигрант** — көшіп-қонып жүрген адамдар.

наластыру. Жыл сайын көшіп келушілерге республика бюджетінен әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Соңғы жылдарда отандастардың қайтып оралуына квоталар немесе шектеулер қою миграциялық үдерістерде қиындықтар тудырды. ТМД елдерінен иммигранттар саны бойынша алдыңғы орынды Өзбекстан, Ресей және Қырғыз Республикасы, ал алыс шетелдерден Қытай, Моңғолия алады.

Алғашқы жылдары отандастарымыздың көпшілігі Қазақстанның оңтүстік аймақтарына тұрақтаса (Алматы қаласы, Алматы, Түркістан және Жамбыл облыстары), соңғы жылдары солтүстік аймақтар (Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстары) мен Маңғыстау облысына ат басын тірегені байқалады.

Қазіргі таңда республикадағы миграциялық жағдай еңбек етуге келгендер санының артуымен сипатталады. Қазақстанның экономикасының өсуіне байланысты республикада жұмыс істеуге қызығатын мигранттар (гастарбайтерлер) саны өсуде. Оларға Өзбекстан, Қырғыз Республикасынан келетін мигранттар жатады.

Эмиграциялық қозғалыстағы белсенділік еуропалық халықтарда болса, иммиграциялық көші-қонда қазақтар мен бірқатар шығыс этностары басымдық танытады.

2023 жылғы қаңтар-маусымда елге келгендер саны 13 652 адам, елден кеткендер саны 6 996 адамды құрады. Миграция сальдосы оң 6 656 адамды құрады.

2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны 46,9% -ға өсті, Қазақстаннан кеткендер саны 33,7% -ға азайды.

Елдің негізгі миграциялық алмасуы ТМД елдері арасында жүреді:

- ТМД елдерінен келгендер үлесі 89,1% -ды;
- ТМД елдеріне көшіп кеткендер 75,4% -ды құрады.

Сыртқы миграциялық ағындар бойынша қарасақ, ең күшті эмигранттық бағдарлану солтүстік және шегаралық облыстарға тән. Қазақстанның бес аймағында халықтың азаюы байқалады. Көбіне халық саны Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Қарағанды облыстарында төмендеген.

Қазіргі таңда Қазақстан халқының ішкі миграциясының белсенділігі байқалады. Оның негізін қазақтар (облысаралық, облысшілік көші-қон) құрайды. Халық саны көп шоғырланған оңтүстік аймақтан мемлекеттік бағдарламалар аясында еңбек ресурстары ретінде солтүстік және шығыс өңірлерге қоныс аудару үдерісі қарқынды жүріп жатыр.

Ішкі көші-қон ауыл халқының қала маңына, ірі қалаларға немесе басқа облыстарға көшуі есебінен белсенді жүргізіледі. Еліміз

халқының ішкі қозғалысының негізгі себептері — бұрынғы тұрған жеріндегі қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдай, қалалардан қашықтығы, жұмыс орындары мен сәйкес инфрақұрылымның болмауы. Қазіргі уақытта «Серпін-2050» бағдарламасы жүзеге асуда. Осы бағдарлама аясында еңбекке қабілетті жастар еліміздің оңтүстік өңірлерінен солтүстік және шығыс аймақтарда жоғары оқу орындарында білім алып, одан әрі сол аймақта мамандардың жетіспеушілігін жою үшін жұмысқа орналасып жатыр.

Елімізде ішкі көші-қонға жыл сайын 1 млн-нан астам халық қатысады, оның 88%-ы облысаралық, 12%-ы аймақаралық. Аймақаралық миграцияның оң сальдосы мына аймақтарда байқалды: Астана, Алматы, Шымкент қалалары, сонымен қатар Ақмола, Алматы және Атырау облыстарында.

Осылайша, ХХІ ғасырдың басында Қазақстанның миграциялық үдерістерінде ішкі миграция басымдық танытады. ХХ ғасырда халық құрамын қалыптастырған сыртқы миграция қайталанбауы мүмкін.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Миграция дегеніміз не? Түрлерін атаңдар.
2. Миграция себептерін атап, оларды сипаттап беріңдер.
3. Әлемдегі ірі миграциялық дәліздерді атаңдар.
4. Халықаралық миграцияның қазіргі үрдістерін түсіндіріңдер.
5. Қазақстан аумағындағы халықтың экологиялық миграциясына мысал келтіріңдер.



1. Халықтар миграциясы қай елдердің ұлттық құрамының қалыптасуына ықпал етті?
2. Әлемдегі негізгі эмиграция және иммиграция орталықтарын атаңдар. Осы аймақтарда миграциялық үдерістердің жүргізілуі үшін қандай алғышарттар бар?
3. Қазақстандағы сыртқы миграцияға сипаттама беріңдер.
4. Өздеріңнің тұрғылықты жерлерінде миграцияның қандай түрлері байқалады?
5. Халық санының өзгерісі мен миграция арасында қандай байланыстар байқалады?



1. Қазақстанның ішкі көші-қон болашағын сипаттаңдар.
2. Халықтар миграциясының қандай салдарлары болады?

**Тапсырмалар**

1. Дүниежүзінің бірқатар елдері (АҚШ, Канада, Аустралия, Жаңа Зеландия, ОАР және Израиль) халықтарының ұлттық құрамына мигранттардың үлкен әсері тиді. Аталған мемлекеттер ұлттық құрамының қалыптасуы кезінде қай елдің мигранттары әсер еткенін анықтаңдар. Мәліметтеріңді сызба түрінде бейнелеңдер.
2. Миграция типін сипаттау белгілеріне тоқталамыз:

**Миграция типтері**

| Миграция типі           | Миграция типі мен олардың таралуы  |
|-------------------------|--|
| Ішкі немесе ауданаралық | Әртүрлі дәрежедегі әкімшілік бірліктерді қамтиды: департаменттер, облыстар, штаттар және т.б.  |
| Тұрақты (қайтымсыз)     | Қабылдаушы елге толығымен ауысу, яғни басқа жерге көшу   |
| Маусымдық               | Маусымдық ауытқу байқалатын шаруашылық салаларын жұмыспен қамту үшін мигранттардың шығуы (АҚШ-тың Калифорния штатындағы цитрустарды мексикандықтардың жинауы, Швейцариядағы қонақүй қызметі) |
| Вахталық                | Пайдалы қазбаларды өндіретін, жетуге жолы қиын ауданға тән   |
| Қатынамалы              | Үлкен қала аймағына тән: ауылдық мекендерде немесе кішігірім қалалар тұрғындарының басым бөлігінің үлкен қалаға күнделікті жұмысқа келіп, кешке үйіне қайтуы                                 |
| Отбасылық-тұрмыстық     | Ерлі-зайыптылардың бірінің қызмет бабына байланысты көшуі, отбасылы болуға байланысты  |
| Ауылдық мекеннен қалаға | Өтпелі экономикалы немесе дамушы елдерге тән   |
| Қаладан ауылдық мекенге | Дамыған елдерге тән  |

Кестені сараптай отырып, миграцияның жеке типтерін нақтылап біле аласыңдар.

3. Қазақстан Республикасы халқының 2016—2017 жылдардағы миграциясының мәліметтері негізінде миграциялық өсімді анықтаңдар.  
**Миграциялық сальдо** — белгілі бір мерзім ішінде елге келушілер (иммиграция) саны мен шегарадан асушылар (эмиграция) саны арасындағы айырмашылық:

$$MC = I - Э.$$

Ол оң және теріс бола алады. Миграциялық өсімнің коэффициенті біржылдық миграциялық өсімнің орташа жылдық халық санына бөлініп, бір мыңға көбейту арқылы есептеледі:

$$K = \frac{MC}{X_c} \cdot 1000.$$

4. Әлемде босқындар саны әрдайым көп болған. Жеке бір кезеңдерде олардың саны кенеттен артады.

Халықаралық босқындар ең көп тіркелген — Азия, Африка мен Еуропа. Соңғы жылдары Еуропада Солтүстік Африкадан, Таяу және Орта Шығыстан ағылған босқындар көбеюде. Алайда Еуропа елдері мұның салдарынан қорқып, босқындарды қабылдаудан бас тартуда.

Босқындардың Еуропаның жеке аймақтарына барып қоныстанатын осындай мәжбүрлі қадамға баруына не себеп болғанын түсіндіріңдер. Аталмыш жағдайдың негізгі себебі неде деп ойлайсыңдар? Еуропалық елдерде мұның қандай салдары болатынын түсіндіруге тырысыңдар. Босқындар мәселесін оң шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңдер?

#### § 40. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы. Қазақстандағы демографиялық жағдай және демографиялық саясат

Кез келген елдің шаруашылық салаларының дамуы оның адам әлеуетіне тәуелді.

Алайда экономика үшін халықтың жалпы саны ғана емес, еңбек етуге қабілетті жастағы халық саны да қажет.

Біздің республикамызда еңбекке қабілетті адамдар қатарына 2018 жылға дейін 16-дан 63 жасқа дейінгі ер адамдар және 16-дан 58 жасқа дейінгі әйел адамдар жатқызылып келді.

2018 жылдан бастап әйел адамдар үшін зейнеткерлік жас әр жыл сайын 2027 жылға дейін жарты жылдан қосылып, 63 жасқа жеткізіледі деп шешілген болатын. Алайда 2023 жылдан бастап әйелдер үшін зейнеткерлік жасты кезең-кезеңімен арттыру тоқтатылды. Әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас болып бекітілді.

*Еңбек ресурстарына* елдегі еңбекке жарамды жастағы адамдардың барлығы (мүгедектер мен еңбекке қабілетсіз адамдардан басқалары) және еңбекке жарамды жастан асқан немесе оған жетпеген болса да, жұмыс істеп жүргендердің жиынтығы енеді (6-сызбанұсқа).

*Экономикалық белсенді халық (ЭБХ)* қатарына өндірістік және өндірістік емес салада жұмыс істейтіндер және жұмыс істегісі

#### Бүгінгі сабақта:

- қазақстандық көрсеткіштерді басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамын талдауды біле аласыңдар;
- Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ еңбек ресурстары
- ✓ экономикалық белсенді халық
- ✓ жұмыссыздық
- ✓ жасырын жұмыссыздық
- ✓ бизнес
- ✓ демографиялық саясат

Қазақстанның еңбек ресурстары әлеуеті



**Глоссарий:**

**Еңбек** — материалдық және рухани құндылықтар қалыптасатын адамның іс-әрекеті. Еңбек сипаты өндірістік қатынастармен анықталады.

**Еңбек ресурстары** — физикалық және ой қабілеттерінің жиынтығына, шаруашылық саларында жұмыс істеуге қажетті білім мен тәжірибеге ие халықтың бір бөлігі.

**Өз бетінше жұмыспен қамтылу** — сыйақы мөлшері тікелей тауар мен қызмет өндірісінен алынатын түсімге байланысты болатын әрекет.

келетін (яғни, жұмыспен қамту мекемелерінде арнайы тіркеуден өткен) жұмыссыздар жатады.

Қоғамдық өндірістің қалыптасуына және даму деңгейіне еңбек ресурстарының саны, олардың білім деңгейі, жастық жыныстық құрамы да ықпал етеді. Өнеркәсіпте, соның ішінде металлургия, құрылыс салаларында ер адамдардың еңбегі басым болса, жеңіл және тамақ өнеркәсібінде, қызмет көрсету салаларында, яғни физикалық еңбекті азырақ қажет ететін салаларда, әйелдердің еңбек үлесі басым.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 2023 жылы қазан айының соңына дейін 285,8 мың жұмыссыз тіркелген, бұл жұмыс күшінің 3%-ын құрайды. Жұмыссыздар қатарына жұмыс істегісі келетін, бірақ әлі өз мамандығына сәйкес жұмыс таппаған, жұмыс іздеп жүрген адамдарды жат қызамыз.



Жұмыспен қамту мекемелерінде ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың саны аз, ал, шын мәнінде, одан көп. Мұндай құбылыс «жасырын жұмыссыздық» атауына ие.

Елдегі күрделі мәселе — ауыл тұрғындарының, әсіресе әйелдер мен жастар арасындағы жұмыссыздық. Жұмыссыздық еңбек күшіне деген сұраныс пен ұсыныс ара-қатынасына тәуелді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі табысы төмен азаматтарға, көпбалалы отбасыларға, мүгедектерге жәрдемақы төлеп, атаулы әлеуметтік көмек түрлерін көрсетеді.

Қазақстан халқы 2023 жылдың соңында 20 млн адамды құрады.

2023 жылы 14 қарашада еліміздің әртүрлі аймақтарында бір уақытта дүниеге келген бес бала 20 миллионыншы азамат ретінде анықталды. Олар Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келген. Елімізде халық санының ең жоғары өсу қарқыны Астанада (1444,7 мың адам), Алматыда (2241,0 мың адам) және Маңғыстау облысында (789,9 мың адам) тіркелді. Қазақстан халқының саны 2024 жылдың 1 наурызында 20 075 271 адамға жетті.

Демографиялық үдерістер қарама-қайшылыққа толы және көптеген әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұлттық, табиғи және т.б. факторлардың ықпалына тәуелді болады.

Қазақстанның демографиялық саясаты қазіргі жағдайда көпбалалы болуға ынталандыруға, отбасы беріктігін сақтауға, адамдардың материалдық жағдайын көтеруге, ауру мен өлімді төмендетуге бағытталуы керек. Алайда халықтың өсіп-өну үдерістеріне ықпал ету шаралары жылдам нәтижелер бермейді.

2011 жылы елімізде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік демографиялық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Аталған тұжырымдама елдің демографиялық дамуына қатысты негізгі басымдықтары мен міндеттерін қамтиды.

Демографиялық саясатты іске асыруға тиісті органдар халықтың денсаулығын жақсартуға; өлімнің азайып, өмір жасының ұзаруына; туудың тұрақтануына, отбасы өмір сүру жағдайының жақсаруына; неке қатынастарын бекітуге; миграциялық үрдістерді реттеуге;

#### Глоссарий:

**Бизнес** (ағылш. *business*) — кәсіпкерлік әрекет; пайданың көзі болып табылатын жұмыс, әрекет.

**Жұмыссыздық** — экономикалық белсенді халықтың уақытша бос (жұмыссыз) жүруі.

**Демографиялық саясат** — әкімшілік-экономикалық және басқа да іс-шаралар арқылы халықтың табиғи өсіп-өнуіне мемлекетке қажетті бағытта ықпал ету.

халық денсаулығына жауапкершіліктің жоғарылауына баса көңіл бөледі.

Елдің демографиялық саясаты, негізінен, қаржылық-экономикалық саясат есебінен іске асады.



|                |                   |                                |
|----------------|-------------------|--------------------------------|
| Бәрі түсінікті | Ештеңе түсінбедім | Қызықты, тағы да білгім келеді |
|----------------|-------------------|--------------------------------|



1. «Еңбек ресурсы» ұғымына түсінік беріңдер.
2. «Экономикалық белсенді халық» терминін қалай түсінесіңдер?



1. Халық пен шаруашылық салаларының орналасуында қандай байланыс бар?
2. «Еңбек ресурстары» және «экономикалық белсенді халық» түсініктерінің қандай айырмашылықтары бар екенін түсіндіріңдер.



1. Халық еңбегінің нәтижелерін сипаттаңдар.
2. Республикадағы ең көп әлеуметтік топты атаңдар. Неліктен?
3. Қосымша географиялық ақпараттар мен атлас карталарын пайдаланып, ҚР аймақтарындағы жұмыссыздық деңгейін анықтаңдар.
4. «Қазақстандағы демографиялық жағдай, демографиялық саясат» мәселесін талқылаңдар, нәтижелерін реферат түрінде рәсімдеңдер.
5. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту үшін нарықтық экономиканың дамуы жағдайында қандай мамандықтардың қажеттілігі жоғары екенін ойланып көріңдер. «Өзіне жұмыс істейтіндер» несімен ерекшеленеді?
6. Жұмыссыздықты қысқартып, жастарды еңбекке жұмылдыру шараларын жақсартуға қатысты өз ойларыңмен бөлісіңдер.



Шағын әлеуметтік зерттеу жүргізіңдер.

1. Қазақстан халқы табиғи өсімі бойынша ТМД-ның славян елдерінен асып түседі, бірақ Әзірбайжан мен Орталық Азия елдерінен қалыс қалуда. Географиялық ақпарат және интернет-ресурстары, қосымша ақпарат көздерінің негізінде «ТМД елдеріндегі табиғи өсім деңгейі» кестесін құрап, сараптаңдар.
2. Демографиялық саясат кез келген тәуелсіз мемлекеттің ішкі саясатының негізін құрайды. Кейбірі үшін халықтың аса тығыздығы (Қытай, Үндістан, Египет және т.б.), енді біреулері үшін халықтың сирек орналасуы (Аустралия, Канада, Бразилия және т.б.), үшіншілері үшін туудың төмендігіне байланысты халықтың кемуі (Франция, Германия, Ұлыбритания) айқын қауіп болып табылады. Ресей мен Украинада соңғы жылдары халық саны азайып, ал Әзірбайжан, Орталық Азия елдерінде, әсіресе Өзбекстанда артуда. Дүниежүзі елдерінде қалыптасқан жағдайды, сондай-ақ біздің елдің кең аумағы мен халқының аз (20 млн адамнан аса, 2024 жылдың 1 наурызында 20 075 271 адам) болуы жағдайын салыстыра отырып, Қазақстанның қандай демографиялық саясатты ұстанғаны жөн екенін ойланып көріңдер.

**Дескриптор**

Өз отбасыларыңда, көршілерің мен таныстарыңның отбасында неше бала бар екенін зерттеңдер. Салыстырмалы түрде зерттеу үшін он отбасын алуға болады:

1. Жасалған жұмыс нәтижелерін, бағаналы диаграмма түрінде бейнелеңдер.
2. Сендер тұратын ауданның халық саны осындай бала санымен болашақта азая ма, әлде көбейе ме, қорытынды жасаңдар.

**§ 41. Елді мекендердің жіктелуі.**

**Елді мекендердің қызметтік аймағы. Қазақстан ойконимдері. Елді мекендер мәселелері**

Елді мекен — адамдардың отырықшы өмірін, еңбек әрекетін, олардың әлеуметтік қажеттілігін қамтамасыз ететін орын. Елді мекендердің қалалық және ауылдық түрлері бар (7-сызбанұсқа).

7-сызбанұсқа



Табиғи-тарихи және экономикалық жағдайларға байланысты халықтың ауылдық жерде орналасуы *ауылдық қоныстану* деп аталады. Ауылдық мекендерге халқы басым түрде ауылшаруашылығында жұмыс істейтін елді мекендер жатады.

Ауылдық елді мекен — қаладан шалғай орналасқан халық қоныстанған аумақ. Ауылдық қоныстардың қалыптасуы мен аумағының өлшеміне табиғи жағдайлардың ықпалы болады.

Агроклиматтық жағдайлар қолайлы болған сайын халық саны да көбірек болады.

Қазақстанның әр аймағындағы ауылдық елді мекендер бір-бірінен табиғи, тарихи, экономикалық жағдайларына байланысты ерекшеленеді. Өсімдікшаруашылығымен айналысатын орманды-дала және далалы солтүстік аудандарға, оңтүстік-шығыстың таулы аудандарына елді мекендердің ірі болуы тән. Солтүстікте, әдетте, ауылдық

**Бүгінгі сабақта:**

- Қазақстандағы елді мекендердің жіктелуімен;
- елді мекендер түрлерімен танысасыңдар;
- еліміздегі ойконимдердің мағынасын және транслитерациясын үш тілде білетін боласыңдар;
- түрлі елді мекендердің мәселелерін анықтап, оны шешу жолдарын ұсына аласыңдар.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ ауылдық елді мекендер
- ✓ ауылдық елді мекендердің қызметі
- ✓ ойконим
- ✓ ауылдар
- ✓ ауылдық қоныстану

елді мекендер өзен мен көлдер жағалауында, суайрықтарда, ал суармалы егіншілікпен айналысатын оңтүстік пен оңтүстік-шығыста каналдар мен арықтар, тау өзендері аңғарларында, өзен сағасында тығыз орналасады.


Төлімі егіншілік пен сүтті-етті малшаруашылықты солтүстікте және суармалы егіншілікті оңтүстік аймақтарда ауылдық елді мекендер біршама аумақты алады. Оңтүстікте ауылдар жиі орналасқан және бір-бірімен жалғасып кетеді.

Орталық және Батыс Қазақстанның шөлейтті аудандарында ұсақ ауылдар бір-бірінен қашық әрі кішігірім өзендер мен тұщы көлдер жағасында орналасқан.

Еліміздің оңтүстік-шығысындағы таулы аудандарда жылдың белгілі бір маусымында ғана мекендейтін аңшылар мен омарташылардың уақытша тұрақтары бар. Ірі көлдер мен өзендер жағаларында және өзенге құяр тұсында балықшылар ауылы мен шағын балық өңдеу зауыттары кезектесе орналасқан.

Ауылдық елді мекендер халқының көп бөлігі ауылшаруашылығында еңбек етеді (8-сызбанұсқа). Кейде ауыл тұрғындары шаруашылықтың басқа салаларына да жұмылдырылады.

8-сызбанұсқа



90-жылдардың соңында ауыл халқы 431 мың адамға (6%) азайды. Бұл өз кезегінде бірқатар облыстардың халық санының азаюына алып келді.

Бүгінде ауыл халқының саны 2024 жылдың 1 наурызындағы дерек бойынша 7 580,4 млн адамға жетті. Әсіресе ауыл халқының үлесі Алматы (83,8%) және Түркістан (75,3%) облыстарында жоғары болып табылады.

Ауыл халқының көп бөлігі Түркістан (республиканың бүкіл халқының 22,4% -ы), Алматы (16,9%), Қызылорда (5,8%) және Жамбыл (9,1%) облыстарында орналасқан. 10-кестені пайдалана отырып, ауылдық және қалалық халық саны қатынасын сипаттаңдар.

## 2010—2024 жылдардағы қала және ауыл халқының саны, мың адам

| Жылдар | Барлығы  | Соның ішінде |            |         |            |
|--------|----------|--------------|------------|---------|------------|
|        |          | қалалық      | % есебімен | ауылдық | % есебімен |
| 2010   | 16 442,0 | 8961,4       | 54,3       | 7480,6  | 45,7       |
| 2011   | 16 675,0 | 9114,6       | 54,7       | 7560,8  | 45,3       |
| 2012   | 16 896,0 | 9254,7       | 54,8       | 7642,2  | 45,2       |
| 2013   | 16 911,9 | 9264,9       | 54,8       | 7646,9  | 45,2       |
| 2014   | 17 160,1 | 9433,5       | 55         | 7 727,2 | 45         |
| 2015   | 17 417,7 | 9868,6       | 56,7       | 7 549,0 | 43,3       |
| 2016   | 17 670,9 | 10 066,7     | 57         | 7 604,2 | 43         |
| 2017   | 18 334,3 | 10 597,2     | 57,8       | 7737,1  | 42,2       |
| 2018   | 18 157,3 | 10 452,0     | 57,5       | 7705,2  | 42,5       |
| 2019   | 18 395,6 | 10 638,6     | 57,8       | 7756,6  | 42,2       |
| 2020   | 18 809,2 | 11 087,5     | 58,9       | 7721,7  | 41,1       |
| 2021   | 19 186,0 | 11 141,3     | 61,2       | 7444,7  | 38,8       |
| 2022   | 19 691,9 | 12 151,7     | 61,7       | 7540,2  | 38,3       |
| 2023   | 19 992,2 | 12 410,6     | 62,1       | 7581,6  | 37,9       |
| 2024   | 20075,2  | 12494,8      | 62,2       | 7580,4  | 37,8       |

Ауыл халқы санының азаюы жұмыссыздықтың көбеюімен байланысты туындап отыр.

Қазіргі таңда жаһандық дағдарыс еліміздегі ауылшаруашылығы мәселелерін де шиеленістіруде. Бұл ауылшаруашылығы өндірісін дамытудың негізгі міндеттерін шешуді талап етеді: оны білікті мамандармен қамтамасыз ету, оларды пайдалану және баға саясаты.

Ауылды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес ауылдық елді мекендер келесідей ұстанымдар бойынша жіктелді: экономикалық әлеует, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік даму, экологиялық қауіпсіздік.

Ауылды қолдау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып қалуда. Осыған байланысты «Дипломмен ауылға», «Ауыл — Ел бесігі», «Жұмыспен қамту — 2020» бағдарламаларын ендіру ауылдық елді мекендерді дамытуда біршама рөл атқарады.

**Қазақстандағы ойконимдер.** Әдетте, біз географиялық атауларды шығу тегіне, тіпті жергілікті халық біле бермейтін түп төркініне зер салмай-ақ қолдана береміз.

**Глоссарий:**

**Халықтың қоныстануы** — бұл елді мекендер бойынша халықты орналастыру үдерісі (мекендер желісін қалыптастыру).

**Ауылдық елді мекен** — қалалық қоныстан тыс орналасқан халықтың басым бөлігі ауылшаруашылығында жұмыс істейтін елді мекендер.

**Ауылдық қоныстану** — халықтың ауылдық жерлерде қоныстануы.

Географиялық атаулар — адамзаттың рухани мәдениетінің баға жетпес ескерткіштері. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ғасырлар, мыңжылдықтар бойы халықтың өткенін жадында сақтайды. Әрбір көшенің, әрбір ауылдың, әр қаланың өз тарихы бар. Географиялық атауларды зерттейтін ғылым «топонимика» деп аталады. Ол географияны, тіл ғылымын және тарихты біріктіреді. Ол тек ғалымдарды ғана емес, өлкетанушыларды және кез келген әуесқой адамдарды да қызықтырады.

**Ойконим** — топонимнің түрі, кез келген елді мекеннің жалқы есімі. Елді мекендер атаулары жаратылыстану-географиялық сипатта (геогендік ойконимдер) және мәдени-тарихи сипатта (антропогендік ойконимдер) болады.

Жаратылыстану-географиялық сипаттағы ойконимдерге елді мекеннің физикалық ерекшеліктерін көрсететін су көздері атаулары, ландшафт ерекшеліктері, табиғи жағдайлар, жануарлар, өсімдіктер атауларынан туындаған елді мекендер жатады.

Мәдени-тарихи сипаттағы ойконимдерге белгілі бір елді мекенде тұрған жекетұлғаның есіміне, лақап атына, әлеуметтік, мәдени-діни шаруашылық жағдайларына байланысты атаулар жатады. Мысалы ойконим — антропонимдер (Сәтбаев, Сергеевка), мәдени-діни (Түркістан, Ақмола). Ойконимдер ішінде ерекше орын алатыны советонимдер — кеңестік дәуірде туындаған елді мекендер атауы.

**Ойконимдер**

Алматы (Алматы) (Almaty) — алмалы.

Ақтөбе (Актобе) (Aktobe) — ақ төбе.

Ақтау (Актау) (Aktau) — ақ тау.

Атырау (Атырау) (Atyrau) — атырау.

Көкшетау (Кокшетау) (Kokshetau) — көкшіл тау.

Қостанай (Костанай) (Kostanay) — Қостан деген қазақ батырының атына «-ай» жұрнағы жалғанған.

Қарағанды (Караганды) (Karagandy) — қараған өсетін жер.

Өскемен (Усть-Каменогорск) (Oskemen) — тасты таудағы өзеннің сағасы.

Қызылорда (Қызылорда) (Kyzylorda) — қызыл астана.

Тараз (Тараз) (Taraz) — Тара өзенінің ежелгі атауы (тара — суаруға алынған; ас, өзен, су).

Шымкент (Шымкент) (Shymkent) — шымды елді мекен.

Түркістан (Туркистан) (Turkestan) — түркілер елі, түркілер ордасы.

Арқалық (Аркалык) (Arkalyk) — жота.

Екібастұз (Екибастуз) (Ekibastuz) — тұзды көл.

Жезқазған (Жезказган) (Zhezkazgan) — мыс өндірген жер.

Байқоңыр (Байконур) (Baikonur) — антропоним — адамға тән жалқы есім.

Қапшағай (Капшагай) (Kapshagay) — тік беткейлі тасты шатқал.

### Қазақстан елді мекендерінің мәселелері

1. *Елді мекендер халқын сапалы ауызсуымен қамтамасыз ету.*

Елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін елде 2002 жылы 3 салалық бағдарлама қабылданды: «Ауызсу», «Ақбұлақ», «2020 жылға дейін аймақтарды дамыту бағдарламасы». Тұщы жерасты суларының — 59% -ы оңтүстік аймақтарда: Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында шоғырланған. Тұщы жерасты суларының ресурстарына тапшы аймақтарға Атырау, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қостанай және Ақмола облыстары жатады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша елді сумен қамту: қалаларда — 98,4% -ға, ауылдарда — 94,5% -ға жетті.

Еліміздегі көптеген елді мекендерде ауызсу мәселесі әлі шешімін таппай отыр.

2. *Экологиялық мәселелер.* Негізгі мәселелердің бірі елді мекендердегі экологиялық жағдай, яғни ауаның ластануымен байланысты. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен өндіру (қорғасын, мырыш, фосфор, хром өндірісі) жұмыстарының қарқын алуынан 20 млрд т қалдық жиналып, олар күнделікті ауаны токсиндермен уландыруда. Өнеркәсіптерде тиімсіз тазарту жүйелері қолданылғандықтан, зиянды заттар көптеп атмосфераға шығарылып жатыр. Бұл қалдықтар тау-кен өнеркәсібі шикізатын өндіру мен өңдеуде, қара металлургия, мұнай-химия, құрылыс материалдарын өндіруде пайда болады.

Сапасыз отын қолданылып, көміртек тотығын және қорғасынды атмосфераға шығаратын автокөлік санының артуы да ауа қабатын ластауда.

Осы факторлардың ықпалынан елді мекендердегі ауа ластануы шекті деңгейден асып тұр. Ең ластанған — Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары. Соңғы жылдары, әсіресе үлкен қала, қала маңы аймақтарында тұрмыстық қалдықтар экологиялық мәселеге айналды. Қазіргі уақытта тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауыттары тұрғызылып жатыр.



Қазақстандағы ауаның ластануы қандай жағдайларға алып келуі мүмкін екенін ойланып көріңдер.

**3. Қазақстан Республикасындағы жол-көліктік инфрақұрылымның дамуынан туындайтын мәселелер.** Қазіргі таңда республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша қарқынды жұмыстар жүргізілуде.

Елімізде 2015 жылы 500 км-лік автокөлік жолы салынып, жөнделді. 2016 жылы жоспар үш есеге көбейтілді, 2022 жылы 3000 км-ге жуық, ал 2023 жылы 11000 км жол жөнделді. Бұған қарамастан, аймақтар мен елді мекендерге қатысты шағымдар көп. Мұндай жол жөндеу шараларын іске асыру кезең кезеңмен жоспарланады.

Қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстан аймақтарын жол-көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, дамытудың маңызды міндеті тұр.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



Қоныстанудың қандай түрлерін білесіңдер?



1. Ауылдық жерлердегі қоныстанудың аймақтық типтерін анықтаңдар.
2. ХХ ғасырдың 90-жылдарында ауыл халқының қалаға жаппай көшуінің себебі неде? Соңғы жылдарда бұл үдерісте қандай өзгерістер байқалуда?
3. Ойконим дегеніміз не? Ономастика жұмыстарында қолданылатын негізгі түсініктерді сипаттаңдар.
4. Республика елді мекендерінің алдында қандай мәселелер тұр?




1. Қызметтері бойынша ауылдық елді мекендер қалай жіктеледі?
2. Мемлекеттік деңгейде ауылды дамытуға неге көп көңіл бөлінетінін түсіндіріңдер.
3. Қазақстанның қандай облыстарында ауыл халқының үлесі жоғары, қайсысында төмен?





1. Қалалық және ауылдық өмір салтын мына көрсеткіштері бойынша салыстырыңдар: тұрғын үй жағдайы, еңбек шарты, әртүрлі қызметтерді қолдану мүмкіндігі, соның ішінде білім, медицина, бос уақыттарын тиімді пайдалану. Нәтижелерін хабарлама түрінде келтіріңдер.
2. Оқулық мәтініне, атлас карталарына және өзге де географиялық ақпарат көздеріне сүйене отырып солтүстік, оңтүстік және батыс, шығыс аумақтардың халқы шұғылданатын кәсіптеріне байланысты бір-бірінен қандай айырмашылығы бар екенін түсіндіріңдер. Бұл айырмашылықтар табиғи және әлеуметтік-экономикалық факторлармен қалай байланысады?
3. Қазақстанда жол-көліктік инфрақұрылымын жақсарту үшін қандай ұсыныстар жасауға болады? Сызбанұсқаны дәптерге сызып, өз нұсқаларыңды қосуға болады.



4. Тарихи топонимдердің құндылығы өте жоғары, мұнда кез келген атаудың шығу себептерін саралауға мүмкіндік беретін тарихи мағлұмат, сонымен қатар аумақты ертеректе қоныстанған халықтар туралы беретін маңызды ақпарат жатыр.
5. 10-кестеге қарай отырып, еліміздегі ауыл халқының азаю себепін түсіндіріңдер.
6. Параграфта берілген ойконимдерді оқып, өздерің тұратын елді мекеннің географиялық атауларына мысалдар келтіріңдер.

## § 42. Урбандану үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру

Қоныстарды қала категориясына жатқызудың *негізгі ұстанымына* халық саны мен ауылшаруашылығына жатпайтын қызмет түрлерін дамыту жатады. Қалалық типке қалалар мен қала типтес елді мекендер кіреді.

Қала халқы үлесінің өсуі, қалалық өмір салтының кең жарнамалануы, қоғам дамуындағы қалалар рөлінің артуы — урбандалу үдерісі (лат. *urbanus* — «қалалық»), яғни ХХ ғасырдың екінші

**Бүгінгі сабақта:**

- урбандалудың себеп салдарын түсіндірумен байланысты мәселелерді шешу жолдарын білесіңдер;
- Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беруді үйренесіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ қалалар мен қала типтес елді мекен
- ✓ урбандалу
- ✓ қалалар қызметі
- ✓ қала агломерациясы
- ✓ моноқалалар

жартысындағы ең маңызды әлеуметтік құбылыс болып табылады.

*Қала халқы үлесінің өсуі* — республиканың индустриялық көрсеткішінің жоғары деңгейінің белгісі.

Қалаларда өнеркәсіптік өндірістер, көлік қатынасы, сауда, мәдени, ғылыми және өзге де нысандар шоғырланады. Көптеген қалалық елді мекендер әкімшілік-аумақтық қызметтерді атқарады. Қала типтес кенттерде бір немесе бірнеше өнеркәсіп орналасады.

**Урбандалудың** оң және теріс салдары бар. Ол — күрделі әрі қарама-қайшылықты үдеріс. Оның теріс салдарына экологиялық жағдайлардың біршама төмендеуі, автокөлік газдарымен қала ауасының ластануы, жұмысқа орналасу қиындығы, қаладағы шаң, қала шуы, қала құрылысының мәселесі және т.б. жатады.

Қалалардың қалыптасуы оның индустриялық дамуы, сәулеттік бейнесі мен халық саны бойынша ажыратылады.

Қазіргі таңда қаланың екі категориясын *ауқымы мен функциялық бағытын* негізге ала отырып, қалаларды жіктеудің бірнеше түрі бар.

Кез келген қала *қалаға қызмет көрсететін және қаланы қалыптастыратын* функцияларға байланысты дамиды (9-сызбанұсқа).

Қалалар халық саны бойынша жіктеледі.

9-сызбанұсқа



Кеңес дәуірінде Қазақстан аграрлықтан индустриялық елге айналды. Пайдалы қазбалардың түрлі кен орындары игеріліп, өнер-

кәсіптер ашылып, кәсіпорындар құрылып, көлік жолдары салынды, нәтижесінде жаңа қалалар пайда болды.

Қазақстанда 2024 жылдың 1 наурызындағы дерек бойынша 90 қала мен 200-ден аса қала типтес елді мекен бар. Республикамызда Алматы (2241,0 мың адам) Астана (1444,7 мың адам) және Шымкент (1229,4 мың адам) қалалары миллионер қалалар болып есептеледі (10-сызбанұсқа).

10-сызбанұсқа



Егер ХХ ғасырдың 20-жылдарында қалаларда халықтың 9%-ы ғана тұрған болса, бүгінгі күні оның үлесі бүкіл халықтың 62,2%-ын құрайды. Қала халқы Қарағанды (81,6%) және Ұлытау (79,2%), Ақтөбе (74,9%) облыстарында басым. Бұл аймақтарда қала халқының басым болуы өнеркәсіптің дамуымен тікелей байланысты (11-кесте).

11-кесте

**Еліміздің ірі қалаларындағы халық саны  
(2024 жыл, 1 наурыз)**

| №  | Қала      | Халқы   | №  | Қала        | Халқы      |
|----|-----------|---------|----|-------------|------------|
| 1  | Ақтөбе    | 570 475 | 13 | Петропавл   | 222 688    |
| 2  | Қарағанды | 520 670 | 14 | Көкшетау    | 193 491    |
| 3  | Тараз     | 431 192 | 15 | Талдықорған | 204 059    |
| 4  | Өскемен   | 374 690 | 16 | Жезқазған   | 93 163     |
| 5  | Павлодар  | 368 394 | 17 | Қонаев      | 71 681     |
| 6  | Атырау    | 412 272 | 18 | Теміртау    | 177 307    |
| 7  | Семей     | 330 861 | 19 | Екібастұз   | 145 073    |
| 8  | Қызылорда | 356 428 | 20 | Рудный      | 123 536    |
| 9  | Ақтау     | 281 805 | 21 | Алматы      | 2 241 044  |
| 10 | Қостанай  | 268 164 | 22 | Астана      | 1 444 697  |
| 11 | Орал      | 361 940 | 23 | Шымкент     | 1 229 410  |
| 12 | Түркістан | 228 030 |    | Барлығы     | 10 651 070 |

**Глоссарий:**

**Халықтың қоныстануы** — бұл халықты елді мекендер бойынша орналастыру үдерісі (қоныстар желісін қалыптастыру).

**Урбандалу** — үлкен қалалық жерлерге, өндіріс орталықтарына халықтың көптеп шоғырлануы.

**Қала агломерациясы** — өндірістік, еңбек, мәдени-тұрмыстық, рекреациялық байланыстармен біртұтас жүйеге біріккен елді мекендер (ең алдымен, қала типтес елді мекендер) шоғыры. Агломерация моноцентрлік және полицентрлік болып бөлінеді.

**Хаб** (ағылш. *hub* — түйін, орталық) — қандай да бір басты орталық, аса ірі халықаралық маңызы бар желінің торабы.

**Қаланың қызметтік саласы** — қала халқына қызмет көрсететін салалар.

**Қала құрушы салалар** — өнімдері мен қызметтері қаланың сырт аймақтарына кететін өндіріс салалары.

**Моноқала** — бір немесе екі қала қалыптастырушы кәсіпорындар есебінен экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан өмір сүретін елді мекен.

Урбандалудың қазіргі деңгейіне үлкен қалалардың өсуі тән. Қала агломерацияларының қалыптасуы, мегаполистердің пайда болуы жалғасуда. Кейбір ірі өнеркәсіптік орталықтар айналасында өндірістік, көліктік, мәдени және тұрмыстық байланыстарға ие көптеген ұсақ және орта қалалардың шоғырлануын «агломерация» деп атайды.

Қарағанды мен Теміртау айналасында Саран, Абай, Шахты, Топар, Долинка агломерациялары және т.б. қалалар қалыптасқан. Келесі агломерация — Алматы.



Сабақ барысында Алматы агломерациясының құрамына қандай қалалар мен қала типтес елді мекендер кіретінін анықтаңдар.

Болашақта әлемдік және аймақтық нарықпен бірігу (интеграциялау) нәтижесінде жаңа *қала агломерациялары* пайда болады. Әр агломерацияның экономиканың белгілі бір саласына қатысты өзіндік мамандануы және белгілі бір бағыттары бар.

Урбандалу үдерісі қарқынды байқалатын аймақтар қатарына Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай облыстары кіреді.

Бұл үш аймақтың екеуінде хаб қалалар орналасқан: Орталық-шығыс макроаймақтың орталығы — Өскемен, Батыс макроаймақтың орталығы — Ақтөбе.

Жалпы болжам бойынша Қазақстанда бес хаб қала болмақ: Ақтөбе мен Өскеменнен басқа Солтүстік макроаймақ орталығы — Астана және Оңтүстік макроаймақ хабтары — Алматы және Шымкент.

Қаржылық орталықтар халқының өсу қарқыны жоспарлағаннан да жоғары екенін айта кету керек. Елдің аумақтық дамуының болжамдық сызбасына сәйкес Алматы халқының саны 2024 жылдың 1 наурызында

2241,0 мың адамға жетті. Жалпы, Алматы Оңтүстік макроаймақ хабы болғандықтан, Алматы — Тараз — Шымкент бағыттарын байланыстыратын ірі көліктік-логистикалық орталыққа айналды. Астана хаб қаласының дамуы қала агломерациясының қалыптасуымен байланысты. Агломерацияны Қарағанды, Көкшетау мен Щучинск-Бурабай шипажайлық аймағын дамыту арқылы кеңейту қарастырылған. Астана халқы бүгінде екі миллион адамға жетуі мүмкін екені болжанып отыр. Осындай болжамдарға сәйкес қала әкімшілігі 2 млн тұрғынға есептелген «Астана мастер» жобасына халықаралық сайыс жариялады.

Кіші қалалардағы өнеркәсіп бір-екі кәсіпорынмен немесе оның мүлдем болмауымен шектеледі. Бұл халықты жұмыс орындарымен, көлік қатынасымен, ауызсумен қамтамасыз етуде күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың туындауына себепші болды. Мұндай жағдай Кентау, Жаңатас, Қаратау, Талғар қалаларына тән. Елде осы қалалардың маңызды мәселелерін шешу мақсатында жасалатын шараларды басқарып, реттеу үшін 2012—2020 жылдарға моноқалаларды дамыту бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарлама аясында инженерлік инфрақұрылымды салу, өнеркәсіптік аймақтарды және индустриялық зоналарды қалыптастыру іске асырылуда.

2024 жылы ҚР үкіметі моноқалалардың одан әрі даму болашағын қарастырды. Моноқалалардың экономикасына инвестициялар тарту, тұрақты жұмыс орындарын құру, моноқалаларда жайлы өмірді қамтамасыз ету мәселелері көтерілді, инфрақұрылым нысандарының үздіксіз жұмыс істеуіне ерекше назар аударылды.

Қала мен қала шегінде шоғырланған өнеркәсіптік, әсіресе энергетикалық, металлургиялық, химиялық және өзге де кәсіпорындар қоршаған ортаға айтарлықтай теріс ықпал етеді. Өнеркәсіптердің отынды жағуынан, түрлі залалды заттардың атмосфераға шығарылуынан, автокөлік газынан қала ауасы ластанып, денсаулыққа қауіп төндіреді. Осының нәтижесінде қала ауасы ауылдық мекендерге қарағанда 15 есе артық ластанған.

Бұған қоса ауаға ғарыштан зиянды қосылыстар да келіп енеді.

#### Глоссарий:

**Хаб қалалар** — макроаймақтардың экономикалық белсенді орталықтары.

**Өндірісті әртараптандыру** — бір уақытта бір-біріне байланысты емес өндірістің көптеген түрінің дамуы, шығаратын өнім түрлерінің артуы.

Қазақстанда атмосфераны ластайтын заттардың максималды концентрациясы басым бірнеше қала бар. Бұлар: Ақтөбе, Алматы, Астана, Өскемен, Қарағанды, Талдықорған, Балқаш және т.б. қалалар. Алматыда ластанудың 15,5%-ы зауыттарға, 23,3%-ы қалааралық көлікке, 58,6%-ы автокөлікке тиесілі. Алматы қаласының ауасында жоғары температурада отынның жануы кезінде пайда болатын азот диоксиді басым. Оның негізгі көздері автокөлік қалдық газдары, ЖЭС-тің ауаға зиянды шығарылымдары, қатты қалдықтарды жағу мен газдың жануы болып табылады. Қаланың лас ауасы халықтың денсаулығына зиян, ал күкірт қосылыстары тарихи сәулеттік ескерткіштерге кері әсер тигізеді. Мұндай қалаларда көмірқышқыл газын сіңіріп, оттекті бөліп шығаратын, шуды төмендететін орман алқаптарын отырғызу, ал өндірістік кәсіпорындарда тазалау сүзгілерін орнату керек.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Қалалық қоныстардың типтерін атаңдар және әрқайсысын сипаттап беріңдер.
2. «Урбандалу» дегеніміз не? Қазақстанда урбандалу үдерісі қалай жүруде?
3. «Қала агломерациясы» деп нені атаймыз? Біздің республикамызда қандай агломерациялар қалыптасуда?



1. «Моноқалалар» дегеніміз не? Олардың мәселелерін шешу үшін қандай шаралар жүзеге асырылуда?
2. Қосымша географиялық ақпарат көздері негізінде Қазақстанның қандай аймақтарында урбандалудың ең жоғары және ең төменгі көрсеткіштері тіркелгенін анықтаңдар.



1. Қазақстандық қалалар қалай жіктеледі? Қазақстан қалаларының қызметтік ерекшеліктері неде?
2. Қалалар қоршаған ортаға ықпал ете ме?
3. «Алып қала климаты» терминін қалай түсінесіңдер? Экологиялық жағдай халық денсаулығына қалай әсер етеді? Үлкен қалалардың экологиялық мәселелерін анықтаңдар.
4. Неліктен соңғы жылдары қала тұрғындары қала сыртынан немесе ауылды жерден үй алуға тырысады?

### Тапсырмалар

1. «Қазақстан қалаларының сипаттамасы» кестесін толтырыңдар.

| Қалалар | Географиялық орны    | Негізгі қаланған жылы | Қызметі                                 |
|---------|----------------------|-----------------------|---|
| Астана  | Есіл өзені жағасында |                       | Қазақстан астанасы, көпфункционалы қала |

2. Даму барысында урбандалу бірнеше кезеңнен өтті, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады.

Төменде келтірілген кестенің негізінде мына сұрақтарға жауап беріңдер:

- а) Қазақстанда қалалардың кенеттен жылдам өсіп дамуы қашан басталды?
- ә) Республикамызда қашан және қандай миллионер қалалар пайда болды?
- б) Қалалық өмір салтының ауылдарға таралуы жайлы қандай мысалдар келтіре алар едіңдер?

### Урбандалу кезеңдері

| Кезең                     | Урбандалудың даму аспектілері |  |   |
|---------------------------|-------------------------------|--|---|
|                           | сандық (қалалықтар үлесі)     | сапалық  | аумақтық  |
| Қалыптасушы урбандалу     | 1/2-ге дейін                  | Қалалардың пайда болуы және дамуы; ірі қалалардың өсуі                       | Елде жеке қалалардың аса ірісі доминантты жағдайда болуы (әдетте, бұл астана) |
| Дамыған урбандалу         | 1/2—3/4                       | Миллионер қалалардың тез өсуі; қала агломерациясы мен мегалополистердің өсуі | Қала қоныстары желісінің қалыптасуы   |
| Кемеліне жеткен урбандалу | 3/4-тен аса                   | Қалалық өмір салтының қала сырты мен ауылдарға таралуы                       | Қала қоныстары желісінің қалыптасуы   |

3. «Халық саны бойынша қалалардың жіктелуі» атты 10-сызбанұсқа негізінде қала халқы бойынша Қазақстанның қандай қалалары аталған түрге жататынын анықтаңдар. Өз жұмыстарыңның нәтижесін кесте түрінде рәсімдеуге болады.

4. Географиялық ақпарат пен интернет ресурстарын пайдаланып, «Қазақстан аймақтарындағы урбандалу деңгейі» кестесін құрастырыңдар.

5. Сәйкестікті табыңдар:

- 1) қара металлургия мен көмір өнеркәсібі орталығы;
- 2) Қазақстанның «Теңіз қақпасы»;
- 3) еліміздің ең ірі өзенінде орналасқан түсті металлургия орталығы;
- 4) рекреациялық ресурстарға бай өлке;
- 5) облыс орталығы мәртебесін алған «Мовзолейлер қаласы» тарихи мәдени орталығы.

6. Осы қала арқылы Транссібір магистралі өтеді.



а)



ә)



б)



в)



г)




д)

Қарағанды  
Ақтау

Өскемен  
Щучинск

Түркістан  
Петропавл

Жауап алгоритмі:





## V бөлім

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### 9-сыныпта сендер:

- Қазақстан табиғатының ресурстық әлеуетін бағалауды, әртүрлі табиғат ресурстарын өңдеудің технологиясын сипаттауды, Қазақстандағы дайын өнім түрлерін және орталықтарын анықтауды;
- табиғатты пайдаланудың түрлері мен типтерін жіктеуді;
- Қазақстанның табиғатты пайдаланудағы тұрақты даму бағыттарын оқып-үйренесіңдер.

### 8-сыныпта сендер:

- табиғат ресурстарына экономикалық және экологиялық баға беруді;
- жергілікті жерді қамту негізінде дүниежүзінің жеке аймақтарының табиғи-ресурстық әлеуетін бағалауды;
- жеке табиғат ресурстары түрлерін өңдеудің технологиясы негізінде дайын өнім түрлері мен орталықтарын анықтауды оқып білдіңдер.

### 7-сыныпта сендер:

- жергілікті жердің құрамбөлігін қамту негізінде табиғат ресурстарын жіктеуді, табиғат ресурстарының таралу заңдылықтарын талдауды;
- картадан табиғат ресурстарының шоғырлану аймақтарын көрсетуді үйрендіңдер.

## V бөлім. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

### ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

#### § 43. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті

##### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалауды оқып-үйренесіңдер.

##### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғи-ресурстық әлеует
- ✓ табиғат жағдайлары
- ✓ табиғи ресурстар
- ✓ минералдық ресурстар

##### Глоссарий:

**Табиғат жағдайлары** — адамдардың қоныстануы мен олардың өмірі, денсаулығы, шаруашылық салаларын орналастыру мен адам іс-әрекетінің өзге формаларына әсерін тигізетін табиғаттың қасиеттері мен ерекшеліктері.

**Табиғат ресурстары** — шаруашылықта қолданылатын немесе қолдануы мүмкін табиғаттың құрамбөліктері.

**Табиғи-ресурстық әлеует** — аумақтың экономикалық дамуының негізі болып табылатын табиғат ресурстарының жиынтығы. Елдің табиғи-ресурстық әлеуеті шикізат пен отынға деген қажеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттан түсетін қаржының көп бөлігін қалыптастырып, республика экономикасының болашақта өсуінің маңызды көзі болып табылады.

**Табиғи-ресурстық әлеует** — географиялық ортаның негізгі құрылымдық элементі. Ол өндірістік күштерді орналастыруда ерекше рөл атқарады. Табиғи-ресурстық әлеует алуан түрлі. Оған энергетикалық, жер және топырақ, су, орман, биологиялық (өсімдік және жануарлар дүниесі), минералдық (пайдалы қазбалар), климаттық және рекреациялық ресурстар жатады. Табиғат ресурстарының болуы — мемлекеттің өз мүдделері мен тәуелсіздігін қорғай алу мүмкіндіктерін анықтайтын фактор.

Қазіргі таңда салыстырмалы түрде халықаралық бәсекеге қабілеттілікке Қазақстанның отын-энергетикалық ресурстары (мұнай, газ, көмір), қара (темір және хромит кендері) және түсті металдар қоры (мыс, алюминий, мырыш және қорғасын) ие.

Елдің ауылшаруашылық ресурстарының, әсіресе егіншаруашылығы мен малшаруашылығы өнімдері бойынша әлеуеті жоғары.

**Табиғат жағдайлары.** Адам өмірінде табиғаттың рөлі зор. Белгілі бір аумақта табиғат жағдайларының өзгеруі заңды құбылыс болып табылады. Табиғат жағдайлары — бұл табиғат күштері мен нысандар, олардың сапасы. Олар өндірістік күштерді дамытуда және қоғамда жоғары мәнге ие. Бірақ табиғи жағдайлар шаруашылықта,

адамның өндірістік және өндірістік емес өрекетінде тікелей қолданылмайды.

Табиғи жағдайларға жергілікті жердің шаруашылыққа әсер ету тұрғысынан алып жатқан аумағы, құрлықтағы орны мен материктегі көлемі, жер бедері, климаты мен су режимі, топырақ жамылғысы жатады.

**Табиғат ресурстары** — адамның шаруашылық өрекетіне тікелей пайдаланылатын табиғат кешендері: шаруашылықты дамытуға қажетті және тікелей қолданылатын табиғи қорлар. Оларға пайдалы қазбалар, жер, су, ауа, жел, топырақ, өсімдік және жануарлар дүниесі жатады.

Маңызы бойынша табиғат ресурстары *ұлттық* (мемлекеттік), *аймақтық* және *жергілікті* болып бөлінеді.

Табиғат ресурстары қоғамдық өндірістің энергетикалық және шикізат базасы болып табылады (11-сызбанұсқа).

Табиғат ресурстары алуан түрлі. Оларды зерттеу үшін және қолдану мүмкіндіктерін анықтау үшін жіктейді. Пайдалануына қарай табиғат ресурстары екіге: *сарқылмайтын*, *сарқылатын*, *сарқылатын* табиғат ресурстары *қалпына келмейтін* және *қалпына келетін* болып бөлінеді.


**Глоссарий:**

**Агроклиматтық ресурстар** — климаттық ресурстардың аса маңызды бөліктері. Өсімдіктердің өсіп-өнуі кезіндегі жауын-шашын мөлшерімен, жылдық жауын-шашынның, ауа температурасының жылдық мөлшерімен, күн радиациясының қарқындылығымен сипатталады. Агроклиматтық ресурстардың ауылшаруашылығына әсері зор.

**Ауылшаруашылық алқаптар** — бұл ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үшін жоспарлы немесе жүйелі түрде қолданылатын жер телімдері.


**Топырақ ресурстары** — құнарлы әрі ауылшаруашылығын дамытуға жарамды жер қорының бір бөлігі.

11-сызбанұсқа



12-сызбанұсқаны қолдана отырып, сарқылатын және сарқылмайтын табиғат ресурстарын талдаңдар.

## Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша жіктеу



Табиғат ресурстарын жіктеу ресурстардың табиғат элементтерінің қайсысына жататынын көрсетеді. Оларға минералды (пайдалы қазбалар), климат (агроклиматтық), жер (топырақ), биологиялық (өсімдік, жануарлар) ресурстар жатады. Әдетте, алдымен минералдық ресурстарды, кейіннен өзге түрлерін: жер, су, орман және т.б. сипаттайды.

**Минералдық шикізат ресурстары.** Мемлекет қажеттілігін жан-жақты қамтамасыз етуде минералдық шикізат ресурстарының маңызы зор. Республикамыздағы минералдық ресурстардың ерекшелігі — жер бетіне және бір-біріне жақын орналасуында. Сондықтан оларды арзан әрі ашық әдіспен өндіреді де, кешенді түрде қолданады.

Минералдық ресурстар қолдану бағыты бойынша үш топқа бөлінеді:

- а) отын-энергетикалық;
- ә) кенді (металдық);
- б) кенсіз (бейметалдық).

Табиғи-ресурстық әлеуетті ұтымды пайдаланудың маңызды шарты — табиғат ресурстары мен табиғат жағдайының экономикалық бағасын анықтау.

Минералдық шикізат ресурстарының саны мен алуантүрлілігі бойынша Қазақстан әлемдегі бай елге жатады. Оның жер қойнауында барланған пайдалы қазбалардың дүниежүзі бойынша

20% -ы шоғырланған, бұл елімізді Оңтүстік Африка Республикасы, Үндістан сияқты елдермен бір қатарға шығарады. «EconRus» елтану каталогіндегі ақпарат бойынша Қазақстан табиғат ресурстары жөнінен Ресей, Қытай, Аустралия, АҚШ және Бразилия елдері сияқты алдыңғы орындарды иеленеді. Ресми деректер бойынша Менделеев кестесінің 118 элементінен Қазақстанның жер қойнауында 99-ы табылған: 70 түрінің қоры барланып, өндіріске 60-тан аса элемент жұмылдырылған.

Қазақстанның пайдалы қазбалар қорын геологиялық-экономикалық бағалау нәтижесі бойынша экономикалық маңызы ең жоғарылары: көмір, мұнай, мыс, темір, қорғасын, мырыш, хромит, алтын, марганец.

Қазіргі таңда минералдық шикізат өнімдері Қазақстан экспорты мен қаржылық түсімдердің басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Ресурстық қордың болуы бір елдің екінші елге қызығушылығын анықтайды. Бүгінде Қазақстанға АҚШ, Батыс Еуропа елдері, сол сияқты Түркия, Иран, Пәкістан, Жапония және Қытай елдері қызығушылығы артып отыр. Бұл республика әлеуетінің, әсіресе стратегиялық шикізат ресурстарының жоғарылығымен, мұнаймен және газ әлеуетімен түсіндіріледі.

Минералдық шикізат ресурстары қоры бойынша Қазақстанның дүниежүзі елдері арасында алатын орны (12-кесте).

12-кесте

**Қазақстанның табиғи ресурстары**  
(ҚР тау-кен металлургия базасы, наурыз, 2019 ж.)

| Минералдық шикізат түрлері | Теңгерімді қоры бойынша (мың тонна) | Дүниежүзі бойынша алатын орны |
|----------------------------|-------------------------------------|-------------------------------|
| Темір                      | 18 600 000                          | 6                             |
| Хром                       | 382 700                             | 2                             |
| Бокситтер                  | 365 400                             | 12                            |
| Қорғасын                   | 17 200                              | 5                             |
| Мырыш                      | 39 800                              | 5                             |
| Мыс                        | 39 300                              | 12                            |
| Титан                      | 24 100                              | 10                            |
| Вольфрам                   | 2 100                               | 1                             |
| Алтын                      | 2,2                                 | 15                            |
| Күміс                      | 53,2                                | 4                             |
| Қалайы                     | 69,3                                | 8                             |
| Уран                       | 1 600                               | 2                             |
| Таскөмір                   | 150 000 000                         | 8                             |
| Мұнай (МЭЕҮ бойынша)       | 3 930 000                           | 12                            |



«Қазақстанның пайдалы қазбалары» картасын пайдаланып, еліміздің қай аймақтарында көмір, қара және түсті металл кен орындары орналасқанын анықтаңдар.

Минералдық ресурстар ел аумағында біркелкі орналаспаған. Мұнай мен газ қоры батыс аймақта, көмір орталық аймақта, қара және түсті металдар шығыс аймақта шоғырланған.

Бүгінде елімізде игерілген кен орындары қоры азайып келеді, ал жаңа кен орындарын ашып, игеру болашақтың еншісінде.

**Климаттық ресурстар** — бұл сарқылмайтын табиғат ресурстары. Пайдалануына байланысты климаттық ресурстар *энергетикалық, ауылшаруашылықтық (агроклиматтық), рекреациялық* деп бөлінеді. Климаттық және ауа райы жағдайларын ескермей шаруашылық салаларын дамыту мүмкін емес.

**Су ресурстары** — бұл халықты сумен қамтуда, ауылшаруашылығында және өнеркәсіпте қолданылатын немесе болашақта қолданылуы мүмкін жерасты және жерүсті сулары. Су — адамның онсыз тіршілік ете алмайтын, ештеңемен алмастыруға келмейтін, ең маңызды ресурстарының бірі. Қазақстан су ресурстарының ерекшелігі — олардың мөлшерінің тапшылығында және бірқалыпты орналаспауында, бұл өз кезегінде оны қолдануды қиындатады. Өзен-көлдер аридті аудандарда өте аз, жауын-шашын көбірек түсетін орманды дала зонасында солтүстікте біршама көп, ал көпжылдық қармен және мұздықтармен қоректенуге мүмкіндігі бар биік таулы аймақта өте көп.

Су ресурстарының қоры жалпы климаттық жағдайларға байланысты өзгеріп тұрады. Климаттың құрғақтығына байланысты егістік жерді суаруда өзендердің маңызы арта түседі. Республикада су ауылшаруашылығында егістік алқаптарды суару үшін (80%), өнеркәсіптік және коммуналдық қажеттілік үшін қолданылады. Ішкі су ресурстары 115,3 млрд м<sup>3</sup>-ді құрайды. Олардың 60,4 млрд м<sup>3</sup>-і елдің өз аумағына тиесілі, ал 54,9 млрд м<sup>3</sup>-і көрші елдерден келеді.

Өзен ағындарының басым бөлігі Ертіс, Есіл, Тобыл, Сырдария, Іле өзендеріне тиесілі. Олардың маңында халық, өнеркәсіппен ауылшаруашылық өндірістері шоғырланады. Қазақстан — өзендердің су ресурстарын шаруашылықта пайдалану деңгейі бойынша ТМД-дағы ең алдыңғылардың бірі.

Елде егістік жерді суаруға, электр энергиясын өндіруге және өндірісте қолданатын 4 мыңнан аса бөгет пен суқоймасы бар.

**Жер ресурстары** — бұл адам пайдаланатын немесе пайдалануы мүмкін жер қоры. Қазақстан орасан зор жер ресурстарына ие, олардың жалпы мөлшері — 270,1 млн га. Осы жердің 82% -ы ауылшаруашылығына жарамды болып табылады.

Жер ресурстары — адамдарды қоныстандырудың, шаруашылық нысандарды орналастырудың маңызды көзі, сондай-ақ өндіріс құралы (ауылшаруашылығы және орманшаруашылығы) болып табылады. Алайда құнарлы ауылшаруашылық жері аз аумақты алып жатыр, оның ішінде егістік жерге 15% -ы тиесілі.

*Топырақ* — жер ресурстарының құрамына кіретін табиғат ресурсы. Адамзат өзінің тіршілігі үшін топыраққа қарыз. Топырақ — ауылшаруашылық өнімдерінің басты көзі, азық-түліктің 88% -ын адамзат ауылшаруашылық өнімдерінен, өңделген жерден алады.

*Биологиялық ресурстардың* негізін елдің өсімдіктер мен жануарлар дүниесі құрайды.



Шаруашылық құндылығы мен тағайындалымы бойынша пайдаланылатын жер былай бөлінеді: ауылшаруашылық, елді мекендерді салуға арналған, табиғи-қорықтық, сауықтыру мақсатындағы (рекреациялық), орман, су қоры, өнеркәсіп, байланыс мақсатындағы жері және т.б. барлық аталған жер телімі Қазақстан жер қорын құрайды.

**Өсімдік ресурстары** — бұл адам өз қажеттілігін өтеуге қолданатын белгілі бір аумақтағы жоғары сатыдағы өсімдіктер, саңырауқұлақтар, мүк, қына және балдырлардан тұратын биологиялық ресурстардың бір бөлігі.

Қазақстан аумағы өсімдіктердің алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Елде өсімдіктердің 5700 түрі, олардың ішінде 14% -ы тек Қазақстан аумағында кездеседі. 279 түрі Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген.

Өсімдік ресурстарының ішінде ормандар ерекше рөлге ие. Қазақстан орман ресурстарымен аз қамтылған елге жатады. Еліміздегі *табиғи орман* ресурсының жалпы ауданы 4,2% -ды құрайды. Ормандар барлық табиғат зоналарында өседі: шөлдік сексеуіл ормандары (47,9%), қайыңды (8,3%), қарағайлы (7,8%), майқарағайлы (3,6%) және т.б. Қазақстан ормандарының көп бөлігі сексеуілді. Олар шөлді аймақтарда басым. Қылқанжапырақты ормандар Тянь-Шаньда, Жетісу Алатауында, Алтайда кездеседі. Мемлекеттік қорғау жүйесі негізгі орман экожүйелерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Біздің еліміз дәрілік өсімдіктерге бай. Олардың арасында итмұрын, шырғанақ, шайқурай, қызғылт семізот, долана және басқалары фармацевтика өнеркәсібінің бағалы шикізаты болып табылады.

**Жануарлар ресурстары.** Қазақстан фаунасында сүтқоректілердің 178, құстардың 500, жорғалаушылардың 49, қосмекенділердің 13, балықтардың 150 түрі кездеседі. Республиканың биологиялық

ресурстарының ішіндегі ең маңыздысы — балық, әсіресе Каспийдің бекіре балығы жоғары бағаланады.

Аңшылық-кәсіптік жануарлар — бұл адам қажеттілігін өтей алатын, алуан түрлі жабайы аң түрлері кездесетін белгілі бір аумақтың биологиялық ресурстар бөлігі.

Биологиялық ресурстарды қорғау үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, океанариумдар, қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар т.б. ұйымдастырылған.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Табиғи-ресурстық әлеует дегеніміз не? Қазақстан ресурстық әлеуетінің ерекшелігі неде?
2. Табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстары дегеніміз не?
3. Қазақстан жер қорын қандай жер түрлері құрайды?
4. Биологиялық ресурстарға қандай ресурстар жатады?



1. Қазақстан табиғат жағдайларының ерекшелігі неде? Табиғат жағдайлары шаруашылықтың дамуына қалай ықпал етеді?
2. Елдің экономикалық дамуында табиғат ресурстарының маңызы қандай?
3. Неліктен топырақты ауылшаруашылық өнімдерін алудың басты көзі деп атайды?
4. Неліктен адамға өз өлкесінің рекреациялық ресурстарының ерекшеліктерін білу қажет?



1. Еліміздің табиғи және минералдық ресурстары қалай жіктеледі?
2. Минералдық ресурстардың ел экономикасы үшін маңызы қандай?
3. Қазақстандағы минералдық ресурстар мол шоғырланған аумақтарды атаңдар. Картадан ірі ресурстық базаларды табыңдар. Кескін картаға белгілеңдер.
4. Неліктен жеке аумақтардың немесе бүкіл елдің су ресурсына баға беру аса қажетті?



1. Табиғат ресурстарының сарқылатын және сарқылмайтын деп бөлінуінің себептерін түсіндіріңдер. Қазақстандағы ресурстардың ел экономикасы мен болашаққа қызмет етуі үшін не істеуге болатыны туралы өз ойларыңды айтыңдар.
2. Қазақстандағы табиғат ресурстарын қайсысына жатқызуға болатынын түсіндіріңдер.
3. Белгілі бір ережелерді сақтай отырып, қалпына келетін табиғат ресурстарын шексіз пайдалануға бола ма? Өз ойларыңды дәлелдеңдер.



## § 44. Қазақстанның металлургия өнеркәсібі

**Конструкциялық материалдар.** Дайын өнім жасау үшін немесе құрылыс үшін қолданылатын әртүрлі материалдарды *конструкциялық материалдар* деп атайды (13-кесте). Конструкциялық материалдармен металлургия және орман-химия кешендері қамтамасыз етеді. Сондықтан шаруашылықтағы орны бойынша оларды жалпы конструкциялық материалдар мен химиялық заттар кешені деп біріктіреді.

Конструкциялық материалдар бірін-бірі алмастыра алады. Мысалы, қазіргі таңда дәстүрлі материалдар орнына (ағаш және металл) өнеркәсіпте жаңа материалдар жиі қолданылады (пластиктер, полимерлер, металлокерамика және т.б.). Қазіргі материалдар біршама жеңіл, арзан, қасиеттері де жоғары, екінші реттік шикізатты пайдаланғаны үшін табиғат ресурстарын үнемдеуге мүмкіндік береді.

### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстанда жеке-леген табиғат ресурстарын өңдеу технологиясын сипаттап, металлургиялық кешеннің маңызын және құрамын, қара және түсті металлургияны оқып білесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ конструкциялық материалдар
- ✓ қара және түсті металлургия
- ✓ өндірісті шоғырландыру
- ✓ өндірісті құрамдастыру
- ✓ кәсіпорын түрі


13-кесте

Конструкциялық материалдардың жіктелуі

| Материал түрлері | Металдық                                  | Бейметалдық                                    | Композициялық                                      |
|------------------|---|--|--|
| Дәстүрлі         | Шойын, болат, мыс                         | Ағаш сүрегі, кірпіш, цемент, әйнек             | —  |
| Жаңа             | Сирек металдар қосылған арнайы қорытпалар | Пластмасса, полимерлер, ағашсүректі пластиктер | Әйнек-пластиктер, термопластиктер, металлокерамика |

**Металлургиялық кешеннің құрамы.** Металлургиялық кешен — бұл әртүрлі металдар өндіретін өнеркәсіп салаларының жиынтығы. Металлургиялық кешенге ірі және құрамы бойынша күрделі екі сала — *қара және түсті металлургия* енеді (13-сызбанұсқа).

## Металлургиялық кешеннің құрамы



Металлургиялық кешен кәсіпорындары металды өндірумен және байытумен айналысады: металдарды балқыту; прокат өндіру; қажетті қасиетке ие болғанша металдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеу; қайта өңдеу; қосалқы материалдарды өндіру (отқа төзімді, оттек және т.б.).

Металлургиялық кешеннің маңызы, ең алдымен, оның өнімдерінің елдің экономикалық деңгейін анықтайтын машинажасау саласының іргетасы болып табылатындығында. Металлургия өнімдері шаруашылықтың өзге де салаларында кең қолданыс тапқан: болат прокат — құрылыста (балка, төбені жабатын қаңылтыр) және көлік саласында (рельстерге); түсті металдар — электротехника саласында (бөлшектер, сымдар), атом энергетикасында (қорғасын), химия өнеркәсібінде (катализаторлар) (14-сызбанұсқа).

**Орналастыру факторлары.** Металлургиялық кәсіпорындарды орналастыруда мынадай факторлар үлкен ықпал етеді:

1) дайын өнімнің құны оны жасау үшін жұмсалатын шикізаттың шығынына тәуелді. Сондықтан металлургия өнеркәсібінің шикізат көзіне жақын болуы (тасымалдауға уақыт, қосымша қаражат кетпейді, ол өз кезегінде өнім бағасына әсер етеді) мысалы, «Qarmet»;

2) энергия қажеттілігіне байланысты арзан қуат көзіне жақын орналасуы (энергетикалық шығынның үлесі прокаттың өзіндік құнының 30—40%-ын құрайды), мысалы, Өскемен титан-магний комбинаты, Павлодар электролиз зауыты;


3) еңбек күшін қажет етуі (өнімді жасау үшін жұмсалған адам еңбегі) (әр металлургиялық зауытта шамамен 20—40 мың адам жұмыс істейді), мысалы, «Qarmet» және басқалары;

4) өндірістің шоғырлануы (қара металдардың 50%-дан астамы және түсті металдардың 49%-ы еңбек өнімділігі жоғары бір неше кәсіпорындарда қорытылады, бұл

**Глоссарий:**

**Металлургиялық база** — ортақ кен және отын ресурстарын қолдана отырып, ел шаруашылығының металға деген басты қажеттіліктерімен қамтамасыз ететін металлургиялық кәсіпорындар тобы.

Қазақстан шаруашылығының салалық құрамы



металдың өзіндік құнын төмендетеді). Бұған Қазақстанның барлық металлургиялық кәсіпорындары жатады;

5) қара металлургияда бастапқы шикізатты біртіндеп қайта өңдеу негізінде құрамдастыру («Qarmet») немесе оны түсті металлургияда кешенді пайдалану негізінде құрамдастыру. Мысалы, Балқаш, Жезқазған мыс қорыту зауыты, Өскемен титан-магний комбинаты;

6) экологиялық фактор (өндірістің қоршаған ортаға кері әсері), мысалы, елдің барлық металлургиялық кәсіпорындары;

**Глоссарий:**

**Өндірісті құрамдастыру** (лат. *cooperatio* — ынтымақтастық) — белгілі бір өнімді бірлесіп шығаруға маманданған кәсіпорындар арасындағы өндірістік байланыс.

**Концентрация** — (лат. *concentratio* — «шоғырлану», «топтастыру») өндірісті нығайту мақсатында өндірістік ірі кәсіпорының шеңберінде жабдық пен жұмыс күшін біріктіру.

**Еңбек өнімділігі** — өндіріс үдерісінде еңбек тиімділігі және өнімділігі оның бір өнімді шығаруға жұмсаған уақытымен немесе, керісінше, белгілі уақыт ішінде қанша өнім шығарғанымен өлшенеді.

**Қорытпалар** — екі немесе одан көп металдардың немесе бейметалдардың балқымаларының қатаюы нәтижесінен түзілетін денелер.

7) көліктік фактор (заманауи металлургиялық комбинаттар үлкен көлемде жүк тасымалдайды).

Аталған факторларды ескере отырып, металлургиялық кәсіпорындарды отын мен кен өндіру аудандарында, ал металлургияның соңғы сатысымен байланысты кәсіпорындарды дайын өнімді тұтынатын аудандарға орналастырған орынды.

Республиканың қара металлургия базасы аумақ бойынша темір кені мен су-энергетикалық ресурсы бар төрт облыста (Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе және Павлодар) орналас-тырылған.

Қазіргі таңда Қазақстан өнеркәсіптік кешенінде түсті металлургияның келесідей орталықтары дамуда: Шығыс Қазақстан, Ұлытау, Түркістан, Қарағанды, Павлодар облыстары.

**Қара металлургия және оның шикізатпен қамтылуы.** Қара металлургия кәсіпорындары темір кенін, сол сияқты хромит пен марганец кенін өндірумен, өңдеумен және қара металл өндірісімен айналысады (58-сурет). Ең көп қолданысқа ие — темір мен көміртек қорытпасы (шойын, болат, ферроқорытпа). Қазақстан темір, хромит, марганец кенімен толық қамтамасыз етілген (14-кесте).

**Қара металлургия құрамына:**

1) кенсіз шикізат өндірісі (отқа төзімді сазбалшық, флюстік шикізат және т.б.);



Шаршы Дөңгелек Бұрышты Таңбалы Рельсті Табақ

58-сурет. Қара металдардың негізгі кескіні

## Қара металлургия кәсіпорындарының түрлері

| Кәсіпорын түрлері                      | Шығаратын өнімдері  |
|--|---|
| 1. Толық циклді зауыттар (комбинаттар) | технологиялық үрдістердің барлық тізбегі (шойын-болат-прокат) орындалады                      |
| 2. Толық емес циклді зауыттар:         | шойын қорыту  |
| а) домналық                            |   |
| ә) болат құю зауыты                    | болат шығарады  |
| б) қайта өңдеу                         | болат пен прокат шығарады, көбінесе металл сынығынан  |
| в) прокат зауыты                       | прокат шығарады   |
| г) құбыр прокаты                       | құбыр шығарады  |
| ғ) ферроқорытпа өндірісі зауыты        | легирлегіш металл мен темір қорытпасын өндіреді (вольфрам, молибден, ванадий, хром, марганец) |
| д) кіші металлургия                    | машинажасау зауыттарында болат пен прокат өндірісі  |
| е) домнасыз металлургия                | тікелей қалпына келтіру әдісімен темір өндіру (электрпештеріндегі темір кені)                 |

2) қара металл өндірісі — темір және оның негізіндегі қорытпалар (шойын, болат, ферроқорытпалары жатады);

3) құбыр өндірісі (болат және шойын құбыр өндірісі);

4) кокс-химия өндірісі (кокс, кокс газын шығару);

5) металдарды екінші реттік өңдеу (металл сынығы мен қара металл қалдықтарын ұсақтау).

Қара металлургияның көптеген кәсіпорындары технологиялық үрдістердің барлық тізбегі (шойын-болат-прокат) орындалатын толық циклді металлургиялық зауыттардан (комбинаттар) тұрады.

**Қара металлургия географиясы.** Қарағанды толық циклді металлургия комбинаты Теміртау қаласындағы «Qarmet» — Қазақстандағы шойын өнімінің 100% -ын, болаттың 95% -ын беретін жалғыз өндіріс орны.


Қазақстанда үш ферроқорытпа зауыты бар: алғашқысы — Ақтөбе ферроқорытпа зауыты. Оның негізгі өнімі — феррохром. Шойын сапасын арттыру үшін Павлодар облысындағы Ақсу қаласында ферросилиций шығаратын ферроқорытпа зауыты салынған. Тараз қаласында үшінші зауыт Тараз металлургия комбинаты жұмыс істейді. Мұнда ферромарганец және ферросиликомарганецпен қатар марганецті темір өнімі шығарылады.



15-сызбанұсқа бойынша Қарағанды металлургия комбинатының шикізат базасын анықтаңдар.

**«Qarmet» Қарағанды металлургиялық комбинатының шикізат базасы**

Соколов-Сарыбай кен орны



**Түсті металлургия. Саланың құрамы мен маңызы.** Түсті металлургияға түсті металдар кенін өндіру, оларды байыту, қорыту және тазалау (рафинация), сондай-ақ қорытпа және прокат өндірісі кіреді (16-сызбанұсқа).

**Түсті металлургиядағы технологиялық тізбек**



Физикалық қасиеттері және қолданылуы бойынша түсті металдар ауыр, жеңіл, бағалы және сирек түсті металдар болып бөлінеді. (15-кесте).

**Түсті металл топтары**

| Негізгі                       |                         | Қиын балқитын, легирленетін және сирек металдар | Бағалы                          |
|-------------------------------|-------------------------|---|---------------------------------|
| Ауыр                          | Жеңіл                   |   |                                 |
| мыс, қорғасын, никель, қалайы | алюминий, титан, магний | вольфрам, молибден, ванадий, цирконий, кобальт  | алтын, күміс, платина, палладий |

Заманауи өндіріске берік, жемірілуге (коррозияға) төзімді және жеңіл конструкциялық материалдар қажет. Түсті металдар мен олардың қорытпалары бұл талаптарға толықтай сәйкес келеді.

Түсті металдар бағалы қасиеттерге ие: қалайы, қорғасын, никель жемірілуге берік; титан ыстыққа төзімді; алюминий, мыс, күміс жақсы электрөткізгіштер.

**Мыс өнеркәсібі.** Мыс қорытумен «Қазақмыс», Қазмырыш», «Ақтөбе мыс компаниясы», «Майқайыңалтын» компаниялары айналысады.

Қазақстанда екі ірі — Балқаш және Жезқазған мыс балқыту комбинаттары бар.

Түсті металл өндірісіндегі қалдықсыз технология қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстанның түсті металдары жоғары сапасымен ерекше. Өскемен мырышы, Балқаш, Жезқазған мысы эталон ретінде Лондон түсті металдар биржасында тіркелген. Түсті металлургияның ірі кәсіпорындары «Жезқазғانتүстімет» АҚ және «Қазақмырыш» салаішілік өнімнің 70% -ға жуығын шығарады.

**Қорғасын-мырыш өнеркәсібі.** Шығыс, Оңтүстік және Орталық Қазақстанда қорғасын-мырыш кендері кең таралған. Олардың құрамында көптеген элемент болғандықтан — полиметалдар деген атқа ие.

Қорғасын мен мырыштан басқа кен құрамында алтын, күміс, титан, магний, сурьма, мыс, мышьяк бар. Қорғасын-мырыш комбинаттары полиметалл кен орындары маңына салынады.

Шығарылатын өнім көлемі мен технологиялық деңгейі бойынша ең ірісі Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты болып табылады. Риддерде полиметалл комбинаты жұмыс істейді. Аталмыш кәсіпорындар, негізінен, қорғасын мен мырыш шығарады.

**Алюминий өнеркәсібі.** Табиғатта таза алюминий кездеспейді. Оның шикізат құрамы боксит, нефелин және алунит түрінде кездеседі. Нефелинді Екібастұз көмірінен бөліп алады. Алюминийді бокситтен өндіреді.

### Глоссарий:

#### **Ферроқорытпалар** —

темірдің басқа элементтермен (Cr, Si, Mn, Ti т.б.) қорытпасы, ең алдымен, болатты тотықсыздандыру мен легирлеу үшін қолданылады (мысалы: феррохром, ферросилиций). Ферроқорытпаларға шартты түрде құрамында темірі (силико-кальций, силикомарганец т.б.) және қоспалары ең аз кейбір металдар мен бейметалдар (Mn, Cr, Si) жатады.

**Легирлеу** (нем. *legieren*, лат. *ligare* — «байланыстыру, біріктіру») — металл құрамына басқа металдарды, қорытпаларды енгізу (мысалы, болатқа белгілі бір физикалық, химиялық немесе механикалық қасиеттер беру үшін хром, никель және басқаларын ендіру).

Алюминий өнеркәсібінің өзіндік технологиялық ерекшеліктері бар. Шикізатты өндіріп байытқаннан кейін, алюминий өндіру үдерісі екі кезеңге бөлінеді. Технологиялық үдерістің бірінші кезеңі — алюминий кендерінен (боксит немесе нефелин) глинозем (алюминий тотығы) өндіру. Екінші кезең — алюминий тотығынан таза алюминий қорытып алу. Павлодарда глинозем шығаратын зауыт және электролиз зауыты бар.

**Вольфрам-молибден өнеркәсібі.** Қиын балқитын және легирленетін (болаттың сапасын арттыру, яғни майысқақтық және иілімділік қасиет беру үшін қосады) металдарға вольфрам, молибден және ванадий жатады. Қазақстан дүниежүзінде вольфрамның қоры жөнінен бірінші орында.

**Титан-магний өнеркәсібі.** Өскемен титан-магний комбинаты Оралдан (Ресей) келетін арзан шикізатты қолданады. Жақын уақытта Жайсан көлі маңындағы (Шығыс Қазақстан) Кендірлік титан кен орны игерілетін болады.

Оңтүстік Корея компаниясы мен Өскемендегі титан-магний комбинаты арасындағы келісімнің негізінде Өскемен қаласында «Посук Титаниум» жаңа зауыты салынған. Онда өнеркәсіпке, энергетикаға, тұщыландыру қондырғыларына арналған ыстық және суық күйінде иленген титан табақтары мен құбырлары өндіріледі.

**Алтын өндіру өнеркәсібі.** Республикада алтынның барланған қоры — 1700 т (бұл әлемдік қордың 4% -ы), Қазақстанда алтын кен орындары кешенді және шашыраңқы орналасқан.



«Қазақстанның пайдалы қазбалары» картасынан алтынды өндіру мен қайта өңдеу кәсіпорындарын табындар. Олардың осы асыл металды өндірудегі дәрежесі туралы айтып беріңдер.

Қазақстан — алтын кені өндірілетін ежелгі өлкелердің бірі. Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1996 жылы алғашқы алтын құймалары Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатында шығарылды. Солтүстік және Орталық Қазақстанда Жолымбет, Васильков, Бестөбе, Ақсу, Ақбейіт; Батыс Қазақстанда Юбилейное; Шығыс Қазақстанда Бақыршық, Суздаль; Оңтүстік Қазақстанда Ақбақайда алтын өндіретін ірі кен орындары бар. Қазақстан алтын өндіру бойынша ТМД-да Ресей, Өзбекстаннан кейін үшінші орында.

**Сирек және шашыраңқы металдар** Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда таралған. Кенді Алтайда магний, германий, уран, торий, сынап және басқалары өндіріледі.



16-кестені қолдана отырып, түсті металдардың топтарын анықтаңдар.



Үлбі металлургиялық комбинаты — тантал мен оның ұнтағын, уран ұнтағы мен бериллий өндіретін жалғыз кәсіпорын. Галлийдің жалғыз өндірушісі — «Қазақстан алюминийі» АҚ, ал ТМД-дағы ренийдің негізгі өндірушісі — «Жезқазғансирекмет» кәсіпорны.

Жыл сайын металлургия кәсіпорындары атмосфераға ондаған миллион тонна зиянды заттар шығарады. Салада қалдықтарды жоюдың маңызы зор. Көптеген түсті металдар құрамында күкірт бар. Кенді қорыту кезінде күкіртті қосылыстар бөлініп, ауаны улайды, ол атмосфера ылғалымен әрекеттесе отырып, қышқылды жауындар түзеді. Зиянды салдарлардың алдын алу үшін қалдықтарды шығаруды азайту жолын ойластырып, тазалау құрылғыларын жаңартып отыру керек. Ашық әдіспен кен өндіру ондаған мың гектар жерді жарамсыз етіп табиғатқа, орасан зор зиян келтіреді. Жердің біршама алқаптары сол металлургия кәсіпорындарын салудың негізінде шаруашылық айналымнан шығады.

Шетелдік сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстан халықаралық түсті металдар нарығында жетекші орын алады. Қазақстанның жалпы ішкі өнімінде және елдің қаржылық түсімінде түсті металлургияның алатын орны ерекше. Қазақстан өзінің шикізаты мен металлургия өнімін әлемнің көптеген елдеріне шығарады (16-кесте).

16-кесте

**Өнім экспортының негізгі бағыттары**

| Өнім түрлері               | Негізгі импорттаушы елдер                       |
|----------------------------|---|
| Көмір                      | Ресей   |
| Темір кені                 | Ресей   |
| Глинозем (алюминий тотығы) | Ресей   |
| Алюминий                   | Ресей, Қытай                                    |
| Ферроқорытпалар            | Қытай, Ресей, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея |
| Мырыш                      | Қытай, Италия, Нидерланд                        |
| Қорғасын                   | Швейцария, Испания                              |
| Мыс                        | Швейцария, Италия, Біріккен Араб Әмірліктері    |
| Күміс                      | Ұлыбритания, Германия, Швейцария                |
| Сирек металдар             | АҚШ, Жапония, Нидерланд, Оңтүстік Корея, Ресей  |



- Бүгін мен ... білдім.
- Мен үшін ... жаңалық болды.
- ... қиындықтар туғызды.
- Мен ... үйрендім.
- Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Metallургиялық кешен дегеніміз не? Бұл кешеннің Қазақстан шаруашылығындағы мәні қандай?
2. Конструкциялық материалдардың маңызы қандай?
3. Metallургиялық кәсіпорындарды орналастыруға қандай факторлар ықпал етеді?
4. Қара metallургия кәсіпорындары қандай өнім шығарады?
5. Қара metallургия кәсіпорындарын және олар өндіретін өнімдерді атаңдар.
6. Түсті metallургияның мейлінше дамыған салаларын қысқаша сипаттаңдар.
7. Қазақстанның metallургия өнеркәсібінің қандай ірі кәсіпорындарын білесіңдер?



1. Картаны қолдана отырып, темір, марганец, хромит кен орындарының, сонымен қатар түсті металдардың ірі кен орындарының орналасуын анықтаңдар.
2. Кескін картада қара metallургия кен орындары мен зауыттарын көрсетіңдер.
3. Біздің еліміздің басқа өнеркәсіп салаларының қалыптасуына metallургияның дамуы қалай әсер етті?
4. Неліктен metallургия комбинаттары табиғи ортаны ластаушы болып табылады?



1. Неліктен түсті металдарға деген қажеттілік ГТР дәуірінде жоғарылауда?
2. Қазақстанда қара metallургияның толық циклді бір ғана комбинаты бар, ол — «Qarmet». Табиғи-ресурстық және экономикалық әлеуетін ескере отырып, Қазақстанның қай аймағында соған ұқсас комбинат салуға болады? Өздеріңнің ойларыңды дәлелдендер.
3. Қазақстанның metallургия өнеркәсібі отандық экономиканың ірі секторына жатады. Қазақстанның негізгі тау-кен metallургия компаниялары, ең алдымен, Еуразия өнеркәсіптік ассоциациясы, «Qarmet», «Eurasian Resources Group», «Қазақмыс» АҚ корпорациясы, «Қазмырыш» АҚ, «Қазхром» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ бір өндірістік-шаруашылық кешен болып табылады және өз құрамында өндіру, байыту, metallургиялық өңдеу кәсіпорындары, сонымен қатар энергия және жылу өндіретін кәсіпорындарын біріктіріп, қаржылық, маркетингтік, сату, сыртқы экономикалық, ғылыми зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ететін инфрақұрылымды дамытады.  
Интернет-ресурстары мен қосымша географиялық ақпарат көздерін пайдаланып, мәтінде көрсетілген Қазақстанның тау-кен metallургия өнеркәсібінің ірі компанияларының біріне хабарлама дайындаңдар, нәтижесін реферат түрінде рәсімдендер.

## § 45. Қазақстанның машинажасау кешені

**Машинажасау кешені.** XX ғасырдың 90-жылдары машинажасау өнеркәсібі бүкіл өнеркәсіп өнімінің 15% -ын берді. Қазір оның үлесі 3,2% -ға дейін азайды.

Бүгінгі таңда отандық машинажасау өнеркәсібінде автокөлік құралдары мен олардың бөліктері, бөлшектер мен қозғалтқыштар;

электр машиналары және электрқұрылғылары; ауылшаруашылық техникасы; теміржол техникасы; тау-кен өнеркәсібі және мұнай өндіру мен мұнай өңдеу өнеркәсібі үшін машиналар мен жабдықтар өндірісіне ерекше көңіл бөлінген. Қазір Қазақстанда Avis Electronics, Alstom, Chevrolet, BestRover, Toyota, Talgo, LG және т.б. сынды ірі әлемдік машинажасау көшбасшылары табысты жұмыс атқаруда. Қазақстандық өндірушілердің өнім түрлерінде бұрын біздің елде шығарылмаған жаңа жоғары технологиялық өнімдер пайда болды: локомотивтер, электровоздар, жолаушы вагондары, тікұшақтар, автокөліктер.

**Кешеннің маңызы.** Машинажасау кешені барлық басқа кешендерді жабдықтармен қамтамасыз етеді. Сәйкесінше машинажасау кешенінің дамуына экономиканың басқа да салаларының дамуы тәуелді. Сонымен қатар еліміздегі машинажасау саласына ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері енуде.

**Технологиялық үдерістің ерекшеліктері.**

Машинажасаудағы технологиялық үдеріс үш деңгейді қамтиды: *дайындық, механикалық өңдеу, жинақтау*. Бұл жерде басты құрастыру материалы — қара металл, сондай-ақ түсті металдар, ағаш, әйнек өнімдері, химиялық материалдар, жаңа материалдар да (композиттер, пластиктер және т.б.) кеңінен қолданылады.

Дайын өнім көптеген жеке және толықтырушы бөлшектерден тұратындықтан бір кәсіпорын шегінде шығарылуы мүмкін емес. Сондықтан да машинажасауда, басқа салаға қарағанда, мамандандыру мен кооперациялау (бірлестіру) жоғары дамыған (17-кесте).

17-кесте

| Мамандану түрлері                         |  |   |                             |
|---|--|---|-----------------------------|
| Заттық                                    | Бөлшектік                                | Технологиялық                                     | Функциялық                  |
| Дайын өнімнің белгілі бір түрлерін өндіру | Жеке және толықтырушы бөлшектер өндірісі | Технологиялық циклдегі жеке операцияларды орындау | Өндіріс және қызмет көрсету |

Ірі машинажасау кәсіпорындарында мамандану жеке цехтар мен бөлімшелер деңгейінде жүргізіледі, бірақ бір кәсіпорында

### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстанда жеке-леген табиғат ресурстарын өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атап, картадан көрсетуге дағдыланасыңдар;  
— машинажасау кешенін сипаттауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ машинажасау кешені
- ✓ технологиялық үдеріс
- ✓ мамандану және оның түрлері
- ✓ кооперациялау
- ✓ орналастыру факторлары
- ✓ материал қажеттілігі
- ✓ еңбек қажеттілігі
- ✓ ғылымға қажеттілік

**Глоссарий:**

**Машинажасау кешені** — бұл көлік жабдықтарын, еңбек құралдарын, тұтыну заттарын, қорғаныс мақсатында қолданылатын өнімдерді шығаратын және машина өндірісі үшін металл өңдеуді іске асыратын салалар жиынтығы.

**Мамандану** (ерекше, жалғыз) — қоғамдық еңбек бөлінісінің ұтымды ұйымдастырылған формасы. Өнімнің жеке түрлерін, жеке салалардағы, өндіріс-тегі немесе мамандандырылған кәсіпорындардағы олардың бөлшектерін немесе өндіріске шоғырлану үдерісін бейнелейді.

қажетті барлық жиынтық бөлшектер өндірілмейді. Үлкен кәсіпорындар тар шеңберде мамандандырылған болып келеді. Сондықтан олардың жұмысы толықтырушы бөлшектерді жеткізуші және өнімді тұтынушы зауыттардың жұмыс кестесіне тәуелді болады.

Құрастырып жинақтаушы кәсіпорындар — біршама ірі кәсіпорындар. Олардың маңына дайындамалар, бөлшектер және толықтырушы бөлшектерді дайындайтын шағын зауыттар орналасып кешен түзеді.

Машинажасаудағы маманданудың барлық түрінің дамуы салалық кәсіпорындармен қатар, басқа кәсіпорындар арасында кооперациялауды кең ендірумен тығыз байланысты. Кооперациялау салаішілік және салааралық, ауданішілік және ауданаралық байланыстарды қалыптастырады.

**Кәсіпорындарды орналастыру факторлары.** Машинажасау кәсіпорындарын орналастыруға көптеген факторлар әсер етеді (17-сызбанұсқа).

Алғашқы маңызды фактордың бірі — тармақталған көліктік желі мен қолайлы магистральдардың болуы. Өндірістік байланыстарды көлік және көлік желісінің дамуынсыз жүргізу мүмкін емес.

17-сызбанұсқа



Өнеркәсіптің өндіруші салалары үшін жабдықтар, ауылшаруашылық техникасы, станоктар, кеме, автокөліктер, тоқыма өнеркәсібіне қажет жабдықтар өндіретін машинажасау кәсіпорындары, негізінен, өнімді тұтынатын аудандарға жақын орналастырылады. Машинажасаудың кейбір салаларына шикізат базалары — машинажасау зауыттары үшін металл балқытатын қара металлургия кәсіпорындарының жақын орналасуын ескеру қажет. Металл қажеттілігі жоғары машинажасау салаларына кен-шахталық және мұнай жабдықтары өндірісі, энергетикалық машинажасау, сонымен қатар кейбір көлік саласына қажетті машинажасау түрлері (мысалы, тепловоз құрылысы) жатады.

Машинажасау кешенінің көптеген салалары өндіріс үдерісінде көп еңбекті қажет ететіндігімен сипатталады. Мысалы, тоқыма станоктарын жасау үшін 1000 сағат еңбек уақыты жұмсалады. Сондықтан машинажасаудың салалары халық шоғырланған аудандарға орналасады.

Ғылыми нақтылықты, дәлдікті қажет ететін салаларға аспап жасау, электроника және электротехника жатады. Машинажасау кешенінің мұндай салаларын орналастыру үшін ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың жүргізілуімен қатар (ҒЗТҚЖ), білікті мамандардың болуы шарт.

**Машинажасаудың салалық құрамы.** Машинажасау кешені өзінің құрылымы бойынша күрделі. Ол өндірілетін өнімнің қолданысына, ұқсас технологиялары мен қолданылатын шикізат көзіне қарай бірнеше салаға бөлінеді (18-сызбанұсқа).

**Глоссарий:**

**Технологиялық үдеріс** — дайындамалардың біртіндеп дайын өнімге айналуын қамтамасыз ететін өндіріс үдерісінің бөлігі.  
**Кооперациялау** — (лат. *cooperatio* — ынтымақтастық немесе серіктестік) — кәсіпорындар, салалар мен ел аудандары арасындағы, сонымен қатар біріккен қоғамдық еңбек бөлінісі мақсатында елдер арасындағы өндірістік байланысты ұйымдастыру.

18-сызбанұсқа

**Машинажасау кешенінің салалары**



**Глоссарий:**

**Материал қажеттілігі** — қандай да бір өнім өндіруге кететін материалдық ресурс шығынының көрсеткіші. Өнім бірлігін дайындауға қажетті шикізат, материал, отын және энергия шығыны бірліктері түрінде беріледі.

**Еңбек қажеттілігі** — өнім бірлігін өндіруге көп еңбек шығыны қажет салалар.

**Бірлескен кәсіпорындар** — ең жоғары экономикалық пайдаға жету үшін әр тараптың әлеуетін толық пайдалану мақсатында екі немесе бірнеше кәсіпорын бірлесе құрылған халықаралық фирмалар.

**Ғылым қажеттілігі** — зерттеу жұмыстарына кететін шығынның өнім бағасына қатынасы (салалар мен компаниялар үшін) немесе ЖІӨ (ел экономикасы үшін).

Электр энергиясын өндіруге, таратуға және тұтынуға қажетті машиналар мен құрылғылар *электротехникалық машиналар* деп аталады. Қазақстанда Семей «ҚазЭлектроМаш» ЖШС кабель-сым зауыты, Өскемен конденсат зауыты, Талдықорған аккумулятор зауыты, Қарағанды электротехникалық құрылғылар зауыты, Ақтөбе рентген аппаратурасы зауыты мен Көкшетау оттекті-тыныс алу аппаратуралары зауыты, Шымкент «Электроаппарат» зауыты жұмыс істеуде.

Кентау трансформатор зауыты — елдегі электротехникалық құрылғыларды шығарушы жалғыз кәсіпорын.

Алматыда троллейбустар және «Hyundai», «Chevrolet» маркалы жеңіл автокөліктер құрастырылады. Сонымен қатар электр энергиясын есепке алу аспаптарын шығаратын «Сайман корпорациясы» ЖШС бар. Қостанай қаласында Chevrolet автокөлігін құрастыратын кәсіпорын жұмыс істейді.

Металл өңдеу мен дайындау саласына жататын Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия комбинаты цехында Қазақстан «Теңге сарайы» құрылып, теңге шығаруға дайындық басталды. Сол уақытта Теңге сарайы Қазақстан Республикасының ордендері мен төсбелгілерін, әскери қызметкерлерге арналған үздік белгілерін шығарып тұрды. Ал 1993 жылы ол ұлттық валюта — теңгенің енуіне байланысты ұсақ монеталарды шығара бастады.

Қазақстанның машинажасау кешені 2 мыңнан аса машина, шаруашылық салаларына қажетті аспаптар мен жабдықтар түрін шығарады. Сондай-ақ басқа елдерден де станоктар, теміржол қозғалмалы құралдары, автокөліктер, кемелер, ұшақтар және т.б. әкелінеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның алдында заманауи автоматты, телемеханикалық аспаптар, электрондық-есептеуіш және ауылшаруашылық техникалары, автокөліктер және т.б. өндірісін құру міндеті тұр.

Қазақстан машинажасау кешенінің салалық құрамына және кәсіпорын түрлеріне назар аударыңдар.

Сала барлық облыстарда дамыған, дегенмен 4 аймақта үлкен шоғырлану байқалады: Алматы қаласы, Қарағанды, Қостанай және ШҚО облыстары.



|                  |                     |                                    |
|------------------|---------------------|------------------------------------|
| Бәрі түсінікті + | Ештеңе түсінбедім - | Қызықты, тағы да білгім келеді (?) |
|                  |                     |                                    |



1. Маманданудың әртүрлі түріне мысалдар келтіріңдер.
2. Машинажасау кәсіпорындарын кооперациялау дегеніміз не?
3. Қазақстан машинажасау кешенінің салаларын атаңдар.
4. Машина шығару бойынша Қазақстанның 5 экономикалық ауданының өзара айырмашылықтары неде?
5. Машинажасаудың салалық құрамын атаңдар.



1. Қазіргі уақытта машинажасау кешені қалай дамуда?
2. Неліктен машинажасау саласы кешенді болып саналады?
3. Еліміз экономикасының дамуында машинажасау кешенінің рөлі қандай?
4. Машинажасау кәсіпорындарын орналастырудың басты факторлары қандай?
5. Еліміздің қай облыстары машинажасау өнімдерінің көп бөлігін шығарады?
6. Қалай ойлайсыңдар, неліктен машинажасау өнеркәсібінде сырттан әкелінетін өнім сұранысы жоғарылап тұр?
7. Сендердің өлкелеріңде қандай машинажасау кәсіпорындары жұмыс істейді? Олардың салынуына негіздеме беріңдер.

#### Тапсырма

1. Машинажасау кешенінің басқа салалық кешендермен байланысын дәптерлеріңе сызып көрсетіңдер. Олардың жеткізетін өнімдеріне мысал келтіріңдер.
2. Жоғарыда біз машинажасау кешенінің даму жоспарын бір қала және үш облыс қамтамасыз еткенін айтқан болатынбыз. Интернет-ресурстары мен өзге ақпарат көздерін пайдалана отырып, көрсетілген облыстар аумағында машинажасаудың қандай кәсіпорындары бар екенін анықтаңдар.
3. 16-сызбанұсқаны пайдаланып, өздерің тұратын аймақта машинажасаудың нақтылы қандай кәсіпорындары жұмыс істейтіні жайлы деректер іздестіріңдер.



«Қазақстандағы шетелдік компаниялар, фирмалар қатысуымен бірлескен кәсіпорындар» тақырыбындағы сабаққа хабарлама дайындаңдар.

## § 46. Химия өнеркәсібі

**Химия өнеркәсібінің құрамы мен рөлі.** Химия өнеркәсібі ел шаруашылығында маңызды рөл атқарады. Машинажасау электрэнергетикамен қатар, химия өнеркәсібі ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ететін соңғы технологиялық циклдің саласы болып табылады. Ол шикізат пен қалдықтарды кешенді түрде

**Бүгінгі сабақта:**

- Қазақстанда жеке-леген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін білесіңдер;
- химия өнеркәсібімен танысасыңдар.

**Жетекші ұғымдар:**


- ✓ салааралық байланыстар
- ✓ химияландыру
- ✓ салалық құрамы
- ✓ орналастыру факторлары
- ✓ қиыстыру

өңдеуге үлкен мүмкіндіктер тудырады. Химиялық технологиялар мен материалдарды шаруашылықтың барлық салаларында кең қолдануды *химияландыру* деп атайды (19-сызбанұсқа).

Химия өнеркәсібі шикізатты өңдеумен ғана қана шектелмейді. Ол табиғатта жоқ, қасиеттері алдын ала белгіленген мүлдем басқа материалдар жасап шығара алады. Өртүрлі химиялық материалдарды, соның ішінде қымбат әрі тапшы табиғи материалдардан жасалған заттарды алмастыра алатын конструкциялық материалдарды, яғни олардың баламаларын шығарады. Мысалы, машинажасауда кейбір химиялық материалдар қымбат металды алмастырады. Химия өнеркәсібінің шикізат базасы кең: мұнай, табиғи газ, минералды тұздар, фосфорит, күкірт, гипс, ауа, су, ағаш, өндіріс қалдықтары, көмір, металлургия, мұнай өңдеу өнеркәсіптері. Көмір (көмірхимия), металлургия (коксхимия), мұнай өңдеу (мұнайхимия) өнеркәсіптерімен бірігіп халықты тауармен қамтамасыз етеді. Жер бетіндегі бар тіршілік атаулыға қажетті түрлі өнімдер шығарады (дәрі-дәрмек, өсімдіктерге арналған, суды тазартатын, ағындарды залалсыздандыратын препараттар, тұрмыстық заттар т.б.).

19-сызбанұсқа

**Химияның салааралық байланыстары**



**Химия өнеркәсібінің салалық құрамы және кәсіпорындарын орналастырудың негізгі факторлары.** Химия өнеркәсібі — химиялық шикізатты өндіріп, оны механикалық немесе химиялық өңдеуден өткізетін және түрлі өнім шығаратын салалар жиынтығы.



Химия өнеркәсібі құрамына әртүрлі шикізатты қолданып, өнім шығаратын төрт сала кіреді (20-сызбанұсқа).




Химия өнеркәсібінің салалық құрамына, кәсіпорындарды орналастыру факторларына назар аударыңдар.

20-сызбанұсқа

| <b>Химия өнеркәсібі</b>                                    |   |   |  |
|--|---|---|--|
| Тау-кен химиясы  | Негізгі химия   | Полимерлік материалдар химиясы  | Жоғары технологиялық өңдеуші салалар   |
| Фосфорит, апатит, тас, ас тұзы, күкірт және әктас өндірісі | Қышқылдар мен сілтілер, тұздар мен содалар, минералды тыңайтқыштар, хлор өндірісі | Синтетикалық шайыр, көксағыз, пластмасса (полиэтилен, полипропилен, полистирол), синтетикалық талшықтар өндірісі. Органикалық қышқылдар, спирт өндірісі | Пластмасса, шина, резина-техникалық бұйымдар, синтетикалық бояулар, лак, дәрілер, тұрмыстық химия және өсімдіктерді қорғауға арналған заттар |

Химия кәсіпорындарының орналасуына әсер етуші негізгі факторларға шикізат, су, энергетика, тұтынушылар және экологиялық жағдай жатады. Зауыттарда өндірістік үдерістерді автоматтандыру кең қолданылады. Мысалы, химия өнеркәсібі кәсіпорындарында жұмысшылар саны металлургия саласымен салыстырғанда аздау болып келеді.

**Химия өнеркәсібі географиясы.** Қазақстанда пайдалы қазбалар: фосфорит, күкірт, тұз, әктас және басқа да шикізат өндірісімен айналысатын тау-кен химиясы дамыған. Фосфорит кені Жамбыл (Қаратау) және Ақтөбе (Шилісай) облыстарында өңделеді. Күкірт түсті металдар кені құрамында, Көкшетауға жақын Алексеев кен орнында кездеседі. Ас тұзы Арал, Балқаш жағалауында, Шу өзені бойында, Қалқаманда, Тобылжанда, Павлодар облысында бар. Калий тұзы Атырау облысындағы Индер көлінде өндіріледі. Химия өнеркәсібінің ерекшелігі — табиғатта кездеспейтін жасанды заттар шығаратындығы және тау-кен химиясы шикізатының негізінде жұмыс істейтіндігі. Ақтөбе алабының фосфориті қышқыл топыраққа бірден өндіруге болатындығымен ерекшеленеді (мысалы, республиканың солтүстігінде қышқыл топырақ басым) (59-сурет).



59-сурет. Қазақстанның химия өнеркәсібі

Химия өнеркәсібінің шикізат көзіне фосфорит, ас және калий тұздары, күкірт колчеданы, көмір, табиғи газ, металлургия газдары, кокс газдары жатады. Фосфор тыңайтқыштары өнеркәсібі материал қажеттілігінің төмендігіне байланысты шикізат көздерімен байланыспай, тұтынушыға негізделген. Фосфоритті Қаратау мен Жаңатаста өндіріп, тыңайтқыштарды Таразда — Тараз фосфор зауыты мен минералды тыңайтқыштар зауытында шығарады (60-сурет). Фосфор тыңайтқыштарын фосфорит пен күкірт қышқылынан алады.

Азот тыңайтқыштарын өндіретін кәсіпорындар пайдаланылған шикізат түріне байланысты (кокс, кокс газы, табиғи газ) көмір және газ өндіру орындарында (Теміртау қ., «ҚазАзот» Ақтау қ.) орналасады. Павлодар «Каустик» зауыты — каустик содасы, хлор және синтетикалық тұз қышқылын шығарудан көшбасшы.



«Химия өндірісін орналастыру» картасы бойынша химиялық пайдалы қазбалар кен орындары мен өнім өндіру орталықтарына назар аударындар.

Химия өнеркәсібінің кең қолданылатын өнімінің бірі — күкірт қышқылы. Күкірт қышқылын алу үшін күкірт пен су қажет. Күкірт гипс, күкіртті газ және түсті металл кендері құрамында кездеседі. Күкірт қышқылы өнеркәсібі, негізінен, күкірт қышқылын ең көп тұтынатын орындарда орналасады. Күкірт қышқылын:



60-сурет. Тараз «ҚазФосфат» зауыты

- ауыр және түсті металдар қорытатын металлургия орталықтарында (Жезқазған, Балқаш, Өскемен, Риддер);
- уран өндіру орталықтарында (Степногорск);
- фосфор тыңайтқыштары өндірісі орталықтарында (Тараз) өндіреді.

Арал мен Павлодарда жергілікті шикізат негізінде ас тұзын өндіру кәсіпорындары жұмыс істейді.

**Глоссарий:**

**Полимерлер (көп, *meros* — үлес, бөлік)** немесе жоғары молекулалы қосылыстар — молекула құрамында өзара химиялық байланыстармен қосылған мыңдаған атомдары бар және өздеріне тән қасиеттерімен ерекшеленетін заттар тобы.

**Кокс** — таскөмірді ауасыз  $95^{\circ}$ — $110^{\circ}$ C-та кокстеу жолымен алынған сұр түсті, қатты кеуекті өнім.

Қазақстандағы химия өнеркәсібінің маңызды саласы — полимерлі материалдар өнеркәсібі. Саланың шикізат базасын ілеспе мұнай және табиғи газ, мұнай өңдеудегі көмірсутектер, көмір құрайды.

Синтетикалық шайыр мен пластмассалар өндірісі ірі шикізат қорына ие аудандарда шоғырланған. Маңғыстау облысының орталығы Ақтауда синтетикалық шайыр және пластмасса шығаратын зауыт жұмыс істейді.

Пластмасса бұйымдарын шығаратын аса ірі зауыттар Атырау (полиэтилен құбырлары), Алматы және Астана қалаларында орналасқан.

Синтетикалық көксағыз өндірісі табиғи газ бен мұнай, мұнай өңдеу мен көмір өндіру аудандарында орналасады. Мысалы, Теміртау қаласындағы Қарағанды синтетикалық көксағыз зауыты.

**Мұнай химиясының** болашағы зор. Атырау облысында Қаратабан ауылында Теңіз мұнай кен орны аумағында интеграцияланған Атырау газ-химия кешені құрылысы аяқталып, іске қосылды.

Елімізде үш мұнай өңдейтін зауыт жұмыс істейді: Атырау, Павлодар және Шымкент қалаларында.

**Фармацевтика өнеркәсібі** — химия өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі. Қазіргі пайдаланылатын дәрілердің 30% -ы отандық болып саналады. Қазақстанда бес ірі фармацевтикалық фабрика жұмыс істеуде. Олар: Павлодардағы «Ромат» және Шымкенттегі «Химфарм», Алматыдағы «Нобель» фабрикалары, Алматы облысындағы «Abdi Ibrahim Global Pharm» LLP мен Қарағанды фармацевтикалық зауыты. Бұл кәсіпорындар отандық дәрі-дәрмектің 90% -ын шығарады. Республикамыздағы фармацевтикалық препараттар мен сабын өндірісі кәсіпорындарының төрттен үш бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысына («Химфарм» АҚ, «Шымкентмай» АҚ, «Эль-Дос» АҚ) тиесілі.

Жамбыл облысында қауіпті және аса қауіпті вирустық ауруларға қарсы диагностикалық және профилактикалық препараттар дайындауда, онда биологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша ҒЗИ жұмыс істейді. Республикада ең алғаш бірегей, жергілікті жағдайларға икемделген, құс және шошқа тұмауына қарсы отандық вакцина жасалды. Қазақстан Қытай, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Вьетнам сияқты елдермен қатар, осы ауруларға қарсы әлем бойынша алғашқылардың бірі болып жеке вакцина жасап

шығарды. Сонымен қатар COVID-19-ға қарсы QazVac (QazCovid-in) отандық вакцина шығарылды. Қазақстандық вакцинаның жасалуы біздің елімізді коронавирусына қарсы өз вакциналарын әзірлеген әлемнің бес елінің қатарына енуіне мүмкіндік берді.

Химия өнеркәсібі — экологиялық «лас» салалардың бірі. Павлодар, Шымкент, Тараз, Ақтау, Теміртау, Өскемен сияқты қалалардың су, топырақ, ауасының ластануы тікелей химия өнеркәсібімен байланысты. Көптеген химиялық өндірістер қоршаған ортаны ластаушы болып табылады, оларды орналастыруда экологиялық фактор міндетті түрде ескерілуі керек.



- Бүгін мен ... білдім.
- Мен үшін ... жаңалық болды.
- ... қиындықтар туғызды.
- Мен ... үйрендім.
- Мен өзіме риза болдым, себебі ... .
- Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



#### Топтық жұмыс

1. Неліктен ел экономикасында химия өнеркәсібінің рөлі жоғары? Әр топ бір-бір мысал келтіреді.
2. Химия өнеркәсібі мен шаруашылықтың басқа салалары арасындағы байланысты көрсететін мысалдар келтіріңдер. Сызба сызыңдар.
3. Қазақстанның қай аймақтарында химия өнеркәсібі дамыған?
4. Сала кәсіпорындарын орналастыруға қандай факторлар әсер етеді?
5. Химия өнеркәсібі өнімдерін тұрмыста қолдану мысалдарын келтіріңдер.
6. Химия өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін әсері қандай?



Олардың табиғатқа теріс ықпалын қалай төмендетуге болады? Шағын жоба дайындаңдар.



1. Сендер тұратын жергілікті жерде қандай химиялық кәсіпорын орналасқанын анықтаңдар. Оны орналастыру факторларын, өндіретін өнімін сипаттаңдар. Алынған мәліметтерді баяндама түріне келтіріңдер.
2. Қалалар мен елді мекендердің айналасында қоршаған орта мен адамдарға кері әсер ететін өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар үйіліп жатады. Оларды қайта өңдейтін, кәсіпорын құрылысы жайлы түрлі ойлар айтылып жүр. Алайда әлі оң шешімін таппады. Осы мәселені реттеу үшін не жасауға болады? Өз ойларыңды ұсыныс түрінде рәсімдеңдер.

## § 47. Ағаш өңдеу өнеркәсібі. Құрылыс материалдары өндірісі

Республика аумағының табиғи орман ресурстары 4,2%, елді ауқымды түрде көгалдандыру мақсатында қолдан отырғызылған көшеттерді («Астананың жасыл белдеуі» және т.б.) қоса есептегенде, 4,6% -ды құрайды. Қазақстан ормандарының басым бөлігі — сексеуіл. Орманды дала зонасында, көбінесе қайыңдар мен көктеректі

**Бүгінгі сабақта:**

— Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін анықтайсыңдар;  
— ағаш өңдеу өнеркәсібі мен құрылыс саласын картадан көрсетуге дағдыланасыңдар.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ орман ресурстары
- ✓ механикалық өңдеу
- ✓ химиялық өңдеу
- ✓ целлюлоза
- ✓ кластерлер
- ✓ импорт
- ✓ экспорт

тоғайлар өседі. Қылқанжапырақты ормандар таулы аудандарда, еліміздің шығысында, оңтүстік-шығысында, солтүстік-шығысында кездеседі.

Бұл аймақтарда қарағай, шырша, тяньшань шыршасы, самырсын, балқарағай т.б. көп өседі. Ағаш дайындау үлесінің көп бөлігі осы аймақтарға тиесілі.

Сексеуіл — жергілікті халық пайдаланатын отынның бір түрі. Ол еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-батыс аудандарында өседі. Сексеуіл Қазақстанның осы аймақтарында отын ретінде дайындалып, шетелдерге тасымалданады. Қазіргі кезде рұқсатсыз сексеуіл дайындауға қатаң тыйым салынған.

**Орманшаруашылығының салалық құрамы.** Орман өнеркәсібі — ағашты дайындауға, оны механикалық және химиялық өңдеуге, қайта өңдеуге қатысатын салалар жиынтығы. Әртүрлі технологияларды пайдаланып, ағаштан өнім түрлерін алуға болады.

Орманның адам өмірінде алатын орны өте жоғары. Ағаш — құрылыста конструкциялық материал, тау-кен өнеркәсібінде (шахта жақтауларын тіреу), машинажасауда (кеме, ұшақ, вагон), жиһаз, қағаз, сіріңке және басқа өнімдерді өндіруде қолданылады.

Орман өнеркәсібі салалары негізгі өнім өндіру кезеңдерімен байланысты аталады (21-сызбанұсқа).

21-сызбанұсқа



**Ағаш дайындау.** Елімізде ағаш өңдеу өнеркәсібі шикізатпен толық қамтылмаған, яғни шикізат базасы жеткіліксіз. Орман өнеркәсібі ағашты дайындау, өңдеу және тасумен айналысады.

**Ағашты механикалық өңдеу.** Механикалық өңдеу мынадай салаларға бөлінеді: ағашты кесу, жиһаз өнеркәсібі, ағаш жоңқалы және ағаш талшықты плиталар дайындау.

Кесілген материалдар ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының шикізаты болып табылады. Ағаш өңдеу кәсіпорындары Семей, Өскемен, Риддер, Шемонаиха, Черновинск, Көкшетауда орналасқан. Ағаштан құрылыс материалдарын, терезе және есік жақтауларын, ұсталық бұйымдарды, плиталарды шығарады. Ағаш өңдеу өнеркәсібі, елдің басқа аймақтарымен салыстырғанда, Шығыс Қазақстанда жақсы дамыған.

Жиһаз шығаратын кәсіпорындар тұтыну аудандарында орналасады. Бұл жиһазды тасымалдау ағаш тасымалына қарағанда қымбатқа түсуімен байланысты, ал өндірістің өзі арнайы мамандардың болуын талап етеді. Алматы, Өскемен, Қарағанды, Павлодар, Шымкент және басқа қалаларда жиһаз шығарылады.

Бүгінгі күнде елімізде жиһаз өнеркәсібінің дамуына мүмкіндіктер бар, оның өнімі ішкі нарықта ресейліктермен бәсекелес бола алады.

**Ағашты химиялық өңдеу** — ағашқа әртүрлі химиялық қосылыстармен әсер ету арқылы өңдеу. Ағашты химиялық өңдеу бірнеше өндірісті біріктіреді. Оған целлюлоза, қатырмақағаз, қағаз өндірістері жатады. Өндірісте қылқанжапырақты орман ағаштары, арзан ағаш қалдықтары пайдаланылады. Өндіріс энергия, су, шикізат, күрделі құрылғылар мен технологияларды көп мөлшерде қолдануымен ерекшеленеді. Алматы облысы, Қарасай ауданының Абай кентінде қағаз және қатырмақағаз шығаратын фабрика жұмыс істейді. Ол өз өнімдерімен Қазақстанды ғана емес, Орталық Азия республикаларын да қамтамасыз етеді.

**Құрылыс материалдары өндірісі** — республика шаруашылығының жетекші салаларының бірі. Сала кәсіпорындарында цемент, шифер, асбестті-цементті құбырлар, жұмсақ төсеніш материалдар, линолеум, санитарлық-құрылыстық фаянс, қаптайтын керамикалық плиталар, панельдер мен ірі панельді үйлер салу үшін басқа да конструкциялар, радиаторлар, конвекторлар және т.б. шығарылады.

Құрылыс материалдарының өндірісі шаруашылықтың басқа салаларымен тығыз байланысты. Құрылыс материалдары фабрикалар, зауыттар, тұрғын үйлер, ауылшаруашылығы нысандарын (малазығын сүрлейтін шұңқыр, қамба, ферма және т.б.) салуда қолданылады. Құрылыс инфрақұрылымы мен тұрғын үй шаруашылығын тездетіп дамыту — еліміздің түрлі аймақтарында құрылыс және ғимараттарды


### Глоссарий:

**Орман өнеркәсібі** — ағашты дайындауға, оны механикалық және химиялық өңдеу мен қайта өңдеуге қатысатын салалар жиынтығы.

қалпына келтіру жұмыстары негізінде артып отыр. Сондықтан да өнеркәсіп өндірісінде осы саланың маңызы өте жоғары (22-сызбанұсқа).

22-сызбанұсқа

### Құрылыс материалдары өнеркәсіп салаларының құрылымы



Қазақстанда 700 мыңнан аса жұмысшы еңбек ететін 1000-нан аса құрылыс материалын өндіретін кәсіпорындар жұмыс істейді.

Құрылыс секторы инвестицияның тиімді бағыты әрі экономиканың маңызды салаларының бірі болып табылады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібіне гранит, мәрмәр, құм, шағыл, тас, саз, гипс, асбест және басқалары қарқынды түрде қолданылады. Олар республиканың бүкіл аумағында кездеседі. Мәрмәр Жетісу облысындағы Текелі қаласы маңы және Жамбыл облысындағы Қордайда, Абай мен Қарағанды облыстарында; алебастр Түркістан маңында; әктас Алматы облысындағы Қаскелеңде; ұлтас Маңғыстау облысында, Каспий жағалауында; сазбалшық, гипс, асбест Солтүстік, Оңтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда; жоғары сапалы ақ сазбалшық (каолин) Ақмола облысындағы Алексеевқада; кварцты құм Ақмола және Павлодар облыстарында шоғырланған. Табиғи асбесттің ең ірі қоры Қостанай облысындағы Жітіқара кен орнында; бор Атырау облысында; табиғи асфальт пен гранит Қаскелеңде, керамзитті саз Алматы мен Шымкент маңында кездеседі.

Құрылыс материалдары өндірісінде тау-кен және металлургия өнеркәсібі қалдықтары кеңінен қолданылады.

Еліміздегі құрылыс компаниялары ішкі нарықта сұраныстың қарқынды артуына байланысты құрылыс материалдарының бір бөлігін сырттан әкелуге мәжбүр.

Құрылыста цементтің байланыстырушы материал ретінде маңызы зор. Оның өндірісі үшін әктас пен сазбалшық қажет. Бүгінгі күнде елімізде біршама цемент өндіретін кәсіпорындар бар: «Семей



цемент зауыты» ЖШС, «Қарағанды цемент зауыты» және «Орталық Азия Цемент» АҚ, Түркістан облысындағы «Шымкентцемент» АҚ, «Састөбе» ЖШС. Соңғы екі жыл ішінде индустрияландыру картасына үш жоба: Жамбыл облысындағы «Жамбыл Цемент» ЖШС, «Азия» және Түркістан облысындағы «Стандарт Цемент» ЖШС енгізілді.

Қостанай облысындағы Жітіқара кәсіпорны асбест пен шифер шығарады. Таразда жабынқыш зауыты, Қарағанды, Семей, Шымкентте асбест цемент өндірісінің ірі кәсіпорындары бар. Цементті сумен және толықтырғыштармен (құм, қиыршықтас) араластырып, бетон алады.

Құрылыс материалдары өнеркәсібінде *бетон* және *темір-бетон* бұйымдарын дайындау маңызды болып табылады. Олардың құрамы болат арматура, цемент және бетон толықтырғыштардан тұрады және өртүрлі құрылыста қолданылады.

Атырау облысында қабырға блоктарын ұлутастардан дайындау қолға алынған.

Алматыда, Шымкентте тұсқағаз шығаратын фабрикалар өз өнімдерімен Қазақстанды ғана емес, Ресейді де қамтамасыз етуде. Қостанайда неміс компаниясы «Marburg-тің» винилді тұсқағаздар шығаратын кәсіпорны жұмыс істейді.

Қонаев қаласында «Кнауф» неміс фирмасы салған гипсокартон шығаратын кәсіпорын қызметі ұйымдастырылған.

Жергілікті кварцит негізінде Қызылорда, Ақмола, Атырау облыстарында әйнек шығаратын зауыттар жұмыс істеуде.

Алматы, Шымкент, Өскемен, Павлодарда жылу оқшаулағыш материалдар шығаратын кәсіпорындар салынған.

Сол сияқты Қазақстан бойынша «AlinEX» компаниясының құрылысқа арналған құрғақ қоспалары сұранысқа ие.

Алматы қаласы және Алматы облысында шикізатты өңдеуден дайын өнім шығаруға дейінгі өндірістің бүкіл циклі бар. Сондықтан да мемлекеттік бірлестіктер, банк және құрылыс кәсіпорындары бұл жерде құрылыс кластерін қалыптастыру бойынша бірігіп жұмыс жүргізуде.

Жол құрылысының сұранысына байланысты Атырау облысында битум шығаратын зауыт іске қосылды.

#### Глоссарий:

**Целлюлоза** (франц. *cellulose*, лат. *cellula* — жасуша (клетчатка)) — глюкоза қалдықтарынан түзілген полисахарид; өсімдіктердің механикалық төзімділігі мен талшықтарының иілгіштігін қамтамасыз ететін жасуша құрамбөлігі.

**Импорт** — (лат. *importare* — енгізу) елге шетелден тауар мен бұйымдар әкелу.

**Глоссарий:**

**Кластер** — бір типті өнімді өндіріп, бір стандартты қолданып, өзара бәсекелестікте болатын белгілі бір аумақта шоғырланған кәсіпорындар.

**Экспорт** (ағылш. *export*, лат. *Exportare* — енгізу) — 1) шеғара сыртына тауар шығару; 2) шеғара сыртында капитал орналастыру; 3) шығарылған тауарлар құны немесе жалпы мөлшері.

Қазақстандағы құрылыс индустриясының болашағы зор: олар сапалы және заманауи құрылыс материалдарын қажет ететін өнеркәсіптік құрылыс, жеке азаматтардың құрылысы, ауылшаруашылық және мелиоративті нысандар болып жіктеледі.

Қазіргі таңда цемент өндірісінде жоғары технологиялық қондырғыларды қолдану қоршаған ортаны ластайтын қалдықтарды азайтты. Нәтижесінде кәсіпорын жұмыстары халықаралық стандарттарға сәйкес бола бастады. Республикада жаңа комбинаттар: Ақмола облысында «ВІ-Цемент», «Көкше-Цемент» және Маңғыстау облысында «КаспийЦемент» іске қосылды.

Қазақстан Республикасы құрылыс материалдарын әлемнің 39 еліне экспортқа шығарады. Ең көп мөлшердегі экспорт Тәжікстан,

Қырғыз Республикасы, Ресей, Ауғанстан, Грузия, Біріккен Араб Әмірліктері, Түрікменстан, Өзбекстан елдеріне жіберіледі. Географиялық тұрғыдан қарағанда, өнімнің 80%-ы ТМД елдеріне экспортталады.

Экспортталатын құрылыс саласына жататын тауарлар мынадай топтарға жіктеледі: минералдық өнім, химиялық өнім, ағаш және орман материалдары, құрылыс материалдары.

Соңғы жылдары құрылыс материалдары өндірісі қарқынды дамып, бәсекеге қабілетті салаға айналды.



- Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзіме риза болдым, себебі ... .  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Орман-ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібінің рөлі қандай?
2. Ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібінің салалық құрамын атаңдар.
3. Құрылыс материалдары өнеркәсібінің шикізат базасын сипаттап беріңдер.
4. Ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібі қандай өнімдер шығарады?
5. Целлюлоза-қағаз өнеркәсібінің орталықтарын анықтаңдар.

6. Еліміздегі цемент зауыттарын атаңдар.
7. Ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібін орналастырудың негізгі факторларын атаңдар.



1. Қазақстандағы орман ресурстарының жағдайы қандай?
2. Ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібі қандай салалармен тығыз байланыста?
3. Ағаш өңдеу және құрылыс материалдары өнеркәсібімен байланысты қандай экологиялық мәселелер бар?



1. Табиғи-ресурстық әлеуетін зерттей отырып, сендер тұратын аймақта құрылыс материалдарының қандай кәсіпорнын салған дұрыс екенін ойлап, ойларыңды негіздеп, ұсыныс түрінде рәсімдеңдер.
2. Республика халқы ағаш өңдеу өнеркәсібіне қарағанда азды-көпті құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілген. Ағаш өңдеу өнеркәсібі сапалы өніммен қамтамасыз етілуі үшін қандай ұсыныстар жасар едіңдер? Ойларыңды негіздеңдер.

## § 48. Табиғатты пайдаланудың типтері мен түрлері. Тұрақты даму

XX ғасырдың екінші жартысында қоғамда табиғатты дұрыс пайдаланбаудың қаупі туралы түсінік қалыптасты. Табиғат ресурстарының көп түрінің сарқылуы, қоршаған ортаның ластануы адамзатты ойландырды. «Экологиялық әрекетсіздік», «экологиялық апат» түсініктерімен қатар, «табиғатты үнемді пайдалану» ұғымының өзектілігі артты.

*Табиғатты пайдалану* дегеніміз — бұл адамның қажеттілігін қанағаттандыруды мақсат тұтатын қоғамдық және өндірістік әрекет.

Бұл мәселені зерттеумен табиғатты пайдалану ғылымы айналысады.

Табиғатты пайдалануға мыналар жатады:

— табиғат ресурстарын өндіру және өңдеу, оларды қалпына келтіру және қайта жаңғырту;

— табиғатты қорғау және қолдану.

Адам алуан түрлі табиғат байлықтарын (ауа, су, топырақ, пайдалы қазбалар және т.б.) пайдалана отырып, оларды әрдайым тиімді басқара алмайды.

### Бүгінгі сабақта:

- табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыруды;
- тұрақты даму белгілері мен бағыттарын сипаттауды оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ табиғатты пайдалану
- ✓ табиғатты пайдалану (ұтымды, ұтымсыз, рекреациялық) түрлері
- ✓ табиғатты пайдалану бағыттары
- ✓ тұрақты даму
- ✓ экономикалық конъюнктура

Табиғатты ұтымды және ұтымсыз пайдалануға болады (23-сызбанұсқа).

23-сызбанұсқа



*Табиғатты ұтымды пайдалану* — табиғат ресурстары мен табиғи жағдайларды ұтымды пайдалануды, оларды ең тиімді режимде қайта жаңғыртуды, табиғат байлықтарын болашақ ұрпақ және адам денсаулығы үшін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған өте тиімді шаруашылық, іс-әрекеттер жүйесі.

*Табиғатты ұтымсыз пайдалану* — табиғи-ресурстық әлеуетін сақтауды қамтамасыз етпейтін іс-әрекеттер жүйесі. Оған табиғат ресурстарын аяусыз қолданып жатқан кейбір мекемелер, компаниялар жатады. Мысалы, рұқсатсыз балық аулау, флора және фаунаны ретсіз жою.

*Рекреациялық табиғатты пайдалану* — табиғат ресурстары мен жағдайларын рекреация мақсатында пайдаланудың формалары мен тәсілдері. Ол табиғаттың адамға ықпалын және керісінше адамның табиғатқа кері ықпалын қарастырады.

**Глоссарий:**

**Рекреация** — адамның еңбек үдерісінде жұмсаған дене және рухани күштерін қалпына келтіру үшін жасалатын кешенді іс-шара.

Оның міндеті — табиғат ресурстарын үнемді пайдалануды және оларды қалпына келтірудің айтарлықтай тиімді режимін қамтамасыз ету, адамзат үшін таза қоршаған ортаны сақтау.

Біздің еліміз біршама табиғи-ресурстық әлеуетке ие. Дегенмен өнеркәсіп салаларының ресурспен қамтылу дәрежесі қажетті деңгейде болса да, алдымызда табиғатты ұтымды пайдалану мәселесі тұр.

Каспий жағалауындағы әлемдік мұнай компаниялары мұнай өнімдерін өндіру кезінде теңіз суы ластануда. Соның салдарынан Каспийдің табиғи экожүйесі бұзылып, бекіре мен итбалықтар саны жылдан-жылға азаюда. Сондай-ақ Қарағанды, Екібастұз, Жезқазған және Өскемен қалаларында орналасқан өнеркәсіп кәсіпорындары қалдықтары мен шығарылатын газдар атмосфераны ластап отыр. Өнеркәсіп қалдықтарымен Нұра, Ертіс және басқа да өзендер ластанған.

Энергетика, көмір өндіру, металлургия, химия өнеркәсіптерінің бір жерде шоғырлануы экологиялық жағынан өте қауіпті.

Табиғатты пайдалану экономикасының үш бағыты бар.

**Біріншісі** — *қоршаған ортаны ластанудан қорғау*. Адам әр кезде табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлығын пайдаланады және өз іс-әрекеті арқылы табиғатқа әсер етеді. Адамның табиғатқа әсері зиянды салдар тудыруы мүмкін. Бүгінде әлемнің кейбір аймақтарында адамның күнкөрісімен қоса оның өмірі үшін де үлкен қатер туып отыр. Жер беті ластанудан қорғалған болса, мұндай экологиялық мәселе туындамас еді. Бірақ бір ғана кәсіпорынның қалдықтары көптеген адамның денсаулығын бұзып, адамдардың ол жерден қоныс аударуына дейін әкелуі мүмкін, ол өз кезегінде басқа кәсіпорындар шығынын арттырады.

**Екіншісі** — *өзіндік экологиялық-экономикалық бағыт*. Өнеркәсіп табиғи ортадан тыс жұмыс істей алмайды. Ол табиғат ресурстарын қалайда қолданады, бұл өз кезегінде экологиялық тепе-теңдікті бұзады. Тепе-теңдіктің белгілі бір шекке дейін бұзылуын табиғат өзі реттей алады.

Басқа жағынан қарасақ, ресурсты әлеуметтік-экономикалық маңызы бірдей емес шаруашылықтың бір саласы немесе басқа саласы пайдалануы мүмкін. Қайсысына басымдық бергеніміз жөн? Осылай өндіріспен табиғи ресурстар арасында, сол сияқты табиғи ресурсты көп қажет ететін шаруашылық салалары арасында өзара қатынастың ұтымдылығы мәселесі туындайды.

**Үшіншісі** — *бағалау бағыты*. Табиғат ресурстарының өз бағасы бар, қазір бұл — даусыз ақиқат. Бірақ оны қалай анықтауға болады? Табиғат ресурстарының орналасу орындары, сапасы, жалпы-экономикалық конъюнктурамен күрделі әрекеттестігі, еңбек ресурстарын қажет етуі және басқа да әлеуметтік-экономикалық құбылыстармен өзара қатынасы бойынша түрліше болады. Сонымен қатар ресурстар өзара да байланыста болады.



Табиғатты үнемді пайдаланудың негізгі әдістері қандай?

*Экономикалық әдістер* табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін заңды және қаржылық жағдайлардың (салықтар, жеңілдіктер, айыппұлдар) жүзеге асуын қарастырады.

*Техникалық әдістер* табиғатты қорғау техникалары мен технологияларын құру мен өндіруді қарастырады, яғни ресурстарды үнемдеуге бағытталған өндіріс тәсілдері. Мұндай әдістерге, мысалы, екінші реттік шикізатты (қағаз қалдықтары, металл сынықтары) пайдалану, суды екінші қайтара пайдалану да жатады.

*Санитарлық-гигиеналық әдістер* қалыпты табиғи ортаны, яғни адам денсаулығын сақтауға бағытталған (24-сызбанұсқа).

24-сызбанұсқа

| Экологиялық қауіпсіздікті жақсарту шаралары |  |
|---|--|
|   | Кәсіпорындар құрылысын жобалағанда аумақтың географиялық ерекшеліктерін ескеру |
|   | Тиімді өндірістік технологияларды өндіру                                       |
|   | Тазалау құрылғылары кешенін қолдану  |
|   | Ескірген өндірістерді экологиялық таза технологияларға ауыстыру                |
|   | Зиянды технологиялық үдерістерді тоқтату                                       |
|   | Экологиялық бағдарламаларды даярлау және іске асыру                            |

*Тұрақты даму.* «Тұрақты даму» термині БҰҰ құжаттарында XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында пайда болды. Алайда мемлекеттік, ғылыми пайдаланымға БҰҰ-ның Рио-де-Жанейрода өткен (1992 ж.) қоршаған орта мен даму конференциясынан кейін енді.

Қазақстан Республикасы тұрақты дамуға жету бағытында бірқатар шаралар қабылдады. Егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ тұрақты даму тұжырымдамасын қолдайтындығын білдіріп, Халықаралық конференцияның қоршаған ортаны қорғау және даму мәселелері бойынша барлық Декларацияларды мақұлдап, оған қол қойды.

ҚР-ның 2020—2025 жылдарға дейін Индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, Экологиялық қауіпсіздік Тұжырымдамасы және 2007—2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу Тұжырымдамасы қабылданды. Тұжырымдамалар еліміздің барлық салада тұрақтылыққа жетудегі мақсат, міндеттерін, негізгі механизмдерін, басты көзқарасын анықтайды.

Тұрақты даму тұжырымдамасы қоршаған ортаның әрі қарай құлдырауына жол бермеуге, ал болашақта тепе-теңдікті қалпына келтіріп қана қоймай, қоғам мен табиғат дамуы арасындағы ұтымды қатынасты орнатуға бағытталған.

Тұрақты даму стратегиясының халықаралық ғылыми бағдарламаларын іске асыруға географтар да белсенді қатысады. Олар табиғатқа әсер ететін антропогендік ықпалды, шөлдену, демографиялық өсім, қалалардың өсуі мен орналасуы, адам денсаулығы, дүниежүзілік шаруашылық, әлемдік қауымдастық туындатқан жаһандық өзгерістерді зерттейді.

Тұрақты даму стратегиясы негізгі үш құрамбөліктен тұрады:

Ең алдымен, бұл — **экологиялық тұрақты даму**. Экологиялық тұрғыдан қарағанда, тұрақты даму табиғи жүйелердің тұтастығын қамтамасыз етуі керек. Адамзат табиғаттан алынатын ресурстар көлемін де, оған қайтарылатын тіршілік әрекетінің қалдықтарын да азайтып, биосфераның сыйымдылығымен анықталатын шектеулерде өмір сүруге үйренуі керек.

Екіншіден, бұл — **экономикалық тұрақты даму**. Экономикалық аспект шектеулі ресурстарды ұтымды қолдануды, шаруашылықтың қарқындылығы мен өнімділігін, табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтауды қарастырады.

Үшіншіден, бұл — **әлеуметтік экономикалық тұрақты даму**. Ол демографиялық мәселе, өмір сапасы мен деңгейі, жұмыспен қамтылу, білім алуға қолжетімділік, мәдени құндылықтар, азаматтық құқықтар мен жеке қауіпсіздік сынды мәселелерде теңгерімді шешімге келуді білдіреді.

Сонымен тұрақты даму қоршаған орта, экономика және адамзаттың өмір сүруін өзара байланыстырып, бір жүйеге келтіреді (25-сызбанұсқа).

25-сызбанұсқа

### Тұрақты даму моделінің аспектілері





Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзіме риза болдым, себебі ... .  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Табиғатты пайдалану дегеніміз не?
2. Табиғатты пайдалану түрлерін атаңдар. Табиғатты ұтымды пайдаланудың ұтымсыз пайдаланудан қандай айырмашылықтары бар?
3. Табиғатты пайдалану экономикасының бағыттарын сипаттаңдар.
4. Табиғатты ұтымды пайдалануға қандай әдістер жатады?
5. Қазақстан мен өз аймақтарың жағдайында нақты мысалдар келтіріңдер.
6. Қоршаған орта жағдайын жақсарту саласында географтар мен экологтер қандай міндеттер шешуде?
7. Қоғамның тұрақты дамуы дегеніміз не?
8. Тұрақты дамудың үш басты құрамбөлігін атаңдар және оларды сипаттаңдар.



1. Табиғатты ұтымды пайдалану мәселелерінің шешімі неліктен жаһандық сипатта болуы керек?
2. Табиғатты пайдалану сипаты адамдардың қоныстануына қалай әсер ететінін ойланыңдар.
3. Қазақстанда тұрақты даму бойынша қандай шаралар іске асырылды?



1. Табиғатты пайдалану түріне жататындар:
  - 1) жерді пайдалану;
  - 2) суды пайдалану;
  - 3) орманды пайдалану;
  - 4) жер қойнауын пайдалану;
  - 5) жануарлар әлемін пайдалану;
  - 6) өсімдіктер дүниесін пайдалану;
  - 7) қоршаған ортаға эмиссия (шығарылым);
  - 8) Қазақстан Республикасы заңдары қабылдаған табиғатты пайдаланудың басқа да түрлері.

Оқулық мәтіні және қосымша географиялық ақпарат негізінде табиғатты пайдаланудың оң және теріс бағыттарын түсіндіріңдер.

2. Тұрақты даму стратегиясы үш басты құрамбөліктен тұрады: экономикалық тұрақты даму, экологиялық тұрақты даму және әлеуметтік тұрақты даму. Ақпарат көздерін пайдалана отырып өз елімізді мысалға алып, аталған тұрақты дамудың құрамбөліктері өмірде қалай іске асатынын түсіндіруге тырысыңдар.
3. 73-беттегі кестені пайдаланып, адамның табиғатқа тигізетін зиянды іс-әрекетіне қарсы жүргізілетін іс-шараларды талдаңдар.



**Адамның табиғатқа тигізетін зиянды іс-әрекетіне қарсы жүргізілетін іс-шаралар**

| Құрамбөліктер      | Зиянды іс-әрекеттер  | Адамның табиғатқа тигізетін зиянды іс-әрекетіне қарсы жүргізілетін іс-шаралар                                      |
|--------------------|--|--|
| Топырақ            | Топырақтың құнарсыздануы, тұздану, батпақтану              | Түрлі мелиорация, тиімді агротехникалық іс-шараларды ендіру  |
| Өсімдік            | Ормандардың кесілуі, жайылымдардың тозуы, эрозияның күшеюі | Орман отырғызу, елді мекендер мен тынығу аудандарын жасылдандыру; арнайы агротехника ендіру, жайылымдарды жақсарту |
| Жануарлар әлемі    | Кейбір түрлердің жойылуы, тіршілік ортасының нашарлауы     | Тіршілік ортасын қалпына келтіру, климаттық өзгеріске бейімделу, түрлерді көбейту                                  |
| Құрлық жерүсті суы | Судың ластануы, өзенкөлдердің таяздануы                    | Тазалау құрылғылары мен жүйелерінің құрылысы   |
| Жер бедері         | Карьерлер мен орлардың пайда болуы                         | Жердің құнарлылығын арттыру  |

**§ 49. Қазақстандағы табиғатты пайдаланумен байланысты туындаған мәселелер**

Адамның шаруашылық әрекеті табиғатқа орасан зор ықпал етеді. Нәтижесінде табиғи орта үлкен өзгерістерге ұшырайды. Адамның өндірістік әрекеті, демалу және тіршілік ету ортасы — қоршаған ортаны қалыптастырады.

Қоғам мен өндірістің дамуымен «таза» табиғат пен өзгерген табиғаттың аражігін ажырату қиындай түсуде. Өйткені өндірістік аудандардан шалғай жатқан елді мекендердің өзінде адамның қолы тимеген жер жоқ.

Барлық табиғи кешендер (ландшафт) белгілі бір дәрежеде антропогендік (грек. *anthropos* — адам), яғни адамның шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде өзгеріске ұшыраған.

*Антропогендік ландшафт* — шаруашылық іс-әрекеті нәтижесінде өзгеріске ұшыраған табиғи кешен (26-сызбанұсқа).


**Бүгінгі сабақта:**

- Қазақстанда табиғатты пайдалану мәселелерін анықтап, шешу жолдарын ұсынатын боласыңдар;
- жергілікті жердің табиғатын пайдалануға байланысты зерттеу жүргізесіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ қоршаған орта
- ✓ антропогендік ландшафт
- ✓ экологиялық мәселелер
- ✓ ластану көздері
- ✓ қоршаған ортаны қорғау
- ✓ мониторинг

## Антропогендік ландшафт түрлері



Экология және табиғатты пайдалану мәселелері дамыған және дамушы елдердің, сонымен қатар республикамыздың әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларында маңызды орын алады.

**Экологиялық мәселелер** — адам мен табиғаттың өзара әрекеттестігі нәтижесінде туындайтын, адамның өмірі мен денсаулығына, жалпы адамзаттың тіршілігіне қауіп төндіретін, өмір сүру жағдайын нашарлататын мәселелер. Сәйкесінше экологиялық мәселелердің қатарында табиғи ортаның адамның өмір сүру жағдайына сәйкестігі мәселесі де тұр.

XX ғасырдың 70—90-жылдарында республикада экологиялық дағдарыс туындап, кейбір аймақтарда апатты жағдайлардың қалыптасуына алып келді. Күрделі экологиялық мәселелердің бірі — Қазақстан аумағының радиациялық ластануы. Семей полигонында 1949 жылдан жүргізілген ядролық сынамалар Орталық және Шығыс Қазақстанның алып аумақтарының зақымдануына, ластануына себеп болды. Республикада ядролық сынамалар жүргізілген тағы да бес полигон болды. Сонымен қатар Қазақстандағы радиациялық ластану «Байқоңыр» ғарышайлағынан ғарышкөмелерін ұшыру нәтижесінде қалыптасқан озон тесіктері есебінен жоғарылады (61-сурет). Қазақстан үшін радиоактивті қалдықтар да үлкен мәселе туындатып отыр. Мысалы, Үлбі комбинаты 100 мың т-ға жуық уранмен, ториймен ластанған қалдық жинаған және қалдықтар Өскемен қаласы шегінде сақталған. Қазақстанда ядролық қалдықтарды көметін үш орын бар және барлығы да сутұтқыш қабатта орналасқан. Елімізде радиациялық ластану мәселесінің күрделенгендігі сонша, Қазақстан егемендік алғаннан кейінгі алғашқы заңдарының бірі болып Семей полигонында сынамаларды тоқтату туралы (1991 ж., 29 тамыз) Жарлық қабылданды.



61-сурет. Ғарышкемесін ұшыру

Қазақстанның күрделі экологиялық мәселелерінің бірі — *су ресурстарының сарқылуы*. Тұщы суды тұтыну ауқымының кеңеюі, ең алдымен, суармалы егіншілік үшін табиғи су көздерінің тұзданып, сарқылуына алып келді. Әсіресе Әмудария мен Сырдарияны үнемсіз пайдаланудың салдарынан Арал теңізі тартылды. Теңіз деңгейі 13 м-ге төмендеп, тартылған теңіз түбі тұзды шөлге айналды. Шаңды дауылдар тұзды Еуразия материгі аумағына таратады. Теңіз айдынының кішіреюі аймақтың климаты мен жел бағытының өзгеруіне алып келді.

Ұқсас жағдай Балқаш көлінде де қалыптасты, оның деңгейі 10—15 жыл ішінде 2,8—3 м-ге төмендеді. «Алтай» байыту фабрикасы (Зырян қорғасын комбинаты) және Риддер полиметалл комбинаты Ертіс өзенінің ластануының бірден-бір себебі болып отыр. Алаңдататын экологиялық жағдай Іле және Жайық өзендері аңғарында да қалыптасты.

Қазақстанның жер ресурстары қиын жағдайда тұр, егістік жерлер құнарсызданып, жайылымдар шөлге айналууда. Ауаның ластануы ірі өнеркәсіп орталықтарында күрделі мәселе болып қалуда (18-кесте). Алғашқы экологиялық дағдарыс пен апаттарға қарсы тұру өрекеті 1997 жылы «Қоршаған орта туралы» Заң арқылы анықталды.

Қазақстандағы ауа, топырақ және судың ластану көздері

| Ластау көздері                                      | Айқындалу аймақтары  | Ластану салдарлары   |
|---|--|--|
| Тау-кен өндіру салалары                             | Көмірді (Екібастұз кен орны), темір кенін (Қостанай алабы), мұнайды (Батыс Қазақстан аймағында) өндіру | Жер карьерлермен шұрық тесілген, үлкен аумақтар бос жыныстармен толған. Кәсіпорындар қауіпті қалдықтар шығарады. Биологиялық ресурстардың, бекіре, итбалықтардың азаюы, Каспий табиғи экожүйесінің бұзылуы |
| Металлургия   | Орталық және Шығыс Қазақстан қара және түсті металлургия кәсіпорындары                                 | Өндірістік қатты қалдықтардың шығарылуы және газдың бөлінуі  |
| Химия   | Жамбыл, Павлодар, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау және Түркістан аумағы кәсіпорындары                        | Топыраққа зиян келтіретін қауіпті, улы заттардың шығуы (пестицид, пластмасса қалдықтары, полиэтилен)   |
| Су энергетикасы                                     | Шығыс Қазақстан және Абай облыстары кәсіпорындары  | Өзендердің түпкі шөгінділерінде химиялық ластаушылар жинақталады; өнеркәсіп пен ауылшаруашылық қалдықтары  |
| Семей ядролық полигоны                              | Абай облысы  | Жергілікті халықтың түрлі ауруларға шалдығуының жоғарылығы, мүгедек балалардың туылу жағдайының жиілігі  |
| «Байқоңыр» Ғарышайлағы және басқа әскери полигондар | Қызылорда облысы және басқа аймақтар   | Ғарыш зымыранынан түсетін металл қалдықтары, гептил  |
| Агроөнеркәсіп кешені:<br>а) егіншілік               | Солтүстік Қазақстан аймағы және Қазақстанның оңтүстік аумақтары  | Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы толығымен жыртылған, олар жел эрозиясына ұшырайды. Пестицидтермен тыңайтқыштардың көп мөлшері топырақтары табиғи тепе-теңдікті бұзып, бұл тұздануға алып келеді    |
| ә) малшаруашылығы кәсіпорындары                     | Бүкіл Қазақстан бойынша  | Олардың қалдықтары суқоймаларын ластауда   |

Елдегі орын алған экологиялық мәселелер былай жіктеледі:

1) жаһандық экологиялық мәселелер (климаттың күрт жылынуы немесе «озон қабатының тесілуі» барлық мәселелерге әсер ететін фактор);

2) халықаралық экологиялық мәселелер (Арал теңізі);

3) су ресурстарының азайып, ластануы, сонымен қатар Каспий теңізі қайраңы ресурстарын қарқынды игеруге байланысты туындаған мәселелер;

4) трансшекаралық экологиялық мәселелер;

5) әскери-ғарыштық полигондар және зерттеу кешендерінің әсері: радиоактивті, бактериологиялық және химиялық ластану (Семей аймағы);

6) жергілікті экологиялық мәселелер (ауа-су алаптарының ластануы, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар, топырақ экологиясы және т.б.);

7) табиғи және технологиялық сипаттағы төтенше жағдай.

**Қазақстандағы экологиялық мәселелер.** Каспийдегі экологиялық жағдайдың төмендеуінен итбалықтардың жаппай қырылуы мен Арал мәселесі де жаһандық сипатта. Арал тұзы Тянь-Шаньға дейін жетіп, мұздықтардың еруіне мүмкіндік жасайды. Ең үлкен мәселелердің бірі — климаттың жылынуы. Қазір Жердегі температура небәрі жарты градусқа көтерілген. Соның әсерінен бүгінде Қазақстан таулары мұздықтарының  $\frac{1}{3}$ -і еріген.

**Ұлттық экологиялық мәселелер.** Экологиялық зардапты аймақтарға Арал және Семей аймақтары жатады, мұнда табиғи экологиялық жүйе бұзылып, флора мен фауна деградацияға ұшыраған. Қолайсыз экология салдарынан халықтың денсаулығына зиян келуде. Күрделі экологиялық мәселелерге Каспий теңізі қайраңының қарқынды игерілуіне байланысты су ресурстарының ластануы жатады. Қазақстан су ресурстарына тапшы елдердің қатарында. Қазіргі таңда су нысандары тау-кен өндіру, металлургия және химия өнеркәсібі кәсіпорындарымен және қалалардың коммуналдық қызметтерімен қарқынды түрде ластануда.

**Жергілікті экологиялық мәселелер. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтар.** Ел аумағында 20 млрд т-дан астам өндіріс және тұтыну қалдықтары жиналған. Сонымен қатар олардың өсу қарқыны байқалуда. Өнеркәсіп жұмысы қоршаған ортамен тығыз байланысты. Тау-кен өндіру өнеркәсібі топырақ жамылғысын бүлдіреді. Жерасты қазбаларының көпшілігі жер бетіне жақын орналасқан (Екібастұз қоңыр көмірі, Жезқазған мыс кендері және т.б.) және ашық әдіспен өндіріледі. Бір жағынан, өндірістің мұндай түрі арзанға түседі, екінші жағынан қараса, табиғи ландшафт қатты өзгеріске ұшырайды.

**Табиғатты қорғау** — бұл қоғам талабына сай табиғат өзгерісін реттеу, сақтау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға бағытталған экономикалық, ғылыми заңды шаралардың тұтас кешені.

Адам әрекеті салдарынан болатын табиғат өзгерісін зерттеу және болжау — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мұндай географиялық болжаулар келешекте атқарылатын істер мен ірі шаруашылық жобаларын дайындауға байланысты жасалады.

Республикада қоршаған орта мониторингімен Қазгидромет, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі айналысады. Адам әрекеті нәтижесін жалпы мониторингілеуге мұқтаждық үздіксіз өсуде.

Мониторинг жүйелі түрде су және ауа ортасының ластануын, түрлі үдерістердің таралуы мен дамуын бақылаудан тұрады (18-кесте).

*Мониторинг (лат. monitor — бақылаушы) — қорғау және болжау мақсатында қоршаған орта (гидросфера, атмосфера, топырақ-өсімдік жамылғысы, сонымен қатар техникалық жүйелер) жағдайын бақылау жүйесі.*

Табиғатты қорғау мәселелерін шешудің негізгі үш жолы бар:

**Бірінші жолы** — түрлі тазарту құрылғыларын жасау және аз күкіртті отын түрін қолдану, қоқысты қайта өңдеу және жою, биіктігі 200—300 м құбырларды орнату, жер рекультивациясы.

*Жер рекультивациясы — топырақ құнарлылығын қайта қалпына келтіру, жердің биологиялық өнімділігі бойынша жүргізілетін шаралар.*

**Екінші жолы** — өндірісте табиғатты қорғайтын технологияларды қолдану, сонымен қатар аз қалдықты немесе қалдықсыз өндірістік үрдістерге ауысу.

**Үшінші жолы** — қоршаған орта жағдайына кері әсерін тигізетін «лас өндірістерді» ұтымды орналастыруды ойластыру.

Қоршаған ортаға адам оң әсер етіп, оны жақсартуға да өз үлесін қосады (27-сызбанұсқа).

### **Қазақстандағы шешімін таппаған экологиялық мәселелер**

- Аралды қоректендіретін өзендер шегарадан тыс бастау алатындықтан, оның тартылуын көрші елдермен біріге отырып бірлескен қадамдар арқылы тоқтату — кезек күттірмейтін мәселе. Бұл істе Қазақстан өз аумағына қатысты іс-шараларды жүргізуде. Жаңа ғасырдың басында Кіші Аралды Үлкен Аралдан бөлетін 17 км-лік бөгет салынды.

| Адамның қоршаған ортаға тигізетін оң әсері   |   |  |  |
|--|---|--|--|
| <p>Ландшафтылардың биологиялық өнімділігін арттыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• топырақ құнарлылығын арттыру;</li> <li>• жер мелиорациясы;</li> <li>• орманды санитарлық тазалау</li> </ul> | <p>Ресурстарды жинақтау:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• жасанды ормандарда;</li> <li>• қорғалатын аумақтарда</li> </ul> | <p>Тіршілік және өндірістік әрекет жағдайларының жақсаруы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қар көшкінімен және жылысулармен күрес;</li> <li>• егістік және жолдарды қорғау үшін орман жолақтарын егу;</li> <li>• батпақтарды құрғату;</li> <li>• жер рекультивациясы</li> </ul> | <p>Қоршаған ортаны жақсарту:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• табиғи ауру тарату ошағын жою;</li> <li>• зиянкестермен күресте биологиялық әдістерді қолдану</li> </ul> |

• Балқаш көлін көршілес елдердің өзендері қоректендіреді, сондықтан мәселені тек халықаралық деңгейде шешуге болады. Ғылыми зерттеулер су ресурстарын ұтымды бөлудің дұрыс шешімдерін ұсынуда. Суды бұзылған экожүйені қалпына келтіруге және қалған бөлігін тұтынуға жұмсау керек.

• Каспий суын тазарту тек оның жағасында орналасқан елдердің біріккен күшімен шешілуі мүмкін. ХХ ғасырдың соңынан бастап Каспий экологиялық бағдарламасы жұмыс істейді. Соған сай, оның шегінде мұнай өндіру жағдайында табиғатты қорғау шаралары қарастырылған.

• Қазақстанда жер ресурстарын дұрыс қалыпқа келтіру, ең алдымен, Семей полигоны аумағын рекультивациялаумен байланысты. БҰҰ Қазақстанның бастамасымен Семей аймағын қайта қалпына келтіру бағдарламасын қабылдады. Оған қаруды сынау салдарынан зардап шеккен халыққа гуманитарлық көмек беруге дейінгі міндеттер жатады.



Бүгін мен білдім...  
 Мен үшін жаңалық болды...  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ...



1. Қоршаған ортаға не жатады?
2. Антропогендік ықпал дегеніміз не? Антропогендік ықпалға мысалдар келтіріңдер.

3. Қандай өндірістер ең «зиянды» болып келеді?
4. Қазақстандағы экологиялық жағдайдың нашарлауы немен байланысты?
5. Мониторинг дегеніміз не? Табиғатты ұтымды пайдалануда оның рөлі қандай?



Ғалымдар экологиялық дағдарыстан шығатын қандай жолдар ұсынады?



1. Қазіргі таңда «экологиялық босқындар» ұғымы пайда болды. Бұл қандай құбылыс? Түрлі ақпарат көздеріне негіздей отырып мысал келтіріңдер.
2. Сендердің жергілікті аймақтарында қандай экологиялық мәселелер бар? Аймақтағы экологиялық жағдайды ушықтырып тұрған шаруашылықтың қай кәсіпорындарының әрекеті? Анықталған экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыныңдар. Хабарлама дайындаңдар.

## ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР

### § 50. Ғылыми-техникалық революция

#### Бүгінгі сабақта:

— ҒТР үдерістерінің даму бағыттарын талдауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ҒТР
- ✓ ғылым
- ✓ техника және технология
- ✓ өндіріс
- ✓ басқару

**Ғылыми-техникалық революция.** Ғылым — бұл әлем, адамзат, қоғам және таным туралы объективті білімдерді жүйелеуге және негіздеуге бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше танымдық түрі. Дүниежүзінің кейбір аймақтарында ғылымның пайда болуы V—VI ғасырлардан бастау алды. Ғылым мифологиялық дүниетанымның жойылуына негіз болды. Адамзат өркениеті мен қоғамының дамуы ғылыми жаңалықтарды ашумен тығыз байланысты. Осы кезде қол еңбегі негізгі рөл атқарды. Тарихи даму кезеңдеріне еңбек құралдарын пайдалану эволюциясы

(тас, қола, темір дәуірлері) жатады. Алғашқы ғылыми қоғам мен академиялар XVII—XVIII ғасырларда пайда болды. Тек XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында ғылымның жаңа ұйымдары: институттар, зерттеу орталықтары, ірі зертханалар құрылды. Сондықтан XIX—XX ғасырларда ғылымның рөлі кенет артып, қол еңбегінен өнеркәсіптік өндіріске ауысты. Бұл бүкіл әлемнің ғылыми жетістігі болды, ал ол өндіргіш күштерді түгелімен ауыстырған техниканың қарқынды дамуына ұласты.

**Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) — ғылымды өндірістің жетекші факторына айналдырған материалдық өндірістің техникалық негіздерінің түбегейлі қайта құрылуы.**



20 жыл ішінде дамыған елдердің көпшілігінің экономикасы бірнеше рет өсті.

Ғылыми-техникалық революция ғылыми ортаның техникамен өзара байланысуымен анықталады, ол технологиялардың дамуы мен жетілуіне алып келеді. Нәтижесінде еңбек өнімділігі артып, экономикалық үдерістерді басқарудың жаңа әдістері қалыптасты.

Ғылыми-техникалық революция — бүкіләлемдік құбылыс, бірақ оның пайда болу формалары экономикасы дамыған және дамушы елдерде бірдей емес.

Ғылыми-техникалық революцияның жетістіктері таңғаларлық. Ол адамдарды ғарышқа ұшырды, жаңа энергия көзін ашты, жаңа заттар мен техникалық құралдар, жаңа ақпарат және бұқаралық коммуникация құралдарын алып келді. Ғылым шеңберінде іргелі зерттеулер орын алды. Көптеген дүниежүзі елдері ғылымның рөлін түсіне отырып, оған үлкен қаржы бөлді. Экономикасы дамыған елдерде (АҚШ, Жапония, Батыс Еуропа) ғылымға бүгінгі күні ЖІӨ-нің 2-3% -ын жұмсайды. Дамушы елдерде ғылымға жұмсалатын шығындар орташа есеппен ЖІӨ-нің 0,5% -ынан аспайды.

XXI ғасырда компьютер, планшет, робот, автоматтандырылған өндірістер білім беру деңгейіне қойылатын талаптарды, біліктіліктерді және жұмысшылардың жинақылығын арттырды. Оған келесі фактілер дәлел бола алады: дүниежүзіндегі ғалымдардың саны әр 10—15 жылда екі есеге артып отыр, қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында 235 млн студент оқиды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғылыммен айналысатын адамдардың саны қарқынды өсті. Мұндай жоғары қарқындылық — ғалымдар санының екі еселенуі, барлық ғалымдардың 90% -ға жуығы біздің заманымыздың адамдары болуымен анықталады.

**Ғылымдағы жетістіктер.** Климатты зерттеу мен ауа райын болжаудың ауқымды моделі жасалды. Ғалымдар соңғы 40 жылдағы Солтүстік Атлантикадағы атмосфераның жай-күйі туралы мәліметтердің үшөлшемді ерекше моделін жасады. Жасалған модель атмосфераның негізгі 200-ге жуық көрсеткіштерін жоғары дәлділікпен құруға мүмкіндік берді. Бұл атмосфераның экстремалды құбылыстарын, яғни найзағай, тайфунды бақылауға мүмкіншілік

#### Глоссарий:

**Техника** — техникалық құралдардың жиынтығы.

**Технология** — қалаған нәтижеге қол жеткізу үшін қолданылатын әдіс пен құралдардың жиынтығы.

**Эволюция** — өзгерістерден тұратын даму үдерісі.

**Революция** — адамзаттың әрекетінің қандай да бір саласының түбегейлі өзгерісі.

**ҒЗТКЖ** — ғылыми зерттеушілік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар.

берді және ол Жердің ғаламдық климаттық жүйесіндегі рөлін бағалай алады. Ғалымдар бұл модельдің «географиясын кеңейтуді» жоспарлап отыр. Ол дүниежүзінде болатын осындай құбылыстарды зерттеуге және ауа райын қазіргідей емес ұзақ мерзімге болжауға септігін тигізер еді.

Соңғы он жылдықта ауа райын болжауға, климатты зерттеуге және оның өзгерістерін анықтауға сандық модельдеу пайдаланылады. Жалпы атмосфера циркуляциясы мен мұхиттардың ғаламдық моделі барлық ғаламшарды тор ретінде қамтып отыр. Әрбір тораптағы олардың қысымы, температурасы, ауаның ылғалдылығы, желдің жылдамдығы және т.б. параметрлері белгілі. Олар өткенді зерттей отырып, болашаққа болжамдар жасауға мүмкіндіктер туғызады.

Бірақ бұл модельдер атмосфераның динамикасы мен мұхитқа өзіндік ықпал ететін ұсақ масштабты құбылыстарды көрсете алмайды. Оларды зерттеу үшін жекелеген жергілікті карталарды құрастыруға тура келеді. Ресей Ғылым академиясының П.П.Ширшов атындағы мұхиттану институтының қызметкерлерінің шетелдік әріптестерімен жасаған жаңа моделі бұл кедергілерді жоюға және кеңістіктік дәлдігі 14 шақырымға жететін мұхиттардағы барлық құбылыстарды көруге мүмкіндік береді. Мысалы, онша үлкен емес циклондар, қарқынды атмосфералық фронттар, нәсерлер, тайфундар және т.б.

Бұл мәліметтер 1979 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі тропосфера бөлігіндегі әр үш сағат сайын болатын 200-ге жуық қысым, температура, ауа ылғалдылығы мен электрлік көрсеткіштерді талдауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде модель соңғы 40 жылда орын алған Солтүстік Атлантикадағы жағдайларды көрсете алады. Бұл аймақ Солтүстік жартышар үшін «ауа райы асханасы» болып саналады. Мұхит пен атмосфера шегарасы маңында өтіп жатқан үдерістер континенттер үстіндегі климатқа ықпал етеді. Бірақ болашақта ғалымдар өздерінің жасаған үлгісінің географиясын кеңейтуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ жердің климатын қалыптастырудағы мұхит пен атмосфераның өзара әрекеттесуінен болатын жергілікті үдерістердің болжам жасауға қосатын үлесін жан-жақты зерттейтін болады.

**ҒТР-дің өзіне тән сипаттары және құрамы.** Көптеген ғалымдар ҒТР-дің төрт белгісін немесе сипатын бөліп көрсетеді:

1. Әмбебаптылығы және барлығын қамтуы.
2. Ғылыми-техникалық қайта құрылулардың шамадан тыс жылдамдауы.
3. Өндірісте адам рөлінің өзгеруі.
4. Әскери-техникалық жетістіктерді бейбіт мақсатта қолдану.

Бұған қарамастан ҒТР-дің қазір жаңа кезеңі басталды. Ол адамзат қызмет ететін барлық салаларды қамтыды және ҒТР күнделікті өмірге енді. Өнеркәсіпте барлық жаңа техникалық жетістіктер қолданылып, өнеркәсіп пен ғылым арасындағы байланыс күшейіп, жаңа техникалық ұсыныстарды жасау және енгізу уақыты қысқаруда. Ғылымда, техникада және өндірісте біліктілігі жоғары мамандарға деген сұраныс артып келеді.

Қазіргі ҒТР күрделі жүйе және ол өзара әрекет етуші төрт бөліктен тұрады:

1. Ғылым.
2. Техника мен технология.
3. Өндіріс.
4. Басқару.

*Ғылым* ҒТР-дің негізі болып табылады. Иргелі ғылымдардың дамуынсыз алға басу мүмкін емес. Ғылымның дамуы ғылыми зерттеулерге жұмсалатын шығынның ұлғаюымен, экономиканың дамуымен байланысты. Сондықтан барлық дамыған елдер ғылымның өркендеуін белсенді түрде қолдап отыр.

*Техника мен технология* ҒТР-дің екінші құрамдас бөлігі болып табылады. Олар өндірістің тиімділігін арттырады. Техника мен технология екі жолмен дамуда: эволюциялық және революциялық.

*Революциялық ілгерілеу* өнеркәсіп пен көлік саласында электр энергиясын қолданумен қатар жүзеге асты. Радио ойлап табылды. Адамзат атом энергиясын меңгерді. Кибернетиканың пайда болуы өте үлкен маңызға ие болды. Осылайша, адамдар ғылымның және оны практикада қолданудың орасан зор мүмкіндіктеріне көз жеткізді.

*Эволюциялық жол* техника мен технологияның үнемі жетілдірілуінен тұрады (машина мен құралдардың өндіргіш қуатының артуы, көлік құралдарының жүккөтергіштігінің өсуі).


*Ал революциялық жол* ҒТР-дегі техника мен технологияның негізгі даму бағыты болып табылады. Бұл жаңа техника мен технологияға көшумен анықталады. Теміржол көлігі және электроника өндірісі революциялық жолға мысал болып табылады. Қазіргі заманда жаңаша технологияға көшу үлкен маңызға ие.

*Өндіріс* ҒТР-дің үшінші құрамдас бөлігі болып саналады (62-сурет).

*ҒТР-де өндіріс мынадай басты бағыттар бойынша дамыды:*

1. *Электрлендіру* — адамзат қызметінің барлық салаларын электрондық-есептеу техникаларымен қамту. Электрлендіру білім беруге, денсаулық сақтауға және адамның күнделікті өміріне қарқынды енуде. Ең үлкен ЭЕМ паркіне ие елдер: АҚШ, ГФР, Жапония, Оңтүстік Корея.

2. *Кешенді автоматтандыру* өртүрлі электрондық-механикалық манипуляторлардың пайда болуымен байланысты. XX ғасырдың



62-сурет. ҒТР жетістіктері

50-жылдары ЭЕМ пайда болса, 70-жылдары микро ЭЕМ мен микро-процессорлар қолданысқа енді, роботты қолданудың жаңа заманы басталды. Әлемде барлық өнеркәсіптік роботтардың саны ХХІ ғасырда 800 мыңға жетті. Өнеркәсіптік робот жасайтын белгілі парктер: Жапония, АҚШ, ГФР, Италия, Францияда.

3. *Энергетикалық шаруашылықты қайта құру* — электрмен қамтамасыз етуге негізделген жаңа энергия көздерін кеңінен қолдана отырып, отын-энергетикалық балансты жетілдіру. Бұл сала АҚШ, Жапония, ГФР, Ресейде жақсы дамыған.

4. *Жаңа материалдар өндірісі.* Ескі конструкциялық материалдарға жоғары талаптар қойылды, жаңа материалдар — композитті, жартылай өткізгіш, керамикалық және ХХ ғасыр металдары — литий, бериллий, титан пайда болды.

5. *Биотехнологияның дамуы* ХХ ғасырдың 70-жылдары пайда болып, әлемде 80—90-жылдары биотехнологиялық революция басталды. Бұл ҒТР-дің ғылымды көп қажет ететін салаларының пайда болуы мен дамуына әкелді, ол Жапония, АҚШ, Германия, Францияда қарқынды дамуда.

6. *Ғарыштану.* Ғылымды көп қажет ететін жаңа сала аэро-ғарыштық өнеркәсіптің дамуы. Ғарыштың дамуымен адамзат жерге жақын кеңістікті оңтайлы игеріп, ғаламшар экологиясына біршама мұқият қарайтын болды.

*ҒТР-дің төртінші құрамдас бөлігі — басқару.*

Басқару — жоғары ақпараттық мәдениетке апарар жол. Қазіргі кезде әлемдік ақпараттық кеңістік жұмыс істейді. Мұнда интернеттің рөлі ерекше. Бұл бағыт географияда *геоинформатика* деп аталады. Геоинформатиканың дамуы геоақпараттық жүйелердің құрылуына алып келді.

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс үшін революциялық және эволюциялық өзгерістердің кешенді үйлесу сипаты тән.

ҒТР дамыған елдерді жаппай тұтыну кезеңіне алып келді. Бір реттік пайдалану заттары қазіргі адамның қолдануына ыңғайлы болып жатыр. Бұл қолайлы болғанымен, қоршаған ортаға қосымша жүктемені арттырды (мысалы, бір рет пайдалануға жарамды пластикалық бөтелкелер, олар табиғи жағдайда шірімейді, ұзақ уақыт қоқыс орындарында жатады). ҒТР жүйелілігі мен кешенділігі өнім өндіру үдерісінің қайта құрылуына ықпал етеді. Әрбір өндірістік үдеріс біртіндеп тұтас технологиялық жүйенің нысаны бола алады. Үстіртін бақылаулардың өзі өндірістің қысқа уақыттық акт емес, үздіксіз үдеріс екенін көрсетті.



|                |                   |                                |
|----------------|-------------------|--------------------------------|
| Бәрі түсінікті | Ештеңе түсінбедім | Қызықты, тағы да білгім келеді |
|                |                   |                                |



1. Дүниежүзінің қандай аймақтарында ғылым пайда болды?
2. Ғылыми ашылулар мен өркениеттердің дамуы бір-бірімен тығыз байланысты деген ұйғарымға мысал келтіріңдер.
3. XX ғасырда ҒТР дамуында үлкен алғабасушылық болды деген ұйғарымға мысал келтіріңдер.
4. Екі бағаннан сәйкестікті табыңдар.

| ҒТР белгілері (сипаты)                                  | Мағынасын ашу  |
|---|--|
| Әмбебаптығы және бәрін қамтуы                           | ҒТР Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары пайда болды  |
| Ғылыми-техникалық қайта жаңғырудың ерекше жылдамдығы    | ҒТР нәтижелері адамзат қызмет ететін барлық салада қолданылады   |
| Әскери техникалық жетістіктерді бейбіт мақсатта қолдану | Ақыл-ой еңбегінің үлесін арттыру, еңбек ресурстарының біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды жоғарылату |
| Өндіріс үдерісінде адамның рөлінің өзгеруі              | Ойлап табу мен қолдану арасындағы уақытты қысқарту   |



Кестені толтырыңдар және кестенің мәліметтерін пайдаланып, ҒТР анықтамасын құрастырыңдар.

| Ұғым      | Анықтама |
|-----------|----------|
| Ғылым     |          |
| Техника   |          |
| Революция |          |



«Дерек» және «өз ойың» деген ұйғарымдарды оқыңдар және шындыққа сай келетінді белгілеңдер және сай келмейтіндерді түзетіндер:

- а) Робототехника, биотехнология, микроэлектроника — ҒТР-дің жаңа ғылымды көп қажет ететін салалары;
- ә) әлемде ҒЗТҚЖ орталығы Латын Америкасы аймағы болып табылады;
- б) қазіргі кезеңде білім беру саласында елдер арасындағы алшақтық ұлғаюда;
- в) ел экономикасының дамуы халықтың біліміне тәуелді емес;
- г) ХХ ғасырдың ортасында шаруашылықтың салалық құрылымында өсімдікшаруашылығы басымдық танытты;
- ғ) ҒТР жаңалықтары ғаламшардағы адамдарды толық қамтуда;
- д) ҒТР-дің қазіргі кезеңі ХХ ғасырда басталды.



1. Берілген пікірлер ҒТР-дің қандай белгілеріне жатады?
  - а) ҒТР-дің басталуын 1945 жылы Хиросимадағы атом бомбасының жарылуы паш етті, осыдан кейін екі үлкен держава — АҚШ пен КСРО арасындағы қақтығыстар басталды;
  - ә) үйлерінде соңғы он жылда пайда болған жаңа техниканы атаңдар;
  - б) 1956 жылы Мельбурнда Олимпиада ойындары туралы алғашқы телекөрсетілім ұйымдастырылды (оны тек Аустралия халқы ғана көрді. 1960 жылы Римдегі Олимпиаданы бірнеше елдің халқы тамашалады, 1980 жылы Мәскеудегі, 1984 жылы Лос-Анджелестегі, 1988 жылы Сеулдегі Олимпиаданы 2 млрд-қа жуық адам қарай алды. Барселонадағы Олимпиаданы 1992 жылы 3 млрд-қа жуық адам, Наганодағы Қысқы Олимпиаданы және Франциядағы алғашқы футбол бойынша біріншілікті 1998 жылы 3 млрд-қа жуық адам тамашалады).
2. Революциялық жолмен дамыған техникалық құралдарды таңдаңдар (өз таңдауларыңды түсіндіріңдер): а) автокөлік; ә) компьютер; б) теледидар; в) телефон; г) металлургиялық пеш; ғ) теміржол құрамы; д) ұшақ.

## § 51. Адам әлеуетінің даму индексі

Қазіргі кезде адам әлеуеті қоғамның экономикалық өсуінде басты фактор болып табылады. Адамның өзін жақсы сезінуі көп нәрсеге байланысты болып келеді. Экономика жалпы адам үшін жұмыс жасайды. Елдердің даму деңгейін анықтаудың бірден-бір көрсеткіші *адам әлеуеті дамуының индексі (АӘДИ)* болып табылады. Экономика

саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Амартия Сен адам әлеуетінің дамуы туралы түсінік пен оның теориялық негізін жасады. Амартия Сен даму үдерісін тек материалдық немесе экономикалық жағдайының жақсаруы ретінде емес, адамның мүмкіндіктерінің кеңеюі үдерісі ретінде қарастырды. Яғни, ұзақ және салауатты өмір сүру, білімге қолжетімділігі, үлкен істер жасай алу мүмкіндіктері.

Адам әлеуетінің даму индексі жыл сайын есептеледі, әр елде тұратын адамдардың өмір сүру деңгейін, сауаттылығын, білімділігін және өмір сүру ұзақтығын салыстыру маңызды.

Ол аймақтар мен дүниежүзі елдері халқының жалпы өмір сүру деңгейін салыстырудың негізгі стандартты құралы болып табылады. Дүниежүзілік банк мәліметтері көрсеткендей, қазіргі елдерде ұлттық байлықтың үлесі адамдарға тиесілі, яғни адам капиталы ұлттық байлықтың 68% -дан 76% -ға дейін бөлігін құрайды.

**АӘДИ есептеу үшін қолданатын көрсеткіштер:**

- өмір сүру ұзақтығы;
- білім;
- өмір сүру деңгейі.

Қарастырылатын ең маңызды көрсеткіштің бірі — өмір сүру ұзақтығы, ол жергілікті халықтың өмір сүру ұзақтығымен өлшенеді. Өмір сүру ұзақтығы халықтың табыс деңгейіне, елдегі денсаулық сақтау деңгейіне, экологиялық жағдайға тікелей байланысты.

Екінші — білім көрсеткіші, оны есептеу үшін ересек адамдардың сауаттылығы алынады. Сауаттылық деңгейін зерттеуде жасы 15-ке толған тұрғындардың пайыздық есебі шығарылады. Сауатты адам — бұл қарапайым мәтінді оқи алатын немесе жаза алатын адам. Сол сияқты ел халқының сауаттылық деңгейі білім алуға кеткен орташа жылдық көлемімен есептеледі. Есептеуі ең қиын көрсеткіш — бұл өмір сүру деңгейі.

Ең идеалды өмір сүру деңгейінің көрсеткіші бола алатын көптеген факторлар бар: олар жеке табыс; қоғам топтары арасында табыстардың бөлінуі;

#### **Бүгінгі сабақта:**

- Адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстыруды үйренесіңдер;
- Қазақстанда адам капиталының сапасын арттыру жөнінде өз ұсыныстарыңды әзірлейтін боласыңдар.

#### **Жетекші ұғымдар:**

- ✓ өмір сүру ұзақтығы
- ✓ сауаттылық
- ✓ өмір сүру деңгейі



Амартия Сен

**Глоссарий:**

**ЖҰӨ** (ағылш. GDP) — барлық соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш.

**САҚП** (сатып алу қабілетінің паритеті) — екі бірдей ел нарығында бірдей тауар немесе қызметтерді алу үшін қажетті басқа валюта бірлігімен берілген бір валютаның саны. Мысалы, Мексикада 0,5 л Кока-Кола 1 доллар тұрады, ал Қазақстанда осы бөтелке 100 теңге тұрады. Яғни, САҚП бойынша Кока-Кола 100 теңге болады, ол 0,01 Мексика долларына тең (елдегі бағалар, валюталар шартты түрде алынған).

алдын ала жиналған жекеменшік табыс; жер ресурстары мен несиеге қолжетімділік; инфрақұрылымның дамуы және қоғамдық тұтыну қорларына қолжетімділік механизмі (денсаулық сақтауға, білім алуға, көлікке, коммуналды қызметтерге және т.б.), жеке өмір сүру стилі; отбасының көлемі мен құрылымы; үй шаруашылығындағы жасалатын игі істер; тұратын жеріндегі табиғи-климаттық және экологиялық жағдайлар және т.б.

Өмір сүру деңгейі ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көлемімен есептеледі, мысалы, АҚШ доллары.

АӘДИ мақсатына қарай елдерді даму деңгейі бойынша жіктеу қабылданған: өте жоғары, жоғары, орташа және төмен деңгей.

АӘДИ үш көрсеткіштің негізінде есептеледі: **орташа өмір сүру ұзақтығы** (19-кесте), күтілетін өмір сүру ұзақтығы индексі — есепке алынатын мәндер (БҰҰ Даму бағдарламасы анықтаған):

- максималды — 85 жас;
- минималды — 25 жас.

**Білім беру деңгейі** екі көрсеткіштің негізінде анықталады — ересек адамдардың сауаттылығы және халықтың білім алудың үш сатысымен қамтылуы (бастауыш, орта және жоғары) (63-сурет);

**Сауаттылық индексі** (15 жас және одан жоғары):

- максималды — 100%;
- минималды — 0%.

19-кесте

Дүниежүзі елдері бойынша өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы (2022 жылдың деректері)


| Орны | Елдер   | Өмір сүру ұзақтығы | Соның ішінде |         |
|------|---------|--------------------|--------------|---------|
|      |         |                    | Ерлер        | Әйелдер |
| 1    | 2       | 3                  | 4            | 5       |
| 1    | Монако  | 85,9               | 84,3         | 87,7    |
| 2    | Гонконг | 85,5               | 82,7         | 88,3    |
| 3    | Макао   | 85,4               | 82,8         | 87,9    |
| 4    | Жапония | 84,8               | 81,8         | 87,7    |



Жалғасы

| 1   | 2              | 3    | 4    | 5    |
|-----|----------------|------|------|------|
| 5   | Аустралия      | 84,5 | 83,2 | 85,8 |
| 6   | Швейцария      | 84,0 | 82,0 | 85,9 |
| 7   | Мальта         | 83,8 | 81,4 | 86,1 |
| 8   | Оңтүстік Корея | 83,7 | 80,4 | 86,8 |
| 9   | Лихтенштейн    | 83,3 | 81,1 | 85,4 |
| 10  | Норвегия       | 83,2 | 81,6 | 84,9 |
| 167 | Қазақстан      | 69,4 | 65,5 | 73,1 |
| 235 | Нигерия        | 52,7 | 52,3 | 53,1 |
| 236 | Чад            | 52,5 | 50,8 | 54,3 |

БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті:  
өмір сүру ұзақтығының индексі 2022



63-сурет. Дүниежүзі халқының сауаттылық индексі

Ересек адамдардың сауаттылық индексі  $ALI = ALR/100$ , мұнда  $ALR$  — ересек адамдардың сауаттылық деңгейі, пайызбен көрсетілген. Мысалы, елде 3 млн ересек адам бар, олардың сауаттылық деңгейі — 2,960 мың адам.

$$3 \text{ млн} — 100\%, x = \frac{2960000}{3000000} \cdot 100\% = 98,6\%,$$

$$2,960 \text{ мың} — x\%.$$

Жауабы:  $ALR$  98,6% -ды құрайды.

Өмір сүру деңгейі ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы мөлшерімен бағаланады. Сатып алушылық қабілетінің шамасы АҚШ долларының

есебімен өлшеніп, ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы индексі сана-лады. Бұл көрсеткіш максималды 40000 долларды, минималды 100 долларды құрайды. Белгілі деңгейде ЖІӨ — сатып алушылық қабілеті паритеті бойынша ішкі жиынтық өнім болып табылады.

Адамзат әлеуетінің даму индексі:

$$A\text{ӘДИ} = \frac{1}{3} \begin{array}{l} \text{өмір сүру} \\ \text{ұзақтығы-} \\ \text{ның} \\ \text{индексі} \end{array} + \frac{1}{3} \begin{array}{l} \text{белгілі бір дең-} \\ \text{гейде білім алу} \\ \text{индексі} \end{array} + \frac{1}{3} \begin{array}{l} \text{өмір сүру} \\ \text{деңгейінің} \\ \text{индексі} \end{array}$$

Мүмкін болатын максималды АӘДИ — 1, минималды — 0.

*Адам әлеуеті дамуының индексі* 1-ге тең болса, онда елдегі орташа өмір сүру ұзақтығы 85 жылға тең болады (бұл барлық елдер үшін жоғары шек), ЖІӨ жан басына шаққанда (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша) 40000 долларға тең (бұл да барлық елдер үшін бекітілген жоғары шек), онда халық 100% сауатты болып табылады. Ал белгілі бір жасқа жеткендер бастауыш немесе орта мектепке барады, жоғары оқу орындарында білім алады (бұл да өзгертілмейтін индикатор). Мұндай көрсеткішке бүгінгі күні Норвегия жақын, АӘДИ 0,944-ке тең.

*Адам әлеуетінің даму индексі* 0-ге тең болса, елдегі орташа өмір сүру ұзақтығы 25 жылға тең болады (бұл тіркелген төменгі деңгей), ЖІӨ жан басына шаққанда (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша) 100 долларға тең (бұл да барлық елдер үшін төменгі шек), онда халықтың 100% -ы сауатсыз және ешкім білім алмайды. Бұл шекке бүгінгі күні Нигерия жатады, мұнда АӘДИ 0,275-ке тең.

БҰҰ халық санағы бөлімі, ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік банктің статистикалық институттары ғаламдық ақпараттарды жинайды.

Осыдан кейін осы үш индекстің негізінде орташа мән есептеледі.

«Қазақстан АӘДИ бағытында өзінің бұрынғы орнын, яғни өте жоғары адамзат дамуының деңгейін сақтайды, АӘДИ 0,802-ге тең. Осыған қарамастан елде қоршаған орта бойынша бірқатар мәселелер бар, мысалға алсақ, атмосфераға көмірқышқыл газын шығарудың жоғары көрсеткіштері, пайдалы қазба түрлерінен алынатын энергияны көп тұтыну. Адамзат дамуы туралы жаңа баяндаманы (докладты) назарға ала отырып және АӘДИ көрсеткіштерін адамдардың ғаламшарға әсер ету іс-әрекеттерінен болатын қысымды есепке ала отырып түзетулер енгізу қажет, егер антропоцен дәуірінің маңызды сын-қатерлерін дұрыс шеше алмаған жағдайда Қазақстан өзінің ұстап тұрған бағытын төмендетіп алуы мүмкін», — деп айтады БҰҰ Қазақстандағы Бағдарламаны дамытудың тұрақты өкілі Якуп Беріш.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзіме риза болдым, себебі ... .  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



Сөйлемдерді аяқтаңдар.  
 АӘДИ — ... .  
 ЖІӨ — ... .  
 Өмір сүрудің күтілетін максималды индексі белгіленген мән (БҰҰ Даму бағдарламасы анықтаған) — ... .  
 Өмір сүрудің күтілетін минималды индексі белгіленген мән (БҰҰ Даму бағдарламасы анықтаған) — ....  
 ЖІӨ — жан басына (максималды және минималды) шаққандағы мөлшері ... .. долларға тең (сатып алу қабілетінің паритеті бойынша).



Сөйлемдерді аяқтаңдар.  
 АӘДИ теориялық негізін жасады ... .  
 АӘДИ есептеуде қарастырылатын көрсеткіштер ... .  
 Ғаламдық есеп үшін статистика жинақталады ... .  
 Ең жоғарғы АӘДИ ... .



«Дүниежүзі халқының білімділік индексі» кестесін толтырыңдар.

**Дескриптор**

1. «Дүниежүзі халқының білімділік индексі» сұлба-картасын қараңдар.
2. Білімділік индексі жоғары, орташа және төмен елдерді анықтаңдар.
3. Қосымша дүниежүзінің саяси картасымен жұмыс жасай отырып, әр бағанға осы елдер тобына кіретін 3—5 елден жазыңдар.

| Өте жоғары | Жоғары | Орташа | Төмен |
|------------|--------|--------|-------|
|            |        |        |       |



**Топтық жұмыс**

- А. Анкета жүргізіндер және нәтижелерін графикалық органайзер түрінде рәсімдеңдер.
- Ә. Сұрақтар бойынша талқылау жүргізіндер.
- Б. Төменде берілген кез келген тақырыпқа эссе жазып келіндер.
1. FTR деген не?
  2. Сендер қалай ойлайсыңдар, FTR адамзаттың игілігі үшін бе? Неліктен?
  3. Сендер қалай ойлайсыңдар, FTR бұл апатқа алып баратын қадамдар ма?
  4. Сендер ғылыми-техникалық прогресті қалай түсінесіңдер?
  5. FTR сендердің өмірлеріңде (мысал келтіру).
  6. FTR не үшін адамның өмірінде маңызды?
  7. Сендердің ойларыңша ғылыми-техникалық прогресс бұл қоғамның дамуы үшін қозғалтқыш күш пе?
  8. Ғылыми-техникалық прогрестің болашағы бар ма?
  9. Әлемді FTR-сыз елестету мүмкін бе?

## § 52-53. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы.

### Қазақстанның инновациялық құрылымдық жағдайы

#### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму бағыттарын білесіңдер;  
— Қазақстанның инновациялық инфрақұрылымының жағдайын талдап, дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейсіңдер;  
— Қазақстан аймақтарының инфрақұрылымын талдап, мәселелерді шешу жолдарын ұсынатын боласыңдар.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ шаруашылық
- ✓ өндірістік сала
- ✓ өндірістік емес сала
- ✓ инновация
- ✓ инфрақұрылым

Қазақстан Республикасы — аумағы үлкен, табиғат байлығы алуан түрлі, көпұлтты мемлекет. Елдің болашағы халықтың өмір сүру деңгейін көтеруге, шаруашылық пен экономиканы дамытуға байланысты.

*Қазақстанның шаруашылығы* — халықтың белгілі бір сұранысын қанағаттандыратын өртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердің өзара байланысқан жиынтығы.

Халықтың сұранысын қанағаттандыратын кәсіпорындар мен мекемелер өндірістік және өндірістік емес шаруашылық салаларына бірігеді.

**Өндірістік сала** — бұл елдің материалдық құндылықтарын (энергетика, машинажасау т.б.) немесе өндіріс құралдарын және халық тұтынатын тауарлар шығаратын (азық-түлік, киім-кешек), сондай-ақ оны тұтынушыға дейін тасымалдауды қамтамасыз ететін (көлік, байланыс) салалар. Оларға өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік, сауда, қоғамдық тамақтану жатады.

**Өндірістік емес сала** — бұл халықтың тұрмыстық (тұрғын үй, коммуналды шаруашылық) және рухани (мәдениет, өнер және т.б.) қажеттіліктерін қанағаттандыратын салалар. Бұл салаға денсаулық сақтау, демалыс ұйымдары, ғылым, білім, тұрмыстық қызмет көрсету, спорт, коммуналды және тұрғын үй шаруашылығы, басқару және құқық қорғау органдары жатады.

Шаруашылық екі жолмен дамиды — интенсивті және экстенсивті.

*Шаруашылықтың интенсивті даму жолы* — ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған, ғылыми-техникалық прогресс базасында, өнімділікті арттыру үшін қаржы мен еңбекті қажет ететін, еңбекті заманға сай ұйымдастыруға негізделген өндірістің дамуы.

*Шаруашылықтың экстенсивті даму жолы* — техникалық прогрестің жетістіктерін аз деңгейде пайдаланып, материалдық-техникалық базаны өзгертпестен еңбек пен қаржыны аз жұмсайтын қосымша егіс алқаптарын кеңейту және т.б. есебінен өндірістің дамуы.

Өнеркәсіп — республика экономикасының жетекші саласы. Өнеркәсіптің дамуы шаруашылықтың барлық салаларындағы ғылыми-техникалық прогресс пен елдің экономикалық және қорғаныс қуатын анықтайды.

Қазақстан көптеген пайдалы қазбалардың қоры жөнінен әлемде жетекші орынды иеленеді.

Сондықтан Қазақстан шаруашылығына инновацияларды енгізудің қажеттілігі туындады. **Инновация** — бұл жаңа өнім, тауар, қызмет түрлерін өндіретін және технологиялық жаңалықтарды енгізе отырып, жаңа нарықты игеру және кеңейту. Инновациялық әрекеттің табысты дамуы ғылыми-техникалық прогресс негізіндегі басқа да факторлармен қатар жүреді.

2012 жылы қаңтарда Қазақстан Республикасында «Индустриалды-инновациялық әрекеттерді мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылданды. Ел үшін маңызды индустриялық бағыттарға технологиялық бағдарламалар жасалуда. Машинажасау, энергетика, тау-кен металлургиялық кешені, мұнай-газ салалары және АӨК, химия өнеркәсіптерін дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Заңда жер қойнауын пайдаланушылардың жылдық табысының 1% -ын міндетті төлем ретінде аудару қарастырылған, ол ғылыми зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға бағытталды (ҒЗТКЖ). Технологиялық бағдарлама, сонымен қатар жоғары білікті мамандарды даярлауды қамтиды. Он мақсатты технологиялық бағдарлама әзірленді. Мысалы, ақпараттық технологияларды (АТ) дамыту үшін Алматы қаласындағы Инновациялық технологиялар паркінде кластер құру жоспарлануда, онда АТ саласындағы жобаларды қолдау үшін бизнес-инкубатор негізделетін болады.

Қазақстанда қазіргі таңда 8 технопарк, 4 конструкторлық бюро, ЖОО мен ғылыми-зерттеу институттарында 15 коммерциялық офис, 6 венчурлық қор жұмыс жасайды.

Мемлекеттік инновациялық бағдарламалар тек алдыңғы қатарлы идеялар мен технологияларды және өндіріс салаларын технологиялық қайта жарақтандыру негізінде ойдағыдай жүзеге асырылуы мүмкін.

**ЕХРО-2017 — «Болашақтың энергиясы».** Пайдалы қазба ресурстар қоры азайғанда баламалы энергия қажеттілігі туды. БҰҰ мәліметтеріне сәйкес қазіргі күні Жер бетін-

#### Глоссарий:

**Инновация** — жаңалық енгізу, нарықта қажетті өнім немесе үдерістің тиімділігін арттыру арқылы сапаны қамтамасыз ету.

**Венчурлық қор** — инвестициялық қор, ғылыми тұрғыдан жетістікке жеткен нәтижелері бар, бірақ әлі практикада сыналмаған технологиялық жаңалықтарға тәуекел етіп қаражат салу.



EXPO-2017 — инновациялық-экономикалық дамытудың маңызды катализаторы

тарының баяндамаларынан келтірілген. Қазақстан үшін «Болашақтың энергиясы» — баламалы энергетиканы дамытудың жаңа мүмкіндіктері. Энергия және ресурс үнемдеуші экономика бағытында «Қалпына келетін энергия көздерін қолдау» атты Қазақстан Республикасы Заңы және бірқатар шаралар қабылданды.

Қазақстанда экономикаға экологиялық таза энергия үнемдеуші технологияларды енгізуде «Жасыл көпірдің» маңызы зор.

Қазіргі таңда дүниежүзі экономикасы инновациялық жолмен қарқынды дамуда. Инновациялар және оларды қолдану нарықтық экономика шеңберінде үлкен рөл атқарады. Нарықтық экономиканың басты айырмашылығы — *бәсекелестік*. Инновацияларды енгізу тауардың өзіндік құнының төмендеуіне, пайданың өсуіне, сатып алушылардың қызығушылығының артуына, басқа нарыққа шығуға, ақша ағындарына басымдық береді. Инновациялар бәсекеге қабілеттілікті арттырып, ел экономикасына оң әсер етеді.

Экономикасы дамыған көптеген елде инновациялық саясатты жүзеге асыру үшін өзіндік инновациялық инфрақұрылым құрылған. Ол барлық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған және адамдардың инновацияларды өндіріске енгізуін жақсартуға негізделген. *Инновациялар* — өте тиімді жүзеге асырылған адамзаттың зияткерлік әрекетінің соңғы нәтижесі болып табылатын жаңалық. Ойлап табылған жаңалықтар қолданысқа енгізілгеннен кейін барлық адамға қолжетімді болады. Инновациялар кез келген салада адамзаттың өмір сүру деңгейін жақсартуға қажетті жаңа өнімді нарыққа шығарумен байланысты. Мысалы, адамдар және қашықтықтан басқарылатын коммуникациялар. Қазіргі уақытта пайда болған көптеген қосымшалардың көмегімен біз коммуникацияны кез келген қашықтыққа құра аламыз.

*Инновацияларды* сәтті жүзеге асыру үшін инфрақұрылым қажет. Инфрақұрылым бұл — алға қойған мақсаттарды жүзеге асыруда көмектесетін нысандар кешені немесе нысандар жүйесі. Инфрақұрылымға көлік, байланыс, коммуналды нысандар, денсаулық

сақтау нысандары, білім беру және т.б. жатады.

*Инновациялық инфрақұрылым* — бұл инновациялық іс-әрекеттегі материалдық-техникалық, қаржылық, ұйымдастыру-әдістемелік, кеңес беру, ақпараттық, заңды және басқа да инновациялық қызмет көрсетуші (ғылыми-зерттеу институттары, жоғары кәсіптік білім беру мекемелері, инновациялық-технологиялық орталықтар, технологиялық парктер, ерекше экономикалық зоналар, ұжымдық пайдалану орталықтары, даму қорлары және басқа мамандандырылған ұйымдар) нысан, ресурс және құралдардың жиынтығы.

Инновацияны дамытудағы көшбасшы елдердің тәжірибесі инновациялық инфрақұрылымды дамытпай, инновациялық саясаттың міндетін шешу мүмкін емес екендігін көрсетеді.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және оны тиімді инновациялық инфрақұрылым бағытында дамытудағы басты фактор, академиялық ғылым мен өндіріс арасын байланыстырушы түйін *мемлекеттік инновациялық саясат* болып табылатынын әлемдік тәжірибе көрсетті.

Инновациялық саясатты дамыту және ынталандыру үдерісін қалыптастыру үшін әлемдік практикада ерекше инновациялық инфрақұрылым жүйелері жұмыс істейді:

- ғылыми зерттеуге бағытталған зерттеу жобаларының тәуелсіз сараптама орталықтары;
- форсайт орталықтары, жол карталары жаңа өнімдерді енгізудегі қауіптерді азайтады және ұжымды үйлестіруді күшейтеді;
- болашақты болжауға мүмкіндік беретін әртүрлі сарапшы және футурологиялық қауымдастықтар мен желілер;
- арнайы мамандандырылған білім беру орталықтары, институттар және мектептер, олар тек ғалым мен инженерлерді дайындап қана қоймай, инновациялық жобаларды жасауға қабілеті бар кәсіпкерлерді дайындайды.

Индустриялық инновациялық даму өнеркәсіпте жаңа технологияларды, өндіріс әдістерін және инновациялық шешімдерді енгізу үдерісіне жатады. Бұл өндірісті автоматтандыруды, цифрлық технологияларды енгізуді, жаңа материалдар мен үдерістерді құруды, сапалы өнімдерді өзірлеуді қамтуы мүмкін. Индустриялық инновациялық даму экономиканың өнімділігін, бәсекеге қабілеттілігін және тұрақтылығын арттыруда шешуші рөл атқарады.



Инфрақұрылымды дамыту — ұлттық экономиканың келешегі және табыс кепілі

Қазақстанда индустриялық инновациялық даму экономиканы жаңғырту стратегиясы шеңберіндегі басымдықтың бірі болып табылады. Мемлекеттік бағдарламалар өнеркәсіпте инновацияларды ендіруге, ғылыми зерттеулерді дамытуға, стартаптарды қолдауға және инновациялық кәсіпкерлік үшін қолайлы инфрақұрылым құруға бағытталады. Негізгі бағыттарға жоғары технологиялық салаларды дамыту, өндірісті цифрландыру, инновациялық кластерлер құру және инновациялық жобаларға инвестициялар тарту кіреді. Астана, Алматы сияқты индустриялық кластерлерді дамыту инновациялық экожүйені қалыптастыруда және экономикалық өсуді ынталандыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстандағы кейбір индустриялық инновациялық дамуға келесі мысалдарды келтіруге болады:

**1. Энергетика және қалпына келетін энергия көздері:** Күн және жел энергетикасын дамыту бағдарламалары, энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған жаңа технологияларды енгізу және шығарындыларды азайту.

**2. Ресурстарды өндіру:** тау-кен саласында өнімділік пен қауіпсіздікті жоғарылату үшін инновациялық әдістерді қолдану, мысалы, автоматтандыруды енгізу және жүйелерді роботтандыру.



Азық-түлік сферасы — келешектің инновациялық кластері

**3. Агроөнеркәсіптік кешен:** заманауи ауылшарушылық технологияларын енгізу, мысалы ақылды ауылшаруашылық жүйелері, дрондар, қашықтықтан зерделеу, дақылдардың жаңа сұрыптарын жасап шығару.

**4. Өндіріс:** өндірістік үдерістерді жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, мысалы, өндірісті оңтайландыру мен өнімдердің сапасын арттыру үшін интернетті және жасанды интелекті пайдалану.

**5. Технопарктер және инновациялық кластерлер:** арнайы мамандандырылған инновациялық компанияларды дамыту үшін аймақтар құру, инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету, стартаптар мен шағын бизнес үшін тәлімгерлік ету және қаржыландыру (64-сурет).

Бұл мысалдар Қазақстандағы индустриялық инновациялық дамудың өртүрлі аспектілерін көрсетеді және ел экономикасын тұрақты өсіру үшін маңызды болып келеді.





64-сурет. Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтары (АЭА)

Инновациялық инфрақұрылымдардың дамуы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инвестициялар тартуға және жоғары технологиялар секторында жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзіме риза болдым, себебі ... .  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



Сөйлемдерді толықтырыңдар.  
 1. Қазақстан шаруашылығы ... қамтиды.  
 2. Инновация — бұл ... .  
 3. Жыртылатын жерлерді ұлғайту есебінен бидай өндірісін кеңейту — бұл ... дамудың жолы.  
 4. Машинажасау, металлургия өндірісі салаларына ... жатады.



Инновациялық жұмыстардағы Қазақстанның маңызын анықтаңдар.



1. Жергілікті жердегі индустриялық инновациялық дамуға мысалдар келтіріңдер.  
 2. Өздерің тұратын елді мекендегі инфрақұрылымды дамытудың болжамдарын жасап көріңдер.  
 3. Күнделікті өмірден инновацияға қатысты екі мысал келтіріңдер.  
 4. Суретті пайдаланып, тапсырманы орындаңдар.

- а) ҒЗТКЖ-ның қандай бағыттарын көбірек қаржыландырады және бұл немен байланысты?
- ә) ҒЗТКЖ-ның қандай бағыттарын кіріктіруге болады және не үшін?
- б) Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болмайды деп ойлайсындар және не себептен?



Дереккөз ҚР БҒМ, БНС РК

**Секторлар бойынша ҒЗТКЖ шығындары, млрд теңге**



**ҒЗТКЖ жобаларын бағыттары бойынша қаржыландыру**



Деректер 2021 жыл  
Дереккөзі: ҚР БҒМ

### Дүниежүзінің жетекші елдері және Қазақстан Республикасы

#### Тапсырма

«Факт» және «пікір» берілгендерді оқып шығындар, шындыққа сәйкес келетіндерін белгілеңдер, сәйкес келмейтіндерін дәптерге жазып түзетіп шығындар.

1. Робототехника, биотехнология, микроэлектроника – ҒТР-дің ғылымды көп қажет ететін жаңа салалары.
2. Латын Америкасы аймағы ҒЗТКЖ-ның басты орталығы болып табылады.
3. Қазіргі кезде білім беруде елдер арасындағы алшақтық артып келе жатыр.

4. Ел экономикасының дамуы халықтың білім деңгейіне байланысты емес.
5. XX ғасырдың ортасында шаруашылықтың салалық құрылымында өсімдік шаруашылығы басымдық танытты.
6. FTP бүгінгі күні ғаламшардағы адамдарға қажет саланың барлығын қамтып отыр.
7. FTP кезеңі XX ғасырдан бастау алды.

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ САЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫ

### § 54. Қазақстанның шаруашылық салаларына жоспар бойынша сипаттама беру. Отын өнеркәсібі

Сипаттама — бір нәрсенің ерекшеліктері мен қасиеттерін сипаттап көрсету.

Қандайда бір нәрсені сипаттау үшін, алдымен жоспар құрып алу керек.

**Өнеркәсіп салаларына сипаттама берудің жоспары:**

1. Шаруашылық салаларының маңызы.
2. Олардың дамуы үшін табиғи алғышарттар.
3. Салалық құрамы.
4. Орналастыруға әсер ететін негізгі факторлар.
5. Салалардың салааралық және салаішілік байланыстары.
6. Орналасу орталықтары мен аудандары.
7. Саламен байланысты табиғатты қорғау мәселелері және оларды шешудің жолдары.
8. Саланы орналастыру мен дамытудың алғышарттары.

**Отын өнеркәсібі** отын-энергетика кешені (ОЭК) құрамына кіреді, бұл — отынды өндіру және қайта өңдеу, электр энергиясын өндіру және оны тұтынушыға тасымалдаумен айналысатын салалар тобы. Кез келген елдің энергетика шаруашылығы материалдық-техникалық базаны құрудың, өндіргіш күштерді дамыту мен халықтың өмір сүру жағдайын жақсартудың негізі болып табылады. Қазіргі таңда адамдардың өмір сүру деңгейі ОЭК-тің өнімдеріне тікелей байланысты. Электр қуатынсыз, отынсыз экономиканы дамыту мүмкін емес, адамдарға да жайлы, қолайлы және сапалы өмір сүрудің отынсыз болмайтыны анық. Бұл өнеркәсіп кешені ел шаруашылығының барлық салаларымен өте тығыз байланысты. Отын өнеркәсібі республика бюджетінің қалыптасуына елеулі ықпал етеді. Отын өнеркәсібі кешенінің дамуы басқа өнеркәсіп салалары мен ауылшаруашылығын өркендету базасы қызметін атқарады.

#### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстанның шаруашылық салаларын жоспар бойынша сипаттауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:


- ✓ сала
- ✓ орналасу факторлары
- ✓ орналасу орталықтары

Қазіргі таңда Қазақстан отын ресурстарының мол қоры бар елдер қатарында, оларға дүниежүзілік энергетикалық нарықтың дамуы мен жағдайы тәуелді болып келеді. Қазақстанның жер қойнауында көптеген көмірсутек (мұнай, газ, газ конденсаты) кен орындары ашылған. Сонымен қатар республика аумағында көмір, су ресурстары, жанғыш тақтатаc, гидротермалды су көздері орналасқан.

Қазақстан өзін отын-энергетикалық ресурстармен толық қамтамасыз етіп, республикадан тысқары аумақтарға да отын тасымалдап, электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыруда.

ОЭК құрамына отын өнеркәсібінің салалары (көмір, мұнай, газ), электр энергетикасы және өнімдерді тасымалдау құралдары (электр желілері, мұнай және газқұбырлары) кіреді (65-сурет).

*Мұнай өнеркәсібі.* Қазақстанда мұнай өндірісі дамыған, ол — отын өнеркәсібінің жетекші саласы. Ел аумағында болашағы зор мұнай алаптары орналасқан, олардың ішінде — Атырау-Ембі, Маңғыстау және Оңтүстік Торғай алаптары бар. Бұл аймақтарда геологиялық барлау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Көмірсутек шикізаттарының жалпы қоры бойынша Қазақстан ТМД-да Ресейден кейінгі 2-орында. Бұл аймақта геологиялық барлау нәтижесінде жаңа кен орындары ашылуда.



65-сурет. Отын өнеркәсібі кешені



66-сурет. Мұнайды пайдалану

Қазақстанда мұнай революцияға дейін 1899 жылдан бастап Ембі кен орнынан өндірілген. 1911 жылы Доссор, ал 1915 жылы Мақат кен орны игеріле бастады. Ембі мұнайының технологиялық сапасы мен одан алынатын жанар-жағармай өте жоғары бағаланады (66-сурет).

Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы Атырау облысында ашылған дүниежүзіндегі ең ірі мұнай кен орындарының бірі болып табылады. Батыс Қазақстанда 1945 жылы салынған алғашқы Атырау мұнай өңдеу зауыты Атырау-Ембі мен Маңғыстаудың парафині мол ауыр мұнайын өңдейді.

Мұнай өңдейтін зауыттар тұтынушыларға негізделген. Қазақстанда 3 ірі мұнай өңдейтін зауыт (Атырау, Павлодар, Шымкент) бар. Қарашығанақта жанар-жағармай зауыты жұмыс істейді. Бүгінде Теңіз, Қарашығанақ, Жаңажол, Құмкөл, Қаламқас, Қаражанбас кен орындары сапалы мұнайымен әйгілі. Мұнай өнеркәсібі қарқыны жылдан-жылға өсуде.

20-кестеде әлемдегі ірі және бірегей мұнай және газ кен орындарының геологиялық қорлары, ашылған жылы мен мұнай, газ алаптары көрсетілген.

Мұнайдан 300 түрлі өнім, сонымен қатар жанар-жағармай алады және мұнай химия өнеркәсібінің негізгі шикізаты болып табылады.









1. 20-кестеге мұқият қарай отырып, кен орындарының аймағын анықтаңдар.
2. Мұнай, газ кен орындары Қазақстанның қай аймағында орналасқанын атап, картадан көрсетіңдер.

3. Егер 2017 жылы 8, 9 млн т мұнай өндірілсе, мұнай қорының қанша жылға жететінін 21-кестені қолдана отырып есептеңдер.

20-кесте

**2017 жылғы 1 ақпандағы мәлімет**

| № | Елдер   | Кен орны                | Ашылған жылы | Геологиялық қоры (млрд т мұнай) | Өңдеу  | Мұнай-газ алабы   |
|---|---|-------------------------|--------------|---------------------------------|--|-------------------|
| 1 |    | Аль-Гавар               | 1948         | 12                              | Saudi Aramco   | Парсы шығанағы    |
| 2 |    | Үлкен Бурган            | 1946         | 11                              | Kuwait Petroleum Corp.                                   | Парсы шығанағы    |
| 3 |   | Боливар Костал          | 1917         | 8,3                             | Petroleos de Venezuela                                   | Маракайбо көлі    |
| 4 |  | Жоғарғы Закум           | 1969         | 7,0                             | ADNOC, Exxon Mobil, Japan Oil Development Co.            | Парсы шығанағы    |
| 5 |  | Солтүстік/Оңтүстік Парс | 1991         | 7,0                             | Qatargas, Petropars Iran                                 | Парсы шығанағы    |
| 6 |  | Қашаған                 | 2000         | 6,4                             | Eni, ҚазМұнайГаз, Total, Shell, Exxon Mobil, CNPC, Inpex | Каспиймаңы ойпаты |
| 7 |  | Самотлорск              | 1965         | 6,2                             | Роснефть   | Батыс Сібір       |
| 8 |  | Дацин                   | 1959         | 5,7                             | PetroChina   | Сунляо            |

21-кесте

**Қазақстандағы мұнай өндіру динамикасы**

| № | Жылдар | Мұнай өндіру, млн т |
|---|--------|---------------------|
| 1 | 2      | 3                   |
| 1 | 1965   | 2                   |
| 2 | 1975   | 23                  |
| 3 | 1985   | 27,8                |
| 4 | 1991   | 31,4                |

| 1  | 2         | 3    |
|----|-----------|------|
| 5  | 1995      | 20,6 |
| 6  | 2000      | 35,3 |
| 7  | 2005      | 40   |
| 8  | 2008      | 65   |
| 9  | 2018      | 90,3 |
| 10 | 2022—2023 | 90,5 |

**Қазақстанның газ өнеркәсібі** отын-энергетика өнеркәсібінің ең жас саласы болып табылады. Газбен жүретін автокөліктер, бензин қозғалтқышы бар автокөліктермен салыстырғанда, ауаға зиянды заттарды бес есе аз бөледі. Газды құбыр арқылы тасымалдайды.


Қазақстанда газ табиғи (Теңге және Маңғыстау түбегіндегі Үстірт кен орындары) және ілеспе газ (Атырау-Ембі және Маңғыстау алаптары) түрінде кездеседі. Ең ірі газ кен орындарына Қарашығанақ, Имаш, Жаңажол, Батыс Прорва, Тасболат, Шынар, Өзен және т.б. жатады.

Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде 1980 жылдан бастап Қарашығанақ газ конденсаты кен орны игерілді. Газдың құрамында химия өнеркәсібіне пайдаланылатын шикізат конденсат түрінде болады. Тасымалдау жүйесіне «Қарашығанақ — Атырау» және «Қарашығанақ — Орынбор» бағыттары кіреді. Газ өңдейтін зауыттар Теңіз және Жаңажол елді мекендері мен Жаңаөзен қаласында салынған.

**Көмір өнеркәсібі.** Көмірдің негізгі кеніштері Қазақстанның солтүстік және орталық аудандарында шоғырланған. Көмір маңызды отын және химиялық шикізат болып табылады. Оның жоғары сапалы түрі металлургияда металды балқытуда қолданылатын кокс алу үшін пайдаланылады (67-сурет). Кокс көмірі Қарағанды алабында жабық әдіспен өндіріледі. Кен орындары: Қарағанды, Саран, Шахты, Абай.

Қазақстанда Қарағанды, Екібастұз, Майкүбі, Қаражыра, Обаған, Торғай, Төменгі Іле көмір алаптары және көптеген шағын кен орындары бар.

ОЭК-тің дамуы экологиялық мәселелердің пайда болуымен тығыз байланысты.



67-сурет. Көмірді пайдалану

Бүгінгі күні экологиялық жағдай — Қазақстандағы ең өзекті мәселелердің бірі: мұнай мен газ өндіргенде ілеспе газдың жануынан қалалар ауасы ластануда. Атмосфераға түскен түтін мен улы газдар қоршаған орта мен адам денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Каспий теңізінің суында тірі организмдерге өте қауіпті қосылыстар анықталған, ол өздігінен тазармайды. Бұл мәселе мұнайды жағалаудан және теңізасты платформаларынан өндіру салдарынан туындаған.

Каспий теңізі суын тазарту тек оның жағасында орналасқан мемлекеттердің бірлесіп күш салуымен жүргізіледі. ХХ ғасырдың соңынан бері Каспий экологиялық бағдарламасы аясында табиғатты қорғау шаралары іске асырылуда. Қазақстан экологиялық жағдайларды жақсартуға бағытталған халықаралық бағдарламаларға да қатысады. Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың тұжырымдамасын жасағанда келесі міндеттер есепке алынған:

- 1) ОЭК ресурстары мен өнімдерінің жеткілікті мөлшерін қарастыру арқылы елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 2) аймақ экономикасында энергияны тұтынудағы сұранысты қанағаттандыру жолдары арқылы аймақтағы геосаяси ықпалды нығайту;
- 3) елдің экономикалық-әлеуетінің дамуы:
  - ғылыми әлеуеттің дамуы;
  - жаңа технологияларды енгізу;



— электр құралдарын және энергия нысандарының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру;

4) ХХІ ғасырдың технологияларын қолдану арқылы ОЭК салаларын қарқынды дамыту:

— энергия теңгеріміне қайта қалпына келетін және баламалы энергия көздерін белсенді түрде тарту;

— энергияны және ресурсты үнемдеу, энергиялық тиімділікті арттыру.



1. Отынның көптеген түрі бар, олар бір-бірінен қалай айырмашылық жасайды?
2. Отынның қай түрінің экологияға зияны азырақ болып саналады және неліктен?
3. Отын-энергетикалық теңгерімінде мұнай мен газдың үлесі неге артып отыр?

Параграфтағы мәтінмен жұмыс істей отырып, сипаттама беру жоспарына жататын азат жолдарды стикермен белгілеңдер.

**Топтық жұмыс**  
Параграфтағы жоспар бойынша Қазақстандағы шаруашылықтың басқа салаларына сипаттама беріңдер.

## § 55. Қазақстанның экономикалық аудандарындағы шаруашылық салаларының мамандануы

Қазақстан — жер көлемі бойынша дүниежүзінде тоғызыншы, Еуразияда төртінші, ТМД-да екінші орын алатын ірі мемлекет.

**Аумақтық ұйымдастыру** — халықтың жағдайын жақсарту мен табиғатты қорғау міндеттерін қарастырады. Еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін елдің өртүрлі аймағындағы өндіріс пен жеке салалардың бір-бірін толықтырып отыруы ғылыми негізделген. Сондай-ақ аумақтық ұйымдастыру экономикалық аудандастыруды да қарастырады. Бұл — аумақтық еңбек бөлінісін

### Бүгінгі сабақта:

— Қазақстан экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіруге дағдыланасыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ экономикалық аудан
- ✓ салалық мамандану
- ✓ қосалқы мамандану
- ✓ қызмет көрсету

көрсететін елдегі экономикалық аудандардың бір-бірімен байланысқан жүйелерінің бөлінісі. Аудандастырған кезде экономикалық аудандардың мамандануы мен ішкі өндірістік кешендердің бірлігі негізге алынады.

*Мамандану* — кәсіпорындардың бірыңғай өнім шығаруы. Солтүстік Қазақстан барлық экономикалық аудандарды бидай, сүт өнімдерімен, Батыс Қазақстан мұнай өнімдерімен, Орталық және Солтүстік Қазақстан көмірмен, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан өсімдік майымен т.б. қамтамасыз етеді.

Географиялық еңбек бөлінісінің нәтижесінде экономикалық аудандар қалыптасады. Атақты ғалым Н.Н.Баранский Қазақстан аумағын шаруашылыққа мамандануына қарай бес экономикалық ауданға бөлген: Орталық Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан. Әрбір экономикалық аудан бірнеше облыстарды біріктіріп, аумақта шаруашылықтың маманданған, қосалқы және қызмет көрсету салаларын қалыптастырады.

*Маманданған салалар* шаруашылықтың және өндірілетін өнімнің басым бөлігін құрайды. Әрбір ауданда барлық маманданған салалар кешенді дамиды. Мысалы, Шығыс Қазақстан түсті металлургия және су электр энергетикасына маманданған.

*Қосалқы салалар* маманданған салаларды жетілдіруді және олардың болашақтағы дамуын қамтамасыз етеді. Мысалы, металлургия үшін отқа төзімді саз өндіру, машинажасау өндірісі үшін болат пен шойын құюға жергілікті энергетиканы дамыту қажет.

*Қызмет көрсету салаларына* аудан халқын азық-түлікпен, киім-кешекпен, мәдени-тұрмыстық заттармен, коммуналды шаруашылықпен қамтамасыз ететін өндірістер жатады.

Қазақстан аумағындағы экономикалық аудандар:

- 1) Орталық Қазақстан экономикалық ауданы: екі облыс — Қарағанды, Ұлытау;
- 2) Шығыс Қазақстан экономикалық ауданы: екі облыс — Шығыс Қазақстан, Абай;
- 3) Батыс Қазақстан экономикалық ауданы: төрт облыс — Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау;
- 4) Солтүстік Қазақстан экономикалық ауданы: төрт облыс — Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Павлодар және Астана қаласы;
- 5) Оңтүстік Қазақстан экономикалық ауданы: бес облыс — Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Жетісу және Алматы, Шымкент қалалары.

Республикалық маңызы бар үш қала — Астана, Алматы және Шымкент, ал Байқоңыр қаласы Ресей жалға алған аумақта орналасқан.



Николай Николаевич Баранский (1881—1963) — география ғылымының докторы, профессор, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі. Николай Николаевич Баранский Томск қаласында дүниеге келген. ММУ-де жұмыс істеп жүргенде, ол экономикалық география теориясының негізін қалады, сондықтан экономикалық география ғылымының дамуы оның есімімен байланысты. Мына сөздер Н.Н.Баранскийге тиесілі: «География — бұл қай жерде қала болу керектігін, қандай зауыттардың пайда болатынын, жолдардың қайда апаратынын алдын ала білетін ғылым». 1941 жылы Николай Николаевич Мәскеуден Алматыға көшіп келеді, КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында География секторын құрады, «Қазақстан географиясын» басқарады, жоғары оқу орындарында, өнеркәсіп кәсіпорындарында, алдыңғы шепке жіберетін әскери мамандар даярлайтын бөлімде дәріс оқиды. Ол экономикалық географияның әдіснамалық мәселелерін зерттеу жұмысын жалғастыра береді. Соғыс жылдары оның «Экономикалық географияның негізгі әдіснамасы мен әдістемесінің жағдайы» (жаңа бастаған мұғалімдерге арналған, қысқаша баяндалған) еңбегі жарық көрді. Бұл мақалада географияның маңызы туралы қысқаша анықтама берілген. Экономикалық география елдің немесе белгілі бір аудан шаруашылығының ерекшеліктерін біртұтастықта зерттейді. Шаруашылықтың әрбір саласы үшін өзіне тән салалық зерттеу пәні болады (ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, көлік және т.б.). Сондай-ақ табиғаттың әрбір элементіне тән өзінің зерттеу пәні бар. Бірақ экономикалық география ел шаруашылығының ерекшелігін, нақты бір саламен үйлесуін біртұтастықта қарастырады, ал физикалық география елдің (немесе ауданның) табиғатының ерекшеліктерін табиғат элементтерімен үйлестіре отырып, біртұтастықта қарастырады. Кеңістіктегі әртүрлі құбылыстардың үйлесуі мен өзара ықпалдасуы географиялық заңдылықтарға тікелей байланысты. Географияның негізгі зерттеу нысандары жергілікті жердің барлық табиғи, шаруашылық, мәдени, саяси ерекшеліктері болып саналады. Елге немесе ауданға экономикалық-географиялық сипаттама бергенде, ол аяғымен жерге, яғни геология, геоморфология, климатология, топырақтануға, денесі ретінде тарихқа, басымен саясат пен идеологияға сүйенуі керек.

22-кесте

**Қазақстан Республикасы халқының саны және ауданы  
(2024 ж., 1 наурыз)**

| №                        | Облыстар және республикалық маңызы бар қалалар | Аудан (мың км <sup>2</sup> ) | Барлығы   | Қала    |      | ауыл    |      |
|--------------------------|--|------------------------------|-----------|---------|------|---------|------|
|                          |  |                              |           | адам    | %    | адам    | %    |
| 1                        | 2  | 3                            | 4         | 5       | 6    | 7       | 8    |
| <b>Орталық Қазақстан</b> |  |                              |           |         |      |         |      |
| 1                        | Қарағанды                                      | 239,0                        | 1 135 058 | 926 640 | 81,6 | 208 418 | 18,4 |
| 2                        | Ұлытау   | 188,9                        | 221 531   | 175 396 | 79,2 | 46 135  | 20,8 |
| <b>Шығыс Қазақстан</b>   |  |                              |           |         |      |         |      |
| 3                        | Шығыс Қазақстан                                | 97,8                         | 726 598   | 483 979 | 66,6 | 242 619 | 33,4 |
| 4                        | Абай   | 185,5                        | 606 777   | 372 622 | 61,4 | 234 155 | 38,6 |

Жалғасы

| 1                          | 2                   | 3             | 4                 | 5                 | 6           | 7                | 8           |
|----------------------------|---------------------|---------------|-------------------|-------------------|-------------|------------------|-------------|
| <b>Батыс Қазақстан</b>     |                     |               |                   |                   |             |                  |             |
| 5                          | Батыс Қазақстан     | 151,3         | 693 736           | 392 739           | 56,6        | 300 997          | 43,4        |
| 6                          | Ақтөбе              | 300,6         | 940 880           | 705 357           | 74,9        | 235 523          | 25,1        |
| 7                          | Атырау              | 118,6         | 705 901           | 390 152           | 55,3        | 315 749          | 44,7        |
| 8                          | Маңғыстау           | 165,6         | 789 914           | 360 058           | 45,6        | 429 856          | 54,4        |
| <b>Солтүстік Қазақстан</b> |                     |               |                   |                   |             |                  |             |
| 9                          | Солтүстік Қазақстан | 97,9          | 527 854           | 258 508           | 49          | 269 346          | 51          |
| 10                         | Қостанай            | 196,0         | 829 259           | 518 253           | 62,5        | 311 006          | 37,5        |
| 11                         | Ақмола              | 146,2         | 787 647           | 446 352           | 56,7        | 341 295          | 43,3        |
| 12                         | Павлодар            | 124,7         | 753 510           | 533 449           | 70,8        | 220 061          | 29,2        |
| 13                         | Астана              | 0,8           | 1 444 697         | 1 444 697         | 100         |                  |             |
| <b>Оңтүстік Қазақстан</b>  |                     |               |                   |                   |             |                  |             |
| 14                         | Алматы              | 105,2         | 1535 437          | 248 024           | 16,2        | 1 287 413        | 83,8        |
| 15                         | Жамбыл              | 144,2         | 1 222 478         | 531 633           | 43,5        | 690 845          | 56,5        |
| 16                         | Түркістан           | 116,2         | 2 143 554         | 529 622           | 24,7        | 1 613 932        | 75,3        |
| 17                         | Жетісу              | 118,6         | 697 120           | 311 037           | 44,6        | 386 083          | 55,4        |
| 18                         | Қызылорда           | 226,0         | 842 866           | 395 881           | 47          | 446 985          | 53          |
| 19                         | Алматы              | 0,7           | 2 241 044         | 2 241 044         | 100         |                  |             |
| 20                         | Шымкент             | 1,1           | 1 229 410         | 1 229 410         | 100         |                  |             |
|                            | <b>Барлығы</b>      | <b>2724,9</b> | <b>20 075 271</b> | <b>12 494 853</b> | <b>62,2</b> | <b>7 580 418</b> | <b>37,8</b> |

**Тапсырма.**

22-кестені пайдаланып, «Қазақстанның экономикалық аудандарының әкімшілік-аумақтық құрамына кластер құрастырыңдар.

**Орталық Қазақстан**

**Қарағанды, Ұлытау облыстары**

**Аумағы — 427,9 мың км<sup>2</sup>**

**Халқы — 1 356 589 адам**

**Экономикалық-географиялық орны. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары.** Экономикалық аудан республиканың орталық

бөлігінде орналасқан, республика аумағының 15,7% -ын және ел халқының 10,8% -ын қамтиды. Оның құрамына республика бойынша аумағы ең үлкен Қарағанды және Ұлытау облыстары кіреді.

Орталық Қазақстан индустриалды ауданға жатады және республикадағы өнеркәсіп өнімдерінің 16% -ын береді.

**Глоссарий:**

**Тәлімі егіншілік** — ауылшаруашылық дақылдарын суарусыз егу (суаруды қажет етпейтін егіншілік).

Орталық Қазақстан ұсақ шоқылы құрғақ зона Сарыарқада орналасқан. Жер бедері біркелкі емес, аласа таулы, қыратты немесе төбелі.

Климаты континентті, жазы өте ыстық, шаңды құрғақ бораны бар, тұщы су қоры жеткіліксіз.

Орталық Қазақстанда өзен жүйелері нашар дамыған, сол үшін Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету маңызды мәселе болып табылады. Қарағанды-Теміртау өнеркәсіп торабын сумен қамтамасыз ету мақсатында ұзындығы 500 км-ден астам Ертіс-Қарағанды каналы тартылған.

Ауданның табиғат жағдайы — климаттың құрғақтығы, судың жеткіліксіздігі, топырақтың құнарсыздығы ауылшаруашылығының дамуына, өсіресе егіншаруашылығына қолайсыз.

Ауылшаруашылық жерлерінің басым бөлігі — табиғи жайылымдар. Басты салалары — суармалы астық шаруашылығы, етті-сүтті бағыттағы малшаруашылығы. Солтүстіктегі құрғақ дала аймағында жаздық бидай негізгі дақыл болып табылады.

Орталық Қазақстанның пайдалы қазбалары — Қарағанды алабының таскөмірі, Жезқазған, Қоңырат, Саяқ, Қарсақбайдың мыс кендері, Жезді, Қаражалдың марганец кендері, Жәйрем мен Қарағайлының полиметалл кендері болып табылады. Облыстың барлық аудандарында құрылыс материалдары бар. Республикамызда өндірілетін кокстелетін көмір, марганец кені, шойын мен болаттың 100% -ы Орталық Қазақстанға тиесілі. Еліміздегі вольфрам, молибден және мыс кендері осы экономикалық ауданда өндіріледі. Жезқазған және Балқаш комбинаттарында әлемде баламасы жоқ мыс балқытылады, мұнда кен ашық әдіспен өндіріледі.

Экономикалық ауданда 40-қа жуық темір мен марганецтің кен орындары белгілі, олардың ішінде ең маңыздылары: Ақтау, Үшкатын, Қамыс, Қаражал, Қарсақбай, Балбырауын, Жезді, Найзатас.

Орталық Қазақстанда төрт өнеркәсіп торабы қалыптасқан.

*Қарағанды* өнеркәсіп торабының негізгі мамандануы — *кокстелетін көмір және таскөмір өндіру*; қаланың ауыр өнеркәсіп салаларының барлығы оның өндірісімен тығыз байланысты. Қарағандыда кеніштер мен шахталар үшін жабдықтар, өздігінен жүретін комбайн және крандар, электр энергетикалық жабдықтар шығаратын «Maker» (Мэйкер) зауыты жұмыс істейді. Бұл зауыттың өнімімен республиканың көмір өндіретін ірі алаптары жабдықталған. Қазатомөнеркәсіп «ҰАҚ» АҚ (Ұлттық атом компаниясы) АЭС-ке арналған жабдықтар шығарумен айналысады. Жеңіл өнеркәсіп нысандарының ішінде Қарағанды аяқкиім фабрикасын атауға болады.

*Теміртау* өнеркәсіп торабында жетекші сала — *қара металлургия*. Мұнда Қарағанды металлургия комбинаты (Qarmet) мен қайта илемделетін зауыты орналасқан. Өнеркәсіп торабында синтетикалық көксағыз, аммоний сульфаты және т.б. химия өнеркәсібі өндірістері жетекші орын алады.

*Жезқазған* торабындағы өнеркәсіп кәсіпорындарынан республика мен ТМД елдерінің металлургиялық зауыттары үшін *мыс* және *қорғасын концентраттарын* шығаратын мыс балқыту комбинаты мен байыту фабрикасын айрықша атауға болады.

*Балқаш* — Орталық Қазақстандағы ірі өнеркәсіп тораптарының бірі және республикадағы мыс өнеркәсібінің орталығы. «Балқаш-түстіметалл» өндірістік бірлестігінің құрамына Қоңырат, Саяқ және Шығыс зауыттары кіреді. Шашубай қаласында «Балқаш балық өнеркәсіптік кешені» бірлестігі орналасқан, ол Мыңарал және Алғазы балық зауыттарын қамтиды.

## Шығыс Қазақстан

**Шығыс Қазақстан, Абай облыстары**

**Аумағы — 283,3 мың км<sup>2</sup>**

**Халқы — 1 333 375 адам**

**Экономикалық-географиялық орны. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары.** Шығыс Қазақстан Ертіс өзенінің жоғары ағысында орналасқан. Алып жатқан аумағы жөнінен республикадағы ең кіші экономикалық аудан. Жалпы алғанда, Шығыс Қазақстанның географиялық орны, табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстары көпсалалы шаруашылықтың орналасуы мен дамуы үшін қолайлы болып келеді. Шығыс Қазақстан табиғат ресурстарының алуантүрлілігі бойынша республиканың оңтүстігіне жол береді. Жер қойнауындағы байлықтары Орал тауындағы пайдалы қазбалардың қорымен бірдей. Шығыс Қазақстанның аумағын Сауыр-Тарбағатай таулары, Сарыарқаның төбелі аумақтары, өзен аңғарындағы ауқымды жазықтар алып жатыр.

Шығыс Қазақстанның таулары атмосфералық ылғал алып келетін батыс және оңтүстік-батыс желдерінің өтінде орналасқан. Сол үшін мұнда жылдық жауын-шашын 600 мм, тауларда 1000 мм, Алтайдың биік таулы беткейлерінде 1600 мм.

Өңірдің жетекші саласын малшаруашылығы, атап айтқанда, етті-жүнді бағыттағы қойшаруашылығы алады. Қойшаруашылығы Алтай, Сауыр-Тарбағатай тауларының етегінде, Ертістің сол жағалауында, Жайсан алқабында, ал сүтті-етті бағыттағы ірі қара және

жылқышаруашылығы барлық жерде дамыған. Тарбағатайдың оңтүстік беткейіндегі Алтай тау бөктерінде омарташаруашылығымен айналысады (елдегі барлық жиналған балдың 50% -ы). Катонқарағай ауданындағы маралшаруашылығы ерекше сала болып табылады.

Аймақта, негізінен, *суарылмайтын егіншілік* дамыған. Жетекші орынды астықшаруашылығы алады, әсіресе жаздық бидай дақылдары, күздік бидай мен күздік қарабидай, көп жерді қарақұмық дақылы алып жатыр. Ертіс алқабында күнбағыс өсіріледі.

Шығыс Қазақстан пайдалы қазбалардың қорына бай. Кенді Алтайдың негізгі байлығы — полиметалл кендері XVIII ғасырдан бері өндіріліп келеді. Кенді Алтай деген атау түсті және сирек кездесетін металдардың мол қорының болуына орай берілген. Полиметалдан басқа мұнда алтын, күміс, кадмий, сурьма, темір, күкірт, молибден, висмут, индий, талий, селен, теллур, сынап және т.б. металдар кездеседі. Экономикалық ауданның аумағында республикадағы қорғасын қорының 26,1% -ы, мырыштың 45,8% -ы, мыстың 47,9% -ы, алтынның 52,2% -ы, титанның 37,1% -ы, тантал кендерінің 59% -ы шоғырланған. Шығыс Қазақстан — дүниежүзіндегі ең кенге бай аймақтардың бірі.

Экономикалық ауданның негізгі байлығының бірі — су-энергетикалық ресурсы (республикадағы барлық су қорының 50% -ы). Бұлар таудан бастау алатын — Нарын, Ертіс; оның салалары — Үлбі, Бұқтырма, Күршім өзендері ағысының қаттылығымен ерекшеленеді және су энергетикасын өндіруге қолайлы болып келеді. Шығыс Қазақстан экономикалық ауданында бірнеше өнеркәсіптік орталықтар қалыптасқан.

*Өскемен* — Кенді Алтайдың ірі өнеркәсіп және көлік торабы. Қазіргі кезде Өскемен Қазақстандағы түсті металлургияның басты орталығы болып табылады. Қорғасын-мырыш комбинаты «Қазмырыш» Кенді Алтайдың балқытылатын қорғасыны мен мырышының көп бөлігін өндіреді. Бұдан басқа комбинатта алтын, күміс, кадмий, галлий, теллур алынады. Мұнда «Өскемен конденсатор зауыты», «Теңге сарайы» жұмыс істейді. Түсті металлургия саласымен қатар машинажасау, тамақ, жеңіл және ағаш өңдеу өнеркәсіптері дамыған. Қаланың ірі кәсіпорны — титан-магний комбинаты, онда металдарды алу үшін Шығыс Қазақстанның су электр стансыларынан өндірілетін энергияның көп мөлшері жұмсалады.

«Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ ядролық материалдардың, сирек кездесетін түсті металдардың экспорты бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық операторы болып саналатын «Қазатом-

өнеркәсібі» ҰАК» акционерлік қоғамы құрамына кіреді. Зауыт атом өнеркәсібі үшін ядролық отын және тантал, бериллий өнімдерін өндіреді. Өскемен титан-магний комбинаты және «Кэмонт» АҚ электротехникалық жабдықтарды құрастырумен айналысады.

*Семей* — республикада халық тұтынатын тауарларды өндіруші қала және облыс орталығы. Мұнда «ҚазЭлектроМаш» ЖШС кабель-сым зауыты, «DaeWOO Bus Kazakhstan» — автобустары құрастыру зауыты, «СемаЗ» машинажасау зауыты және «SH group» шпал, цемент зауыттары жұмыс істейді. Ақтоғай тау-кен байыту комбинаты бар.

*Риддер* Шығыс Қазақстанда Өскеменнен кейінгі екінші ірі *металлургиялық өнеркәсіп орталығы* болып табылады. Риддердің басты өнеркәсіптік кәсіпорны — «Қазмырыш». Риддерде тау-кен байыту кешені (3 шахта, қорғасын және мырыш зауыттары, байыту фабрикасы және жөндеу механика зауыты): тау-кен жабдықтары зауыты, тау-кен шахтасына арналған дайын жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісі, байыту және металлургия өнеркәсібі жұмыс істейді.

*Аягөз өнеркәсіп торабы* еткомбинаты мен тігін фабрикасының базасында дамып отыр.

*Алтай өнеркәсіп торабы* қорғасын комбинаты, еткомбинаты, ағашты қайта өңдеу және жылу электр стансылары негізінде қалыптасқан.

## Батыс Қазақстан

**Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары**

**Аумақ — 736,1 мың км<sup>2</sup>**

**Халқы — 3 130 431 адам**

**Экономикалық-географиялық орны. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары.** Батыс Қазақстан аумағы бойынша республикада бірінші орынды алады. Ол Каспий маңы ойпатын, Жалпы Сырт пен Орал тауларының оңтүстік бөліктерін, Маңғыстау түбегін, Мұғалжар тауын, Тұран ойпатының солтүстік-батыс бөлігін алып жатыр.

Мұнда *климат* континентті және құрғақ, қысы суық. Орал мен Ақтөбеден солтүстікке қарай қара топырақты және қою каштан топырақты дала зонасының тар жолағы кесіп өтеді. Жылына 300 мм жауын-шашын түседі, бұл тәлімі егіншілік үшін өте қолайлы. Тұщы судың жетіспеушілігінен өсімдік жамылғысы өте сирек, аумақтың көп бөлігін шөлдер мен шөлейттер алып жатыр.



Батыс Қазақстанда *өзен торы* нашар дамыған, ал Маңғыстау түбегінде, Үстіртте өзендер мүлдем жоқ. Ең үлкен өзені — Жайық Каспий теңізіне келіп құяды. Басқа өзендер өте ұсақ. Ауданды сумен қамтамасыз ету шаруашылық маңызға ие.

Өңірде *ауылшаруашылығының* жетекші саласы — малшаруашылығы. Аймақтың 92% -ын жайылымдар мен шабындықтар алып жатыр. Қылшық жүнді және қаракөл тұқымды қойшаруашылығы және Атырау мен Маңғыстау облыстарында түйешаруашылығы дамыған. Дала аймағында етті-сүтті бағыттағы ірі қара және жылқышаруашылығы қолға алынған. *Өсімдікшаруашылығында* жаздық бидай, күздік қарабидай өсіріледі. Еліміздегі ең ірі тары өндіруші Ақтөбе облысы болып табылады. Батыс Қазақстан экономикалық ауданының басты байлығы Каспий теңізіндегі *бекіре тұқымдас балықтар* (бекіре, ақсерке, шоқыр) болып саналады.

Батыс Қазақстан экономикалық ауданының дамыған салалары — *мұнай, газ және химия өнеркәсіптері*. Олар Атырау-Ембі және Маңғыстау алаптарында шоғырланған.

Мұнайдың үлкен қоры Солтүстік Каспий қайраңында табылған. Маңғыстау облысындағы маңызды табиғи газ кен орындары — Өзен, Үстірт, Теңге, Дүнге, ал ең ірісі — Батыс Қазақстан облысының солтүстігінде орналасқан Қарашығанақ газ конденсаты кен орны.

Ақтөбе облысында Дөң және Хромтау кен орындарында мұнай-газ ресурстарымен қатар, *хромит кендері* (ТМД елдері қорының 97% -ы) шоғырланған, Кемпірсай алабында *никель*, Шилісай, Богдановта *фосфорит*, Атырау облысындағы Индер көлінде *калий тұздары*, Маңғыстау облысында *уран кендері* кездеседі.

Ақтау маңындағы Каспий жағалауларында Ақтау және республиканың көптеген аймағы үшін құрылыс материалы ретінде пайдаланылатын ұлутас өндіріледі.

Батыс Қазақстан экономикалық ауданында *төрт өнеркәсіп то-рабы* қалыптасқан.

*Ақтөбе* — ірі индустриалды орталық. Ең ірі кәсіпорындарының бірі хромның негізінде сапалы болат алуда қолданылатын ферроқорытпа өндіретін зауыт болып саналады. Ақтөбе хромды қосылыстар зауыты ТМД-дағы ең ірісі, сонымен бірге рентген аппаратын шығаратын зауыт жұмыс істейді. Сонымен қатар мұнай құралдары, ауылшаруашылық машиналары, тракторлар және автокөліктердің бөлшектерін шығаратын зауыттар және «Ақтөбе рельс-арқалығы зауыты» ЖШС бар. Сондай-ақ стабилизатор, лак, бояу, тоқыма, кондитер және ұн өнімдерін шығаратын кәсіпорындар да бар.

*Атырау* — Ембі алабындағы мұнай өнеркәсібін ұйымдастыратын орталық. Мұнда Қазақстанда бірінші рет мұнай өңдеу зауыты, «АтырауМұнайМаш» ЖШС, мұнай өнеркәсібі үшін жабдықтар шығаратын машинажасау зауыты, елдегі ірі балық консерві зауыты құрылған. Қалада механикалық, кеме жасайтын, жәшік және сүт зауыттары бар. Атырауда қазақстандық мұнай-химия өнеркәсібінің алғашқы химия зауыты орналасқан және «Полимер Продакшн» полипропилен қаптарын және үш қабатты полиэтилен пленкасын шығаратын кәсіпорын іске қосылды. Жайық өзеніне бекіре тұқымдас балықтар кәсіпшілігінің 1/3 бөлігі және қаракөз балығының 70% -ы тән. Атырауда бекіре балығын өсіретін зауыттар бар.

*Ақтау* — бұл республиканың теңіз порты, Маңғыстау түбегіндегі мұнай өнеркәсібін ұйымдастыратын орталық. Қалада пластмасса шығаратын зауыт және «Caspi Bitum» БК ЖШС зауыты бар. Тазартылған ауызсу өндірісі іске қосылған.

*Орал* — қаланың басты кәсіпорындарына механикалық зауыт, арматура зауыты, құрылыс-монтаж құралдарын жасайтын зауыт, катерлер мен кемелерді жасап шығаратын, оларға техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жүргізіп, жаңартатын Орал Зенит зауыты жатады. Көтергіш крандар, құрылыс техникаларын шығаратын кәсіпорындар бар. Қалада республикадағы ірі кәсіпорындар ет консерві және диірмен комбинаты, бұдан басқа былғары және байпақ, киіз зауыты жұмыс істейді. Кондитер, фармацевтика, химия өнеркәсіптері үшін сығынды мен ұнтақ шығаратын (жергілікті шикізат негізінде жұмыс істейтін) мия зауыты бар.

### Солтүстік Қазақстан

**Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары, Астана қаласы**

**Аумағы — 565,6 мың км<sup>2</sup>**

**Халқы — 4 342 967 адам**

**Экономикалық-географиялық орны. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары.** Солтүстік Қазақстан Есіл, Тобыл, Обаған өзендерінің алабында, шығыс бөлігі Ертіс өзенінің орта ағысында орналасқан. Аумағының жалпы ауданы бойынша Солтүстік Қазақстан Батыс және Оңтүстік Қазақстаннан кейінгі үшінші орынды алады.

Экономикалық аудандағы қара топырақ және каштан топырақ жайылым үшін жарамды, көгорай шалғындық, шабындық жерлердің бай минералды ресурстармен үйлесуі көпсалалы шаруашылықты дамытудың негізі болып саналады.

Солтүстік Қазақстанның *табиғат жағдайы* аумақтың барлық бөлігінде салыстырмалы түрде біркелкілігімен сипатталады. Аудан жерінің беткі бөлігі, негізінен, жазықты жерді жыртуға өте қолайлы.

Солтүстік Қазақстанның *климаты* жазы қоңыржай және қыста төменгі температурамен ерекшеленеді. Температуралық жағдайлар дөңді дақылдар, бұршақ, көгөніс, жеміс дақылдарының пісіп-жетілуін қамтамасыз етеді. Ауданның солтүстігінде вегетациялық кезең 160 күнге дейін созылады. Аумақтың көп бөлігінде жауын-шашын жылына 300—400 мм түседі, оның максимумы жылдың жылы мезгіліне келеді. Ол тәлімі егіншіліктің дамуына қолайлы.

Өсімдік жамылғысының сипаты, құнарлы қара топырақ, қолайлы климат ауқымды егіншаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Солтүстік Қазақстан ауылшаруашылығының жетекші саласы егіншілік болып табылады. Ауылшаруашылық жерінің 43% -ы егістік жер. Еліміздегі жиналған бидайдың 80% -ы Солтүстік Қазақстанға тиесілі. Жаздық бидайдың басым бөлігі орманды дала мен дала зоналарына келеді. Ауданның орталық және оңтүстік бөліктерінде тары өсіріледі. Басқа дөңді дақылдардан — сұлы, арпа, күздік қарабидай, қарақұмық, жем-шөптен — жүгері және көпжылдық шөптер егіледі. Техникалық дақылдардың үлесі Шығыс және Оңтүстік Қазақстанға қарағанда аз. Негізінен, күнбағыс, зығыр, қыша және т.б. техникалық дақылдар өсіріледі.

Солтүстік Қазақстанда *малшаруашылығында* етті-сүтті және сүтті-етті бағыттағы мүйізді ірі қара малдың рөлі зор. Облыстың оңтүстігінде қойшаруашылығы дамыған. Экономикалық ауданда жылқышаруашылығы қолға алынған. Егіншілікпен айналысатын аудандарда шошқа мен құшаруашылығы басым.

Экономикалық ауданның солтүстік-батысында Қостанай темір кен орны, Жітіқарада асбест, Торғай алабында қоңыр көмір, оңтүстікте Арқалық боксит кен орындары орналасқан. Арқалық жері пайдалы қазбаларға бай: Жаңа Арқалық қорғасын кен орны, Ақжал нефрит, сәндік-қаптау және зергерлік шикізат кен орны. Сонымен қатар өңірде Ақбұлақ ақ мәрмөр және Айғыржал — қара мәрмөр кен орны, сондай-ақ емдік асханалық минералды сулар бар. Бұл кен орындарының дамуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсу көзіне айналуы мүмкін. Павлодар облысында Екібастұз таскөмір кен орны, Майкүбі қоңыр көмір кені, Бозшакөлде мыс кені, Коряков, Тобылжан, Қалқаманда ас тұзы кездеседі. Ақмола облысының Васильков кен орнында алтын өндірілсе, Степнякта құрамында алтыны бар кендер анықталған.

Солтүстік Қазақстан аумағында *Павлодар-Екібастұз аумақтық-өндірістік кешені* және бірнеше өнеркәсіп тораптары дамуда. Павлодар-Екібастұз аумақтық-өндірістік кешені дамуының негізі — Екібастұз және Майкүбі кен орындарындағы таскөмір мен қоңыр көмірдің мол қорлары. Екібастұздың арзан көмірінде Екібастұз, Ақсу, Павлодардағы қуатты электр стансылары жұмыс істейді. Арзан электр энергиясының негізінде Ақсу қаласында ферроқорытпа өндірісі, Павлодарда глинозем және электролиз өндірісі дамуда. Батыс Сібір мұнайының негізінде мұнай өңдеу зауыты жұмыс істейді.

*Петропавл өнеркәсіп торабы* тамақ және жеңіл өнеркәсіпке маманданған. Өртүрлі салаға арналған формалар мен арнайы киімдерді тігуге маманданған «Прогресс» тігін фабрикасы жұмыс істейді. Мұнда «Урал» мотоциклін шығаратын «ҚазТехМаш» зауыты, электроқшаулағыш бұйымдар шығаратын «Изолит» зауыты, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар жұмыс істейді. АҚ «МұнайМаш» зауыты мұнайгаз құрал-жабдықтарын шығаруда.

*Көкшетау торабында* жасанды тыныс алдыратын аппарат шығаратын «Тыныс» АҚ және таразы шығаратын «Прибор» жасау зауыты жұмыс істейді.

*Астана торабында* ауылшаруашылық машина жасайтын ірі кәсіпорындар және тепловоз шығаратын «Локомотив құрастыру зауыты», ЖШС «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты, жеделсаты жасайтын зауыт жұмыс істейді. Тамақ өнеркәсібінен ЖШС «Цесна — Астық» концерні, ет-сүт комбинаты, керамикалық және сантехникалық бұйымдар өндірісінің маңызы зор.

*Қостанай өнеркәсіп торабының* басқалардан айырмашылығы тау-кен өндіруші торап ретінде қалыптасқан, ол темір, асбест кендерін өндіру мен байыту және қоңыр көмір өндірумен байланысты. Торапта жеңіл және тамақ өнеркәсіптері, металл өңдеу және машинажасау дамыған. «АгромашХолдинг КЗ» АҚ — Қазақстандағы ауылшаруашылығы техникасы түрлерін шығаратын жалғыз өнеркәсіптік кәсіпорын. Жеңіл машина құрастыратын «Сарыарқа-АвтоПром» (Chevrolet, Lada, Toyota) зауытымен қатар, дөнді дақылдарды өңдейтін ірі кәсіпорындар бар. Сонымен қатар ет-сүт өнімдерін шығару, синтетикалық талшық шығару қолға алынған.

### Оңтүстік Қазақстан

**Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Жетісу облыстары, Алматы және Шымкент қалалары**

**Аумағы — 712,0 мың км<sup>2</sup>**

**Халқы — 9 911 909 адам**

**Экономикалық-географиялық жағдайы.** Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары. Оңтүстік Қазақстанның табиғат жағдайы республиканың басқа аудандарымен салыстырғанда алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Аумағы өте үлкен және Орта Азияның табиғатымен көптеген ұқсастықтары бар. Мұнда Орта Азиядағы сияқты аумағының 80% -ға жуығын құрғақ шөлді жазықтар, қалған бөлігін Тянь-Шань мен Жетісу Алатауының батыс және солтүстік тізбектерінің таулары мен тау бөктері алып жатыр. Таулардан көптеген өзендер бастау алады, тау бөктерінде құнарлы каштан топырағы бар қалың сары топырақты тау жыныстары жинақталған. Аймақтағы суармалы аудандардың көпшілігі осында орналасқан.

Оңтүстік Қазақстанның *климаттық жағдайы* вегетациялық кезеңнің ұзақтығымен, жазғы уақыттағы температураның үлкен жиынтығымен және республика бойынша бұлттылықтың аздығымен айырмашылық жасайды. Жауын-шашын барлық жерде аз түседі, жазықтарда 250 мм-ден көп емес, ал тауалды бөктерінде 400 мм-ге жуық. Сондықтан жазықтар мен тауалды бөктерінде егіншаруашылығы жасанды суарудың нәтижесінде ғана дамуы мүмкін.

Оңтүстік Қазақстанға республиканың суармалы егістік алқаптарының 70% -ы тиесілі. Малшаруашылығымен салыстырғанда өсімдікшаруашылығы жақсы дамыған. Аймақ, негізінен, тамақ және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат ретінде пайдаланылатын техникалық дақылдарды өсіруге маманданған. Маңызды техникалық дақылдарға мақта және қант қызылшасы жатады. Сырдария және Іле өзендерінің сағаларында күріш өсіріледі, өңірдің, тау бөктерінде бау-бақша өсіру қолға алынған. Малшаруашылығы салаларынан қой және түйешаруашылығы дамыған. Оңтүстік Қазақстанға республикадағы қой басының 40% -ы тиесілі.

Сырдария, Іле, Талас, Қаратал, Ақсу, Лепсі өзендері *су-энергетикалық ресурстарға* бай. Сырдария өзенінде Шардара СЭС-і, Іле өзенінде Қапшағай СЭС-і бар. Жері тұщы суға бай. Тұщы су аймақтың солтүстік бөлігінде орналасқан Мойынқұм, Бетпақдала және Қызылқұм үшін экономикалық маңызға ие. Мұнда ірі көлдерден Балқаш, Алакөл, Арал теңізі орналасқан, олардың ел шаруашылығының дамуында маңызы зор.

Оңтүстік Қазақстан *қойнауында* қоңыр көмір, темір кені, асбест пен мәрмәрдің қоры мол. Қаратау жотасы фосфорит қорына бай (Жаңатас, Ақсай, Шолақтау). Қаратау фосфориті республиканы тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін негізгі база болып табылады. Кентау қаласынан алыс емес жерде Ащысай, Мырғалымсай, Бай-

жансай кен орындарында полиметалл кендері (қорғасын, мырыш) өндіріледі.

Текелідегі Жетісу Алатауында полиметалл кен орындары орналасқан. Кенмен қатар Алматы облысында көмірдің, жанғыш тақтатастың, шымтезектің, әктастың, мәрмөрдің ірі кен орындары табылған.

*Қызылорда облысы* минералды ресурстарға бай: Шалқияда полиметалл кендері, Хорасан, Иірсү, Семізбайда уран, Құмкөлде мұнай кен орны орналасқан.

*Түркістанның* маңайында цемент өндірісі шикізаты болып табылатын гипстің мол қоры бар.

*Алматыда өнеркәсіп торабы* біршама жақсы дамыған. «Корпорация Сайман» ЖШС — электр энергиясын есепке алу аспаптарын өндірудің толық циклі бар отандық аспап жасауда жетекші кәсіпорын. Қалада «Hyundai» жеңіл автокөліктерін құрастыру өндірісі, сондай-ақ құрылыс материалдар өндірісі жұмыс істейді.

*С.М.Киров атындағы машинажасау зауыты* цифрлық телевизия, телемеханика, байланыс және теміржол көлігінің қауіпсіздік жүйесіне арналған арнайы байланыс құралдары мен жабдықтарын шығарады.

«Алматы ауыр машинажасау зауыты» АҚ («ААМЖЗ») энергетика кешені жабдығы, мұнай, металлургия кәсіпорындарына арналған жабдықтар және т.б. халық тұтынатын тауарлар өндірісіне маманданған. Ірі кәсіпорындары — *тоқыма, аң терісі және тігін фабрикалары*, тамақ өнеркәсібі салалары.

*Қаратау-Тараз өнеркәсіп торабы* — Қаратау фосфориті химия өнеркәсібінің аумақтық өндірістік кешені (АӨК) ретінде — «Қазфосфат», Тараз металлургиялық зауыты, қант зауыты негізінде қалыптасуда. Тамақ және жеңіл өнеркәсіптерге ерекше назар аударылады.

*Шымкент-Кентау өнеркәсіп торабы* — республикадағы ең ірі тораптардың бірі. Қорғасын, полиметалл өндіру, цемент, фармацевтикалық өнімдер шығарумен қоса, мақта өңдеу, жеміс, малшаруашылығы шикізатын қайта өңдеу өндірістерін біріктіреді. Сонымен қатар Шымкентте турбиналық жабдықтар, фанер-плитка өндірісі, резеңке-техникалық бұйымдар өндірісі жұмыс істейді.

*Қызылорда өнеркәсіп торабы* Құмкөлдегі мұнайды өндіру, уранды өндіріп, байыту және күрішті қайта өңдеу негізінде дамуда. Балықты өсіретін *Арал торабы* балық өңдеу мен тұз өндіруге мамандануда.

Онша үлкен емес *Талдықорған өнеркәсіп торабына* ауылшаруашылық шикізаттарын өңдеу мен аккумулятор зауыты тиесілі. Ал *Арал торабы* балық (түйетабан) өңдеу мен тұз шығаруға мамандануда.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзіме риза болдым, себебі ... .  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Елдің аумақтық ұйымдасуы — ... .
2. Қазақстанның аумақтық ұйымдасуының негізін ... қалады.
3. Қазақстан ... экономикалық аудандарға бөлінеді.
4. Аумақтық ұйымдасудың негізі болып ... табылады.
5. Құрамына бір ғана облыс кіретін экономикалық аудандар ... .
6. Құрамына төрт облыс кіретін экономикалық аудандар ... .

**Көп нүктенің орнын толтырыңдар.**


Саланың мамандануы — мысалы, ... Солтүстік Қазақстанның, ... Батыс Қазақстан, ... Шығыс Қазақстан, ... Оңтүстік Қазақстан, ... Орталық Қазақстанның мамандандырылған саласы болып табылады.



1. Орталық Қазақстанның негізгі байлығы — пайдалы қазбалар. Көмір, темір және марганец кендерінің, полиметалл, асбест, вольфрамның ірі кен орындарын атаңдар.
2. Батыс Қазақстанның негізгі байлығы — ... .
3. Қазақстанның аумағын ... негізге ала отырып, ... экономикалық аудандарға бөлді.
4. Ауылшаруашылығының салалары тек Оңтүстік Қазақстанда ғана дамуы мүмкін ... . Неліктен екенін түсіндіріңдер.




1. Отын өнеркәсібіне кластер құрастырыңдар.



2. Кескін картаға параграф мәтінінде кездесетін көмір, мұнай, газдың кен орындарын түсіріңдер.
3. Қазақстандағы экономикалық аудандар бойынша урбандалу деңгейін салыстырып, айырмашылығы бойынша қорытынды жасаңдар.

**Дескриптор**


- А. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымының картасын пайдаланып, әрбір экономикалық ауданға тән облыстарды жазыңдар.
- Ә. Диаграммаға талдау жасай отырып, әрбір экономикалық ауданға тән халық санын есептеңдер.



Қала халқының үлесін анықтаңдар.



1. Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігінде өсірілетін негізгі дәнді дақылдардың картасын пайдаланып, республиканың солтүстігінде неге күріш, мақта өсірілмейтіндігі туралы пікірлеріңді айтыңдар.
2. Логикалық сызбаны толтырыңдар.



Түсті металлургия кәсіпорындарын орналастырудың факторлары неге әртүрлі болады, өздеріңнің ұйғарымдарыңды, қосымша әдебиетті пайдалана отырып тексеріп көріңдер.

3. Логикалық сызбаны толтырыңдар.





А. Логикалық сызбаны толтыруды аяқтағаннан кейін экономикалық аудандарды анықтаңдар.

Ә. Бұл аудандарда тағы қандай мамандандырылған салалар болуы мүмкін екендігі туралы ұсыныс айтыңдар, өз ұсыныстарыңды дәлелдеңдер.



Қазақстанның әкімшілік-аумақтық нысандарының кескінінен тұратын картотека құрастырыңдар. Оларды танып білу үшін викторина жүргізіңдер.

## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН КӨРСЕТКІШТЕРІ

### § 56. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері

Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасуы адамзаттың барлық даму тарихында жүрді. Ежелгі Египеттің өзінде тауармен айырбас жасау болған. Халықаралық сауда Ұлы географиялық ашылулар дәуірінен бастау алып, Еуропаны және Жер шарының басқа аудандарын қамтыды. Дәл осы кезеңде әлемдік нарық пайда болды. Ол барлық материктерді өзара байланыстыратын көлік жолдарының дамып кеңеюіне жол ашты. Дүниежүзілік шаруашылықтың негізгі субъектілері әлем мемлекеттері, трансұлттық корпорациялар (ТҰК) және халықаралық экономикалық ұйымдар (ХЭҰ) болып табылады.

#### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзі шаруашылығының субъектілерін сипаттап үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ дүниежүзі елдері
- ✓ Халықаралық экономикалық ұйымдар
- ✓ ТҰК

**Глоссарий:**

**Трансұлттық корпорация** — бірнеше елде өндірістік құрылымдармен басқарылатын корпорация.

**Әлемдік экономикадағы мемлекеттің рөлі:**

- Мемлекет капитал салудың құрылымы мен мөлшеріне тура немесе жанама ықпал етеді.

- Мемлекет ақша-несие саясатының құралдары арқылы жекеменшік сектордың инвестициялық үдерісі мен тұтынуына әсер

етеді. Бағаның барлық түрлерінің дамуы мемлекеттік инвестицияларға тәуелді (ауылшаруашылығы, ғылыми зерттеу жобалары).

- Мемлекет жұмыс беруші бола отырып, жұмыспен қамтамасыз етеді.

Әрбір елде әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті салалардың жиынтығы болады. Елдің халықаралық мамандану саласы табиғат ресурстары, табиғат жағдайы мен дамудың тарихи қалыптасуына байланысты болып келеді. Әрбір елдің экономикасының ерекшелігіне сай оны жаңа бәсекеге қабілетті жолдарды таба отырып күшейту қажет. Мемлекет халықаралық айырбасқа түсе алатын және ұлттық экономиканы біртұтас тиімділікте дамытуға болатын даму моделін таңдауда экономикалық және саяси шешімдер қабылдайды.

Дүниежүзілік шаруашылықта ең ірі бірлестік халықаралық маңызы бар **трансұлттық корпорациялар** болып табылады. Халықаралық корпорациялар өнеркәсіп, сауда, көлік, банк компанияларының елден тысқары аймақтағы қызметтерінен және олардың өндірістері, тасымалдаулары, тауар және қызметтерді өткізуге қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуден тұрады. Әдетте, бұлар өртүрлі елдердің кәсіпкерлері қатысатын акционерлік компаниялар.

Халықаралық корпорациялардың пайда болуы халықаралық еңбек бөлінісінің, мамандандырудың және кооперация өндірістерінің нығаюымен байланысты. Халықаралық еңбек бөлінісіне кәсіпорындар мен фирмалардың қатысуы объективті түрде мамандандудың нығаюына, кейбір өндірістердің шетелге ауысуына, өндіріс пен капиталдың шоғырлануына, жалпы өндіріс көлемі мен масштабының біртұтастықта өсуіне алып келеді. Бұл бірінші кезекте компаниялардың өндіріс шығындарын төмендетуге деген ұмтылысына байланысты және жаңа мүмкіндіктерді жүйелі іздестірудің арқасында жүзеге асырылады. Шетелде, бірақ бір компанияның шеңберінде өндірістердің болуы қаржы құралдарын үнемдеуге, компанияшілік есеп айырысу арқылы қолма-қол ақшаны үнемдеудің өртүрлі технологияларын белсенді пайдалануға, өндіріс шығындарын компания ішінде де «аударуға» және т.б. мүмкіндік береді.

Өндіріс көлемінің ұлғаюы және компаниялардың іріленуі дүниежүзілік шаруашылық салаларындағы бәсекемен күресудің объективті нәтижелері болып табылады. Мұндай компаниялар салмақты, қымбат ғылыми зерттеу жұмыстарына, тиімді және басқа да қаржылық инвестицияларға қол жеткізе алады және дүниежүзілік шаруашылықта шын мәнінде көрнекті рөл атқарады.

Шетелде жұмыс филиалдар мен еншілес компаниялар желісі арқылы ұйымдастырылады. Ірі ТҰК-ке жататын компаниялар: мұнай өнеркәсібінде Exxon Mobil (АҚШ), British Petroleum (Ұлыбритания), көлік өнеркәсібінде Evergreen (Тайвань), тамақ өнеркәсібінде Nestle (Швейцария) және т.б.

Халықаралық экономикалық ұйымдар халықаралық шаруашылық қатынастардың ерекше субъектісі болып табылады. Бұл, ең алдымен, жарна салушы елдердің негізінде құрылған және есепшоттарын ауқымды шаруашылық қызметтер арқылы толтырып отыратын ірі, қуатты халықаралық банк және қаржылық құрылымдар. 1944 жылы Бреттон-Вудс конференциясының шешіміне сәйкес екі халықаралық қаржы ұйымы құрылды, олар Халықаралық Валюта қоры (ХВҚ) және Халықаралық ұйымдасу және даму банкі (ХҰДБ).

ХВҚ-ға қазіргі таңда 182 ел мүше деп саналады. Қор халықаралық сауданың теңгерімді өсуіне ықпал етуге, валюта бағамдарының тұрақтылығын сақтауға, ХВҚ-ға мүше елдерге несие ресурстарын беруге және т.б. жәрдемдесу мақсатында құрылған. ХВҚ-ға мүше елдің әрбір қордың жиынтық капиталында өзіндік үлесі — квотасы бар, ол SDR халықаралық есептеу бірлігі түрінде көрсетіледі (арнайы қарыз алу құқығы — АҚАҚ). Жеңілдіктің мөлшері ХВҚ-ға мүше елдердің алатын дауыстарына байланысты болып келеді. ХВҚ ресурстары жалпыэкономикалық мақсаттарға, нарықтық шаруашылықты құруға, ауқымды қаржы-экономикалық дағдарыстарды жеңуге және т.б. пайдаланылады.

ХҰДБ қазіргі таңда Халықаралық Банк тобына кіреді. Бреттон-Вудс конференциясынан кейін дүниежүзілік шаруашылық дамыған сайын дамушы елдерге көмектесуге бағытталған тағы да бірнеше қаржы институттарын құру қажеттілігі туындады. Осыған байланысты Дүниежүзілік Банк тобына ХҰДБ да, жаңа ұйымдар да кірді.

ХҰДБ-ға тек ХВҚ-ға мүше елдер ғана кіре алады, бастапқы кезде батысеуропалық елдердің экономикасын қайта қалпына келтіруде негізгі назар осыған аударылған болатын. 1960 жылдардан бастап банктің басты назары дамушы елдерге ауды. ХҰДБ құрылыс жолдарын салу, су жолдары желілерін тарту, порттар салу сияқты

инфрақұрылымдық сипаты бар ірі және ұзақмерзімді жобаларды қаржыландырады.

Соңғы жылдары халықаралық аймақтық валюта-қаржылық және несие беру ұйымдарының қызметі күшейе бастады. Азия даму банкі Азиядағы инфрақұрылымдық мәні бар ірі жобаларды қаржыландырады. Африка Даму банкі қызметін өз континентінде шоғырландырып, кедей елдердің даму мақсаттарына қаражат бөледі.

Америкааралық даму банкі, негізінен, энергетика, ауылшаруашылығы, тамақ өнеркәсібіне қатысы бар салаларды қаржыландырумен айналысады.


Еуропа континентінде өздерінің халықаралық қаржы институттары жұмыс істейді. 1990 жылдың басында Еуропалық Қайта құру және даму банкі құрылды. Оның негізгі мақсаттары — Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің нарықтық қатынасқа көшуіне көмектесу.

Әлемдегі ең ірі валюта-қаржы және несие беру мекемелеріне Еуропалық Одақ кеңістігінде әрекет етуші Еуропалық инвестициялық банк жатады.

Бүгінгі күні халықаралық экономикалық интеграциялық топтар 29 ресми ұйымға біріктірілген, бірақ олардың рөлі бірдей емес. Ең ірі халықаралық интеграциялық ұйым Еуропалық одақ болып саналады. Оған 27 мемлекет мүше, бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастырады және ортақ валюта қолданады. ЕО бүгінгі күні дүниежүзілік шаруашылықтың мықты субъектісі, оған дүниежүзілік нарықтағы тауарлар мен қызметтердің үштен бір бөлігінен жоғары үлесі тән, жоба конституциясына сәйкес конфедеративті мемлекет құруға ұмтылады.

Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругвай т.б. елдерді біріктіретін МЕРКОСУР сияқты интеграциялық топтардың және құрамына бірқатар жетекші елдер кіретін БРИКС сияқты мемлекетаралық ұйымдардың рөлі өсіп жатыр. БРИКС-ке 2024 жылы бірден төрт мемлекет қосылды. Олар: Мысыр, Иран, БАЭ және Эфиопия.



-  Сөйлемдерді толықтырыңдар, жұптарыңмен жауаптарыңды бөлісіңдер.
1. Дүниежүзілік шаруашылық дегеніміз — ... .

2. ... дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері болып табылады.
3. ... дүниежүзілік шаруашылық қалыптасқан.



1. «Дүниежүзілік шаруашылықтың қалыптасу кезеңдеріне және оның құрылымына» кластер құрастырыңдар.
2. Әр жолдан бір атауды алып тастап, оның себебін түсіндіріңдер:  
Chine Mobile, МЕРКОСУР, Coca-Cola  
Қытай, Сингапур, Samsung  
ХДҚКБ, Samsung, ХВҚ
3. ОПЕК, БРИКС, ЕО ішінен халықаралық ұйымды тауып, қысқаша сипаттама беріңдер:
  - а) Құрамына қандай елдер кіреді?
  - ә) Қандай қызмет көрсетеді?
  - б) Әлемдік экономикаға әсері.



#### Дескриптор

Қосымша ақпаратты пайдаланып табыңдар: а) жоғарыда аталған компаниялардың орналасқан жері; ә) олардың құрамына кіретін елдер; б) олардың қызметінің түрі.

## § 57. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі

Қазіргі дүниежүзілік шаруашылық сыртқы экономикалық байланыстарды біріктіретін жеке елдердің ұлттық шаруашылықтарының жиынтығы түрінде көрініс береді.

Дүниежүзі елдерінің көпшілігі өздерін қажетті өніммен және қызмет түрлерімен қамтамасыз ете алмайтын жағдайда. Дегенмен артық мөлшерде өндірілген кейбір өнім түрлері айырбастауға түседі. Осылайша, *халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің*

(ХГЕБ) негізінде дүниежүзілік шаруашылық пайда болады. Онда жеке тауар және қызмет түрлерінің өндірісі және оны айырбастау елдің мамандануынан көрініс береді.

ХГЕБ әртүрлі шикізат, отын, жартылай өнім, дайын өнеркәсіптік бұйымдар, ауылшаруашылық өнім түрлерімен қамтамасыз етеді. Жүк айналымы айырбас өндіруші мен тұтынушы елдердің арасында жүреді және нарықтың жағдайына қарай өзгеріп отырады.

ХГЕБ-ке әлемдегі елдердің басым көпшілігі қатысады. Жоғары дамыған елдер әлемдік нарықты өңдеуші өнеркәсіп өнімдерімен, азық-түлікпен, әртүрлі қызметтермен қамтамасыз етеді. Дамушы елдер әлемдік нарыққа өсімдік шаруашылығының өнімдері мен ресурстарын шығарады. Халықаралық еңбек бөлінісі аса күшті бәсеке

#### Бүгінгі сабақта:

— ХГЕБ-тің мәнін анықтауды үйренесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ХГЕБ
- ✓ Халықаралық мамандану
- ✓ интеграция

шеңберінде өмір сүреді, сондықтан ТМД елдерінің және бұрынғы социалистік лагерьдің алдында халықаралық экономикалық қатынастарда интеграцияланудың міндеттері тұр.

**ХГЕБ-тің қалыптасуы мен дамуына әсер еткен:**

- табиғи-географиялық;
- экономикалық-географиялық;
- ғылыми-техникалық;
- әлеуметтік-экономикалық;
- саяси-әлеуметтік жағдайлар.

ХГЕБ мануфактуралық капитализм кезеңінде пайда болды (XVII—XVIII ғғ.). Өнеркәсіптік революцияға дейін (XIX ғ. соңы — XX ғ. бірінші жартысы) еңбек бөлінісі табиғи-климаттық және географиялық жағдайларға негізделген болатын. Жекелеген елдер шикізат қоры, энергия көздері және басқа да географиялық факторлармен айырмашылық жасайды.

Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі туралы ұғымға академик Н.Н.Баранский анықтама берген. Н.Н.Баранский ХГЕБ-ті дүниежүзілік шаруашылықтың *қозғалыс күші* деп атаған. Қандай да бір ел қарабидай, зығыр, күріш немесе мақта өндіруі мүмкін, бұл тек алуантүрлілікті көрсетеді, бірақ халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне қатысы бар екендігін білдірмейді. ХГЕБ әртүрлі елдер бірі-бірі үшін жұмыс істегенде және еңбектің нәтижесі бір елден басқа елге тасымалданғанда ғана пайда болады. Бұл өз кезегінде халықаралық сауданың өсуіне, жүк айналымдарының көбеюіне алып келеді. ХГЕБ-тің негізі халықаралық мамандану болып табылады.

**Жапония** — электротехникалық өнеркәсіп, автомобиль және кеме жасау.

**Швейцария** — сағат және фармацевтика өнеркәсібі, банк қызметтері.

**Финляндия** — қағаз, автомобиль, орман және сүт өнеркәсібі (68-сурет).



68-сурет. Халықаралық өнімдер

*Халықаралық мамандану. Тәуелді емес елдерде немесе кәсіпорындарда жеке тауар түрлерінің немесе оның бөліктерінің шоғырлануы халықаралық мамандану деп аталады. Оған келесідей жағдайлар қажет:*

- халықаралық еңбек бөлінісіне қатысатын елдің өнімінің сапасы басқа елдермен салыстырғанда жоғары болуы немесе қандай да бір табиғат ресурсының мол қорына ие болуы керек;

- бұл өнімге міндетті түрде сұраныс болуы керек;

- басқа елге өнімді шығару міндетті түрде тиімді болуы керек.

Елдің халықаралық мамандануы дүниежүзінде салалардың дамуы үшін қажетті, пайдалы қазбалардың қорына, табиғат жағдайы мен сапалы еңбек ресурстарының бар болуына негізделеді (біліктілік деңгейі, дәстүрлі кәсіптер және т.б.). Кейбір елдердің өнім көлемін шамадан тыс өндіріп, сол өнімін толығымен пайдалана алмайтын жағдайда ХГЕБ туындайды. Кейде бір елге өнімді өзінде өндіргеннен гөрі сатып алу әлдеқайда тиімді болса, ол ел халықаралық саудаға қатыса алады. Парсы шығанағы елдерінің халықаралық мамандануы мұнай өндіру, Замбия үшін мыс кендері, Жаңа Зеландия үшін қойшаруашылығы болып саналады. Жапония елде шығатын автокөліктің жартысын басқа елдерге экспорттайды, сол үшін автокөлік өнеркәсібі Жапонияның халықаралық маманданған саласына; бидайшаруашылығы Канаданың маманданған саласына жатады. Дамыған елдер, негізінен, машинажасауда ғылымды көп қажет ететін өндіріске маманданады (электроника, робот, қару-жарақ және т.б.). Үлкен көлемді біртекті өнім өндіру елді әлемдік нарықта бағаның ауытқуына тәуелді етіп қояды. Әсіресе ол тасымалдауда көп шығынды қажет ететін шикізат шығаратын елдерге қатысты айтылады. ХГЕБ дамуында маңызды фактор — көлік шығындарын азайту, ол үшін қазіргі заманғы құралдармен жабдықталған қосымша жолдар салынып жатыр. Экологиялық таза көліктердің рөлі ерекше артып отыр.

Осылайша, халықаралық маманданудың нығаюы халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің жоғары сатысы — халықаралық экономикалық интеграцияның пайда болуына алып келді.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .





Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі қай кезеңде пайда болды? Оған қандай себептер түрткі болды?

Елдің мамандануы неге тәуелді? Мысал келтіріңдер.



Сәйкестікті табыңдар.

| Ел        | Халықаралық мамандану саласы |   |
|-----------|------------------------------|---|
| Канада    | Қойшаруашылығы               | А |
| Жапония   | Мыс кенін экспорттау         | Ә |
| Аустралия | Бидай экспорты               | Б |
| Замбия    | Мұнай экспорты               | В |
| БАӘ       | Автокөлік жасау              | Г |

2. Суретке қарай отырып, қай елдің қандай кәсіппен шұғылданатынын табыңдар.



## § 58. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері

### Бүгінгі сабақта:

— халықаралық экономикалық қатынастар түрлерін жіктеп сипаттай алатын боласыңдар.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ХЭҚ
- ✓ сауда
- ✓ қаржы-несие қатынасы
- ✓ халықаралық туризм

Халықаралық экономикалық қатынастар (ХЭҚ) — бұл мемлекеттер, аймақтық топтар, трансұлттық корпорациялар мен дүниежүзілік шаруашылықтың басқа да субъектілері арасындағы экономикалық қатынастар.

Халықаралық экономикалық қатынастар келесідей түрлерге бөлінеді:

- халықаралық сауда;
- қаржы-несиелік қатынастары;
- ғылыми-техникалық ынтымақтастық;



- халықаралық қызметтер;
- халықаралық еңбек миграциясы (жұмыс күші айырбасы);
- халықаралық туризм.

*Дүниежүзілік шаруашылықтың негізі халықаралық сауда — дүниежүзіндегі елдердің барлығының сыртқы саудасында қалыптасатын халықаралық тауарлы-қаржылық қатынастар жүйесі. Ол дүниежүзі елдері арасында алғаш XVI—XVIII ғасырларда әлемдік нарықтың пайда болу үдерісінде дами бастады.* Халықаралық сауданың дамуы қазіргі уақыттағы әлемдік экономикадағы маңызды факторлардың бірі болып табылады. Халықаралық сауда термині XII ғасырда қолданылған болатын. Халықаралық экономикалық байланыстар көлемінің 80% -ы сауданың үлесіне келеді. Халықаралық сауданың географиялық таралуы өркелкі. Жалпы айналымның 70% -дан астамы Батыстың экономикасы дамыған елдеріне, оның ішінде 50% -ға жуығы Батыс Еуропаның үлесіне тиесілі. Бұл елдер сыртқа бағалы өнімдер шығарады.

Халықаралық сауданы ұйымдастыру үшін *Халықаралық сауда ұйымы (ХСҰ)* құрылған, оған 164 мемлекет кіреді, әлемдік тауар айналымының 9/10-ын қамтамасыз етеді. Қазақстан ХСҰ-ға 2015 жылы мүше болды.

Халықаралық еңбек бөлінісі жеке елдердегі өндіруші және өңдеуші өнімдер арасындағы салааралық халықаралық айырбастауды анықтап береді.

Халықаралық экономикалық қатынастың көш бастап тұрған формасы *несие-қаржы қатынастары* болып табылады. Қазіргі уақытта халықаралық экономикалық қатынастардың жаһандануы мен аймақтануы өзекті болып тұр. Әлемдік экономикалық тәртіп орнатуда *Халықаралық банк және Халықаралық валюта қоры* үлкен рөл атқарады.

**Халықаралық инвестиция нарығы** халықаралық қатынастардағы маңызды сала болып табылады. Ұзақмерзімді шетелдік несиелер кез келген елге кәсіпкерліктен түсетін пайданы ұлғайту үшін беріледі. Мұндай инвестицияларды мемлекеттік немесе жекеменшік кәсіпорындар алады. Инвестициялар әлемдік экономика мен халықаралық бизнеске елеулі ықпал етеді, негізгі бөлігі ірі трансұлттық компанияларға тән.

Халықаралық экономикалық қатынастардың ішінде өзекті мәселелерге еркін экономикалық зоналар мен халықаралық көлік дәліздерін құру жатады.

**Еркін экономикалық зоналар** — бұл еркін кәсіпкерлік зоналары. Бұл географиялық орны қолайлы аудан немесе қала болуы

**Глоссарий:**

**Фрахт** (нем. *fracht* — тасымал үшін төлем) — тасымал-ақы — ең алдымен, халықаралық теңіз тасымалында — жүкті су жолымен тасымалдауда немесе жүктерді, жолаушыларды кез келген қатынас жолдарымен тасымалдауда көрсетілетін көлік қызметінің ақысын төлеу.

мүмкін, бұларға жеңілдігі бар салық және кедендік режим, шетелдік капиталды тарту, қаржы, материалдық және еңбек ресурстарын, жаңа технологияларды тарту мақсатында баға орнатуда ерекше жағдайлар құрылған. Дәл қазіргі уақытта әлемде 500 еркін экономикалық зона бар деп есептеледі.

**Халықаралық сауда және ғылыми-техникалық білімдер.** ЕТР кезеңінде ғылыми-техникалық білімнің және жаңа технологиялар мен жаңа ақпараттардың маңызы артты. Ғылыми-техникалық қызметкерлердің басым бөлігі экономикасы жоғары елдерге тиесілі (АҚШ, Германия, Жапония және т.б.). Жаңа-

лық ойлап тапқан немесе патент алынған жағдайда біраз уақыттан кейін өндіріске енгізіледі.

Патенттері бар ел лицензиясын экспорттайды. Экспортқа түсетін лицензиялардың басым бөлігі дамыған елдерге тиесілі. Лицензияны негізгі сатып алушылар — Жапония, Италия және Германия. Олар шетелдік ғылыми-техникалық тәжірибелерді сатып алуымен және оларды тиімді қолдануымен басқа елдерді басып озады.

Халықаралық байланыстарды дамыту үшін көлік қызметтері кемелерді жалдау (кеме фрахты), шетелдік кемелердің порттарында қызмет көрсету және т.б. көптеген елдер үшін, соның ішінде Қазақстан үшін, *жүк транзиті* өте маңызды. Біз Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмаймыз, сондықтан жүктің көп бөлігі басқа елдердің аумақтары арқылы өтеді. Біздің еліміз аумағы да көршілес елдердің жүк тасымалдауын қамтамасыз етеді.

**Еңбек миграциясы** — экономикалық қатынастарға жатады. «Ақылдың ағылуы», «бұлшық еттердің көшуі» терминдері осы құбылысқа тиесілі.

Еңбек миграциясының салдары мемлекеттердің экономикалық құлдырауынан болады, мигранттар дамыған елдерге көшіп кетеді. Осындай донор елдерге Үндістан, Египет, Пәкістан, Ресей жатады. Ресей және ТМД елдері ерекше назарға ие, өйткені «ақылдың ағылуының» шарықтау шегі КСРО ыдыраған уақытқа тура келді. Жоғары білімді және тәжірибесі мол жоғары санатты мамандар қайта құрылымдалған Ресейден өзіне лайықты жұмыс таба алмады. Дәл осы факт жоғары сұранысқа ие мамандар мен атақты ғалымдардың еңбек миграциясына жүгінуінің негізгі себебі болды.

Халықаралық еңбек ресурстарының миграциясы кейбір дамушы елдердің алдында тұрғаны анық. Егер еңбек миграциясының алғашқы толқыны күштеу арқылы жүзеге асқан болса (мысалы, Африкадан құлдарды АҚШ-қа тасымалдау), кейінірек капиталистік елдер жұмыс күштерінің жетіспеушілігінің орнын басқа жолдармен толтырып отырды.

Қазақстаннан сыртқа жұмыс іздеп кеткендер саны жыл сайын артуда. Жыл сайын 8 мыңға жуық 18—35 жас аралығындағы білімді жастар шетел асуда. Олардың негізгі мақсаты — жалақысы жоғары жұмыс табу, қаржылық мәселелерін шешу.

*Халықаралық туризм* халықаралық экономикалық байланыстардың бір түрі болып саналады (69-сурет). Саяхат жасау мақсатына байланысты ол танымдық, спорттық, іскерлік және т.б. болып бөлінеді. 1975 жылы Халықаралық туристік ұйым құрылды, ол қазіргі уақытта 120 елді біріктіреді. Халықаралық туризм көптеген елдер үшін табыс көзі болып отыр (Франция, АҚШ, Испания, Италия, Қытай, Ұлыбритания, Мексика, Венгрия, Польша, Канада).

Аралдық елдердің ерекше тобын Атлант мұхитына жататын Кариб теңізінің елдері құрайды: Барбадос, Гренада, Багам аралдары, Сейшель аралдары және ЖІӨ-нің негізгі бөлігін халықаралық туризмнен түсетін табыстар құрайтын Мальдив аралдары және т.б. жатады. Халықаралық туризм саласы бойынша Қазақстан да көптеген жұмыстар атқаруда.



69-сурет. Әлемдегі туристік нысандар



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Халықаралық қатынастардың формаларын атаңдар.
2. Еркін экономикалық зоналардың пайда болу принциптерін айтып шығыңдар.
3. «ХЭҚ — халықаралық сауданың негізі болып табылады», осы тезисті дәлелдеңдер.



1. Еңбек ресурстарын тарту орталығы атты сұлба-картаны сипаттаңдар.  
**Дескриптор**  
 а) «Еңбек ресурстарының тартылыс орталығы» сұлба-картасына қараңдар;  
 ә) еңбек миграциясы орталықтарын анықтаңдар; б) мигранттар кетіп жатқан елдерді анықтаңдар; в) әрбір орталық үшін еңбек миграциясының себебін атаңдар.

### Еңбек ресурстарын тарту орталығы



2. Физикалық картаға қарап, халықаралық туризм орталықтарын атаңдар. Қосымша ресурстарды пайдаланып, өз ұсыныстарыңды тексеріңдер.

### § 59. Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы және негізгі көрсеткіштері

Мемлекеттің экономикалық қызметінің негізгі көрсеткіштері жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) және жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ) болып саналады.

*ЖІӨ — бұл бір жыл ішінде елде өндірілген барлық соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық құны. Ол өндіріс факторларының осы ел азаматтарының жеке меншігінде немесе шетелдіктердің меншігінде болуына тәуелді емес.*

Жай сөзбен айтқанда, ЖІӨ — мемлекетте бір жылдың ішінде өндірілген тауар, өнім және қызметтерді тұтас алғандағы бағасы. ЖІӨ — осы немесе басқа мемлекет экономикасының ауқымы мен жетістігінің көрсеткіші (70-сурет).

Экономистер елдің ЖІӨ-ін зерттейді және оның экономикалық гүлденуі туралы салыстырмалы түрде қорытындылар жасайды. Егер бұл көрсеткіш өсетін болса, ол елде өртүрлі тауарлар мен қызмет түрлері көрсетіле бастады дегенді білдіреді.

ЖІӨ өсуі бұл ел экономикасының жоғарылау деңгейін анықтайды, елде зауыт, фабрика, өндіруші сала, қызмет салалары қазынаға салымдар төлейді, мемлекет байи түседі.

ЖІӨ-нің төмендеуі инвесторларға экономиканың құлдырауынан хабар береді және өнім табысы азаяды.

ЖІӨ мөлшері елдің көлеміне тәуелді емес, оның экономикасының ауқымы мен әлеуетіне тәуелді.

### Бүгінгі сабақта:

— дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін анықтайсыңдар;  
— жалпы ішкі өнім, жалпы ұлттық өнім, оның ішінде жан басына шаққандағы өнім түрлерінің ерекшеліктерін оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ ЖІӨ
- ✓ ЖҰӨ
- ✓ кіріс
- ✓ шығыс

Жан басына шаққандағы ЖІӨ динамикасы



(Ұлттық статистика бюросы ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі дереккөзінен алынған)

**70-сурет. Жан басына шаққандағы ЖІӨ**  
(2023 жылы 13276,7 АҚШ долларын құрады)

ЖІӨ азаматтардың еңбекақысына қалай ықпал етеді? Елде тауарды қаншалықты көп өндірсе, бюджетке түсетін салымдар да көбейеді. Медицина қызметкерлеріне, мұғалімдерге еңбекақы, зейнеткерлерге әлеуметтік төлемдер мемлекеттік қазынадан төленеді. Егер осы экономикалық көрсеткіш жоғары болатын болса, еңбекақы да жоғарылайтын болады.



ЖҮӨ-нің көрсеткіші ЖІӨ-ден қалай айырмашылық жасайды?

*ЖҮӨ — жалпы ұлттық өнім. Басқаша айтқанда, ел ішінде де, одан тыс жерлерде де дамиды ұлттық экономиканың құны, яғни бұл елде және басқа мемлекеттердің аумағында өндірілген өнімдер мен қызмет түрлерінің құны. Ал ЖІӨ — ел ішінде өндірілген барлық нәрсенің нарықтық құны. ЖҮӨ ұғымына:*

- шетелде, бірақ отандық өндірушілер шығарған өнім мен қызмет түрлері;
- қаржылық операциялар (кәсіпкерлер акциялар, облигациялар және т.б. сатып алады);
- өткізілген ақша қаражаты (ақша аударымдары, меншік құқығын беру, зейнетақы мен шәкіртақы) кіреді.

ЖҮӨ көрсеткіші — басқа елдерден ұлттық қазынаға түскен кіріс, басқа державалар экономикасына салынған инвестициялар және шетелде жұмыс істейтін азаматтардың еңбекақылары.

Егер ЖІӨ азаматтардың әл-ауқатын көрсетсе, ал ЖҮӨ — халықшаруашылығының динамикасын бағалауға болатын статистикалық қаржылай көрсеткіш.

ЖҮӨ — бір жыл ішінде елде өндірілген барлық дайын тауарлар мен қызмет түрлерінің нарықтық құны. ЖҮӨ осы елдің азаматтарының жекеменшігінде, бірақ басқа елдің аумағында өндірілген (яғни, өндіріс факторларымен құрылған) өнімдердің құнымен өлшенеді және бұл *таза факторлық кіріс* деп аталады.

$$\text{ЖҮӨ} = \text{ЖІӨ} + \text{таза факторлық кіріс.}$$

Таза факторлық кіріс — осы елдің азаматтарының шетелден алған табыстары мен осы елде тұратын шетелдік азаматтардың табыстары арасындағы айырмашылыққа тең.

ЖІӨ-ді елдегі азаматтардың санына бөлетін болса, халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіші келіп шығады. ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіші жоғары болатын болса, елде өмір сүру деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді.

Дайын тауарлар мен қызмет түрлері — бір жыл ішінде сатып алынатын тұтынуға дайын, аралық тұтыну мақсатында пайдала-

нылмайтын (яғни, басқа тауарлар шығаруға, қызмет түрлеріне аралық өнім ретінде пайдаланбайды) дайын өнім.

ЖІӨ-ге алдыңғы жылдары өндірілген тауарды сатып алуға кеткен шығындар (мысалы, бес жыл бұрын тұрғызылған үйді сатып алу), сондай-ақ аралық өнімдерді сатып алуға кеткен шығындар (дайын өнім алу өндірісі үшін пайдаланылатын шикізат, материал, отын, энергия және т.б.) кірмейді.

Мысалы, үйде және мейрамханада дайындалған тамақ бірдей болуы мүмкін, бірақ соңғысының ғана бағасы ЖІӨ-ді анықтағанда есепке алынады.

ЖІӨ-ді есептегенде келесі жағдайларды ескеру керек. Елде өндірілетін барлық өнім сатылады. Демек, тұтынушылар — өндірілген өнімнің соңғы пайдаланушылары — оны сатып алуға қанша ақша жұмсайтынын білуге болады. Осылайша, ЖІӨ нарықта өндірістің толық көлемін сатып алу үшін қажетті барлық шығындардың қосындысы (сомасы) ретінде ұсынылуы мүмкін.

Бұл мәселені басқа қырынан алып қарауға болады: тауарды сатып алуға кеткен тұтынушылардың қаражаты, оны өндіруге қатысқандардың табысы болып саналады. Тауарларды сатудан түскен табыс жұмысшыларға еңбекақы төлеуге, жер иесіне рента (егер кәсіпорын басқа адамға тиесілі жерде орналасқан болса) төлеуге, банктен алынған несие пайыздарын төлеуге жұмсалады, ал қалған пайдасы — фирма иелерінің табысы саналады.

Осындай тәсілге сәйкес ЖҰӨ екі әдіспен есептеп шығарылады: а) шығындар бойынша; ә) табыстар бойынша.

ЖІӨ есептегенде барлық экономикалық агенттердің шығындары қосылады: үй шаруашылығының, фирмалардың, мемлекеттің және шетелдіктердің шығындары (біздің экспортқа кеткен шығындар). Шығындар қосындысы келесіден тұрады:

- үй жағдайындағы ұзақ мерзімге пайдаланатын тауарларға және ағымдағы тұтыну тауарларына, сондай-ақ қызмет түрлеріне кеткен жеке тұтыну шығындары, бұған үй сатып алуға кеткен шығындар қосылмайды;

- өндірістік капитал салымдарынан тұратын жалпы инвестициялар немесе жалпы қордағы инвестициялар, тұрғын үйге салынған инвестициялар, қордағы инвестициялар. Жалпы инвестицияларды таза инвестициялар мен өтемпұлдардың қосындысы ретінде қарауға болады. Таза инвестициялар экономикадағы капиталдың қорын ұлғайтады;

#### Глоссарий:

**Трансферттік төлем** — үкіметтің немесе фирманың үй қожалығына немесе компанияға ақша төлеуі (немесе тауар беруі, қызмет көрсетуі).

- тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу, мысалы, мектептерді, жолдарды салуға және ұстауға, әскер мен мемлекеттік аппаратты ұстауға кеткен шығындар. Мұнда *трансферттік төлемдер* (жәрдемақылар, зейнетақылар, әлеуметтік сақтандыруға кеткен төлемдер) кірмейді;

- экспорт пен импорттың айырмашылығы ретінде есептелетін сыртқа кеткен тауар мен қызметтерінің таза экспорты.



Жыл ішіндегі ЖІӨ-ні есептеуге қажетті көрсеткіштерді таңдаңдар:

- осы жыл ішінде ел азаматтары алған барлық ақшалардың қосындысы;
- бір жыл ішінде өндірілген соңғы тауарлар мен қызметтердің нарықтық бағасы;
- мемлекеттің табыстары мен шығындарының сомасы;
- осы жыл ішінде кәсіпорын тұтынған шикізат пен материалдардың бағасы.



Үш минут ішінде әр оқушы сабақта не туралы білгенін бір сөйлеммен айттып шығады. Қайталауға болмайды.

- ЖІӨ, ЖҮӨ несімен айырмашылық жасайды?
- ЖІӨ-ді ... бойынша есептейді.



Өздерің тұратын ауданда, қалада зауыт, фабрикалар бар ма? Егер бар болса қандай өнім түрін шығарады және ол сатылымға шыға ма? Шикізатқа жақын немесе алыс орналасқан ба? Жергілікті тұрғындарды қаншалықты жұмыс орнымен қамтамасыз етеді? Талқылаңдар.




Мемлекет экономикасын сипаттайтын мәліметтер бойынша ЖІӨ көлемін *табыс* пен *шығын* мөлшері бойынша есептеңдер (млрд теңге).

| Көрсеткіштер                                | млрд теңге |
|---|------------|
| Жеке тұтыну шығындары                       | 230        |
| Өтемпұл                                     | 35         |
| Дивидендтер                                 | 15         |
| Жанама салық                                | 20         |
| Пайда әкелетін салық                        | 10         |
| Фирманың әлі бөлінбеген табыстары           | 10         |
| Еңбекақы                                    | 220        |
| Пайыздар                                    | 35         |
| Импорт                                      | 33         |
| Экспорт                                     | 37         |
| Жалға алу ақысы                             | 9          |
| Инвестициялар                               | 50         |
| Мемлекеттік тауар мен қызметтерді сатып алу | 70         |



2. Графикті талдап, қорытынды шығарындар (қалаған еліңді алуға болады).

ЖІӨ-нің НКИ<sup>1</sup> өсімі, пайызбен (Ұлттық статистика бюросы ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі дереккөзі бойынша).



## § 60. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымының модельдері

Дүниежүзілік шаруашылық XVI ғасырда әлемдік нарық қалыптасқан кезде пайда болды. **Дүниежүзілік шаруашылық географиясы:** дамудың жалпы мәселелеріне әсер ететін дүниежүзілік шаруашылықтың жалпы географиясын; дүниежүзілік өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік және т.б. дүниежүзілік шаруашылықтың салалық географиясын; қазіргі дүниедегі ірі аймақтардың шеңберінде қарастырылатын шаруашылықтың аймақтық географиясын зерттейді.

*XIX ғасырдың соңында дүниежүзілік шаруашылық біржола қалыптасты, нәтижесінде әлемдік нарық пайда болды, ірі машина индустриясы мен көлік дамыды.*

### Бүгінгі сабақта:

- дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері мен аумақтық құрылымын талдауды;
- дүниежүзілік шаруашылықтың даму үдерістерін анықтауды үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:

- ✓ дүниежүзілік шаруашылық
- ✓ өнеркәсіптік төңкеріс
- ✓ аумақтық құрылым

<sup>1</sup> НКИ — Өнеркәсіптік өнімнің нақты көлемінің индексі — салыстырмалы кезеңдердегі өнеркәсіптік өнім көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш.

XX ғасырдың басына дейін тек бір орталық — Еуропа дүниежүзілік шаруашылықтың географиялық моделі болуымен сипатталды, одан кейін XX ғасырдың басында екінші орталық құрылды, онда АҚШ басты рөл атқарды.

1917 жылдан бастап дүниежүзілік шаруашылық екі жүйеге бөлініп кетті: шаруашылықтың *капиталистік және социалистік* жүйелері. Олардың арасындағы өнім алмасулар саяси ұстанымына байланысты болмады. Бұл бөліну XX ғасырдың 90-жылдары социалистік лагерьдің ыдырауының нәтижесінде жойылды. Қазір дүниежүзілік шаруашылық экономикалық даму деңгейі немесе саяси құрылысына қарамастан, барлық елдерді қамтитын біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.

Тағы бір дүниежүзілік шаруашылықтың дамуындағы маңызды кезең XX ғасырдың 50-жылдарының ортасына сәйкес келеді. Ол *ғылыми-техникалық революцияның* басталуымен байланысты, көптеген елдер экономикасын *постиндустриялық құрылымға* көшірді.

Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы әрқашан күрделене түседі. Екі соғыс кезеңінің аралығында дүниежүзілік экономиканың ірі орталықтары пайда болды, олар — Жапония және КСРО. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік-Батыс Азияның мұнай өндіруші елдері — Канада, Аустралия, Бразилия, Үндістан, Қытай т.б. елдер тобы қалыптаса бастады. Соңғы онжылдықта әлемдік аренаға жаңа индустриалды елдер шықты. Дүниежүзілік шаруашылықтың қазіргі заманғы моделі *көпорталықты сипатқа* ие.

ҒТР жетістіктерін әлемдік нарықта экономикасы дамыған елдер ғана пайдаланып келді. Олар барлық өндірістерін жаңа техника мен технологияға көшірді. Бұл үдеріс *өндірістің реиндустриялануы* немесе *үшінші өнеркәсіптік төңкеріс* деп аталды.

Өнеркәсіптік төңкеріске дейін дүниежүзілік шаруашылықта аграрлы индустрия басымдық танытып келді, олар материалдық игіліктердің негізі болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында экономикасы дамыған елдерде *шаруашылықтың индустриалдық құрылымы* қалыптасты, мұнда өнеркәсіп жетекші рөл атқарды.

XX ғасырдың ортасынан бастап *постиндустриялық* немесе *ақпараттық* деп аталатын жаңа құрылым қалыптаса бастады. Оған өндірістік және өндірістік емес саладағы өзгерістердің пропорциялары тән.

ҒТР дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымына ықпал етеді. Көптеген өнеркәсіптік аудандар ҒТР-ге дейін пайда болған. Оларды *ескі өнеркәсіптік аудандар* деп атайды. Негізінен, бұл аудандарда өндіруші өнеркәсіптің кәсіпорындары орналасады. Экономикасы дамыған елдерде дәл осы салалар шаруашылықтың құрылымын

анықтайды. Қазіргі уақытта FTR ықпалымен кейбір аудандарда құрылыстық серпілістер және жаңа жерлерді игеру байқалады.

*Шаруашылықтың аумақтық құрылымы* — бұл бір-бірімен күрделі байланыста болатын белгілі бір тәртіппен орналасқан аумақтық элементтердің жиынтығы. Мұндай элементтерге экономикалық аудандар мен орталықтар, рекреациялық зоналар, көлік магистральдары жатады. Дүниежүзілік шаруашылықтың екіөлшемді, үшөлшемді, онөлшемді модельдері бар.

*Екіөлшемді модель* елдердің экономикасы дамыған және дамушы деп бөлінуінің негізінде құрылады (солтүстік және оңтүстік елдері). Дамыған елдер көш бастап келеді, дегенмен дамушы елдердің де экономикасының жоғары қарқыны байқалады.

Шаруашылықтың *үшөлшемді моделі* елдердің үш топқа бөлінуіне сәйкес келеді. Жалпы әлемдік өнімнің (ЖӘӨ) 52,7% -ы дамыған елдерге, дамушы елдерге ЖӘӨ 30,2% -ы, өтпелі экономика тән елдерге 17,1% -ы тиесілі.

Дүниежүзілік шаруашылықтың *онөлшемді моделінде* он орталық шартты түрде бөлінеді: Солтүстік Америка (АҚШ — 22,5%), Шетелдік Еуропа — 20,0%, Қытай — 10,1%, Жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ) (Оңтүстік-Шығыс Азия — 7,5%), Жапония — 7,2%, ТМД — 4,1%, Үндістан — 4,1%, Бразилия — 2,3%, Оңтүстік-Батыс Азия (Парсы шығанағы елдері — 2,0%), Мексика — 1,8%.

Ең қуатты орталық болып екі ескі әлемдік экономикалық орталық — еуропалық және америкалық орталық қала береді, бірақ олардың ЖӘӨ-де үлесі төмендеп отыр. Орта жастағы орталыққа көш бастап келе жатқан Жапония мен ТМД жатады, оларда да төмендеу үрдісі байқалады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған қалған орталықтар күшеюде. Әсіресе Қытай және жаңа индустриалды елдер бүгінгі күні Жапония мен ТМД елдерін басып озды.

Қазіргі елдердің ұлттық шаруашылықтарының аумақтық құрылымы өркелкі. Экономикасы дамыған елдерде жоғары деңгейде «келденген» аумақтық құрылым қалыптасқан. Мұнда экономикалық аудандар жүйесінің төрт типі пайда болған:

- *жоғары дамыған аудандар*, олардың динамикалық қарқыны жоғары, мұнда ірі ғылыми орталықтар, ғылымды көп қажет ететін өндірістер, өндірістік емес салалар жақсы дамыған;

- *ескі өнеркәсіптік (депрессивті)* аудандар өнеркәсіптік революция кезеңінде пайда болған, бірақ қазіргі таңда FTR-дің ықпалы аз, қарапайым өндірістер ғылымды қажет ететін өндірістерден басымдық танытып отыр;

- қалған аграрлы аудандарда индустрияландыру аз байқалады;

- жаңадан игеріліп жатқан аудандар өртүрлі табиғат ресурстарына бай.

Дамушы елдерде дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымы отарлау кезеңінде қалыптасқан. Оған төменгі кемелдену деңгейі төн және өндіріс пен халық арасындағы үлкен айырмашылық бар. Негізгі орталық рөлін, әдетте, елдің астанасы атқарады, ол елдің басты теңіз порттары болады. Ал қосымша аудандар қызметінің мамандануын, тау-кен өнеркәсібі немесе плантациялық ауылшаруашылықтары атқарады. Бұл орталықтар, ережеге сай, теміржолдармен байланысқан, ол арқылы минералды және ауылшаруашылық шикізаттары тасымалданады. Периферия (шалғайда орналасу) ретінде дәстүрді ауылшаруашылықпен айналысатын кең көлемді аумақтар маңызды рөл атқарады.

Дамыған және дамушы елдердегі аумақтық теңсіздіктерді теңестіру үшін елдерде аймақтық саясат жүргізіледі, ол өндіргіш күштерді тиімді орналастыру мен адамдардың өмір сүру деңгейінің қалыптасуына әсер ететін заңды, өкімшілік және экономикалық шаралардың кешенінен тұрады.



Біз сабақта нені анықтамақшы болдық?

Біз нені білдік?

Біз қойылған сұрақтарға жауап бере алдық па?

Сабақта өте маңызды болған не?

Қай оқушы сабаққа белсенді қатысты деп ойлайсың?




Сөйлемді толықтырыңдар.

XX ғасырдың басында дүниежүзілік шаруашылықтың орталықтары ... болды.



Қазіргі кездегі дүниежүзілік шаруашылықтың он өлшемді моделін орналастырыңдар.



## § 61. Дүниежүзілік шаруашылықтағы Қазақстанның орны

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін әлемдік экономикаға кіру туралы мәселені алға қойды. Бұл ел экономикасы дамуында дүниежүзілік шаруашылықпен байланыстарды күшейте отырып, қолайлы алғышарт құруды қажет етті.

Қазақстанның өлемдік экономикаға бірігуі географиялық еңбек бөлінісіне, оның алуантүрлілігіне, яғни халықаралық еңбек бөлінісіне тәуелді болып келеді. **Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі (ХГЕБ)** — бұл өлемдік нарық шеңберіндегі тауарды өндіруге жеке елдің мамандануы. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің дамуы үшін экономиканың тұрақтылығы мен халықаралық ұйымдардың маңызы зор.

Қазіргі таңда олардың саны 4000-нан астам. Олар қызметінің түрі бойынша жалпысаяси, экономикалық, валюталық-қаржылық; аумақты қамтуы бойынша өлемдік, аймақаралық және аймақтық деп бөлінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің өкілеттілігі бойынша ерекше орынды алады. Оның штаб пәтері Нью-Йорк қаласында орналасқан. Қазақстан — БҰҰ-ға 1992 жылдан бері мүше. Бұл ұйым халықаралық тұрақтылықты және тыныштықты, елдердің егемендігін, сондай-ақ БҰҰ шараларында оның мүшелерінің бірлесіп қатысуын қадағалайды.

Қазақстанның өлемдік экономикаға интеграциялануында сыртқы сауда тауарлары, қаржы, несие, сыртқы сауда қызметтері, шетелдік инвестициялар, ғылыми-техникалық қатынастар, халықаралық туризм және т.б. сыртқы экономикалық байланыстар үлкен рөл атқарады.

**Сыртқы сауда-саттық.** Сыртқы тауар саудасының жалпы көлемі тауар экспорты мен импортының қосындысынан тұрады.

Халықаралық саудада мемлекеттің географиялық орны үлкен рөл атқарады. Еліміз аумағының кеңдігі, материктің орталығында орналасуы, Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмауы өндірілген өнімдерді тасымалдауда біршама қиындықтар туғызуда. Халықаралық тауар айырбасы тасымалданатын арақашықтыққа, кедендік баж салығына, тасымалдайтын көлік түріне және т.б. тәуелді.

Қазақстан экспортында минералды ресурстар басымдық танытады.

Қазақстан импортында машина, жабдықтар, көлік, аспаптар басым. Импорттағы ең үлкен үлес Ресейге тиесілі.

*Қазақстандағы қызмет түрлері саудасы* қолайлы географиялық және геосаяси орналасуға, көліктік қызметтерге байланысты болып келеді. Қазақстанның болашақта шетелдіктерге санаториялық-шипажайлық және туристік қызметтерді ұсынуға зор мүмкіндігі бар.

### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын;
- Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциядағы мүдделері мен мақсатын анықтауды оқып-үйренесіңдер.

### Жетекші ұғымдар:


- ✓ ішкі сауда
- ✓ ғылыми-техникалық байланыс
- ✓ ХГЕБ

*Қаржы және несие* — қарыз және несие беру қызметтерін атқаратын халықаралық экономикалық байланыстардың жаңа формасы. Қазақстан Ұлттық Банкі үкіметпен бірлесе отырып, мемлекеттің ақша-несие саясатын анықтайды.

Шетелдік инвестициялар экономиканы нығайтуға, ішкі инвестициялық ресурстар жетіспегенде құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға және реформалар жүргізуге бағытталған.

2022 жылдың қаңтарынан қарашасына дейін экономиканың өсуі 2,7% -ды құрады. Ауылшаруашылығы, ақпарат және байланыс, құрылыс, өңдеуші өнеркәсіп, сауда, көлік қатынасы және қойма сияқты салаларда оң динамика байқалады (71-сурет).

Сыртқы сауда айналымы қаңтар мен қазан айларының аралығында 34% -ға өсіп, 111 млрд долларды құрады. Экспорт 45% -ға, өңделген тауар 35% -ға өсті (72-сурет).



71-сурет. Қазақстан экономикасының дамуы



72-сурет. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (2022 ж.)

Сауда теңгерімі сальдосы есеп жүргізген аралықта екі еселеніп 31 млрд долларды құрады. Геосаяси жағдай инфляцияның өсуіне негізгі әсер еткен фактор болды; дүниежүзінде бағаның рекордтық өсуі, логистикалық байланыстың бұзылуы, кейбір тауарларды көрші елдерге экспортқа шығаруға уақытша шектеу қою және т.б.

**Ғылыми-техникалық байланыстар** — ғылыми зерттеулермен және мемлекетаралық өндіріс салаларының мамандануымен сипатталатын халықаралық экономикалық қатынастардың бір түрі. Халықаралық еңбек бөлінісінде олар ғылыми-техникалық прогресс, білім және озық техникалық тәжірибелер арқылы жүзеге асырылады (патенттер, лицензиялар, мемлекеттік деңгейде қабылданған техникалық құжаттар).

Қазақстанның сыртқы саясатында ірі серіктес болып табылатын Ресеймен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөлінеді.

Ресейлік мұнай құбырлары арқылы мұнай мен газ тасымалдау жолға қойылған. Соколов-Сарыбай тау-кен бірлестігі Магнитогорск металлургия комбинатымен тікелей экономикалық байланыстар орнатты.

1996 жылы 29 наурызда Қазақстан Ресей, Беларусь, Қырғыз Республикасымен экономикалық және гуманитарлық интеграцияны нығайту және Кедендік Одақ құру туралы келісімшартқа қол қойды. 2010 жылы Қазақстан, Ресей және Беларусь Республикасымен жаңа Кедендік Одақ құрды (23-кесте).

23-кесте

**Қазақстанның IMD-2023 әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингіндегі  
Ұстанымдары**

|   | Әлемдік бәсекеге қабілеттілік рейтингі | 2022 ж.<br>(63 елдің ішінде)<br>43-орын | 2023 ж.<br>(64 елдің ішінде)<br>37-орын | Динамика<br>6-орын |
|---|--|---|---|--------------------|
| 1 | 2                                      | 3                                       | 4                                       | 5                  |
| 1 | Экономикалық іс-әрекет                 | 58                                      | 57                                      | 1                  |
|   | Ішкі экономика                         | 55                                      | 59                                      | 4                  |
|   | Халықаралық сауда                      | 61                                      | 46                                      | 15                 |
|   | Сыртқы инвестициялар                   | 54                                      | 43                                      | 11                 |
|   | Қамтылу                                | 23                                      | 36                                      | 13                 |
|   | Бағалар                                | 50                                      | 54                                      | 4                  |
| 2 | Үкіметтің тиімді басқаруы              | 25                                      | 23                                      | 2                  |
|   | Мемлекеттік финанстар                  | 19                                      | 16                                      | 3                  |
|   | Салық саясаты                          | 5                                       | 6                                       | 1                  |
|   | Институционалдық орта                  | 52                                      | 52                                      | 0                  |

| 1 | 2                                   | 3  | 4  | 5 |
|---|-------------------------------------|----|----|---|
|   | Бизнестегі заңдылық                 | 34 | 29 | 5 |
|   | Қоғамдық жүйе                       | 37 | 34 | 3 |
| 3 | Бизнестің тиімділігі                | 32 | 31 | 1 |
|   | Өнімділік және тиімділік            | 49 | 40 | 9 |
|   | Еңбек нарығы                        | 19 | 23 | 4 |
|   | Финанстар                           | 45 | 43 | 2 |
|   | Менеджмент практикасы               | 7  | 12 | 5 |
|   | Қарым-қатынас және құндылық         | 21 | 29 | 8 |
| 4 | Инфрақұрылым                        | 46 | 47 | 1 |
|   | Базалық инфрақұрылым                | 27 | 27 | 0 |
|   | Технологиялық инфрақұрылым          | 51 | 52 | 1 |
|   | Ғылыми инфрақұрылым                 | 54 | 56 | 2 |
|   | Денсаулық сақтау және қоршаған орта | 56 | 56 | 0 |
|   | Білім                               | 41 | 39 | 2 |

**Глоссарий:****Жалпы әлемдік**

**өнім** — белгілі бір уақыт кезеңінде жұмыс істеуші кәсіпорындардың ұлттық ерекшелігіне қарамастан, барлық елдер аумағында өндірілген соңғы тауар мен қызметтердің жалпы көлемі.

**Дүниежүзілік шаруашылық** (немесе әлемдік экономика) — бұл өзара халықаралық еңбек бөлінісі және халықаралық экономикалық жүйелерді байланыстыратын шаруашылықтың жекелеген салаларының қоғамдық еңбек бөлінісінің нәтижесінде тарихи қалыптасқан жиынтығы.

*Анықтамалық:* Әлемдік бәсекеге қабілеттілік жылнамасында 257 көрсеткіш бар, оның 2/3-сі статистикалық деректер негізінде, 1/3-і сауалнама деректері бойынша есептеледі.

Одақ құрған елдер арасында кедендік және сауда кедергілерінің болуы, өз кезегінде мемлекеттер арасында тауар айналымының артуына әкеледі. Қазақстан Беларусь Республикасынан көлік құралдарын, машина, жабдықтар, минералды тыңайтқыштар, химия, тоқыма бұйымдарын сатып алады.

Қырғыз Республикасының Қарабалта зауытында қазақстандық уран кендері қайта өңдеуден өтеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның ірі сауда серіктестері Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Қытай, Швейцария, Оңтүстік Корея болып табылады.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы экономикалық байланыстарда Қашаған, Каспий қайраңы және Теңіз мұнай кен орындарын игерудегі келісімдер маңызды.

Қазақстан Республикасы экономикалық стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Еуропалық Одақ, Шығыс Еуропа және Балтық



жағалауы елдерімен экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Азиялық бағытта экономикалық, ғылыми-техникалық өзара қарым-қатынастар ретінде Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, Үндістан, Израиль, Индонезия және басқа елдермен байланыс орнатты.

Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасындағы байланыстар «Самсунг» компаниясы арқылы жүзеге асырылады, ол Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымының дамуына үлкен үлес қосты.

Қытай тарабы «Ақтөбемұнай» акционерлік қоғамының акцияларын сатып алды. Үндістан біздің елге дәрілік препараттарды, шай, дәмдеуіштерді, тұрмыстық тауарларды т.б. жеткізеді.

Түрік құрылысшыларының негізінде Алматыда «Анкара» қонақүйі мен «Рамстор» сауда үйі, Петропавлда макарон зауыты, сондай-ақ ел астанасында бірқатар зәулім ғимараттар тұрғызылды.

Қазақстандық және израильдік ғалымдар сортаң топырақта бау-бақша технологияларын енгізу бойынша тәжірибе алмасуда. Мұндай тәжірибелер Қызылорда облысының Қазалы және Арал аудандарында жүргізілуде.



- Бүгін мен ... білдім.
- Мен үшін ... жаңалық болды.
- ... қиындықтар туғызды.
- Мен ... үйрендім.
- Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



- Сөйлемдерді толықтырыңдар.
  - ... Қазақстанның сауда серіктестері.
  - Қазақстан ... халықаралық ұйымдардың толық мүшесі болып табылады.
1. Қазақстанның дүниежүзілік шаруашылықтағы рөлі туралы сендердің пікірлерің қалай өзгерді?

### Өзгерістерді талқылау

| Сабақ    | Не өзгерді? | Қалай өзгерді? | Неге өзгерді? | Болған өзгерістерге қандай дәлелдемелер бар? |
|----------|-------------|----------------|---------------|--|
| Оқушылар |             |                |               |  |
| Мұғалім  |             |                |               |  |
| Мектеп   |             |                |               |  |

2. Төмендегі тулар қандай халықаралық ұйымға сәйкес келеді? Өз көзқарастарыңды дәлелдендер.





1. Экономикалық және технологиялық дамудың дүниежүзілік орталықтарын атаңдар.
2. Еркін экономикалық зоналар қандай аудандарда пайда болады?
3. Халықаралық сауда термині неге байланысты пайда болды?
4. ХСҮ қандай қызметтерді атқарады?
5. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымының негізіне не жатады?
6. Қазіргі кезде дүниежүзілік шаруашылықтың орталықтары.
7. 60-параграфта оқығандарыңды естеріңе түсіріп, эмблемаларға қарап, ұйымдардың атауларын анықтаңдар.



**THE WORLD BANK**

8. Эмблема мен ұйымдар арасындағы сәйкестікті тауып, осы ұйымға мүше елдерді жазыңдар.



Халықаралық ұйымдардың эмблемасы



1. «ХГЕБ факторлары» атты кластерді қарастырып, эссе жазыңдар.



2. ЖІӨ-ні есептегенде төменде берілген табыстың қай түрлері есепке алынады?

| Табыс түрлері  | Иә | Жоқ |
|--|----|-----|
| Бұрынғы фабрика жұмысшысының зейнетақысы             |    |     |
| Өзінің жекеменшік үйін сырлаушының қолақысы          |    |     |
| Нысанды бояғандағы сырлаушының қолақысы              |    |     |
| Жекеменшікпен айналысатын тіс дәрігерінің табысы     |    |     |
| Студенттің үйінен алатын ай сайынғы ақша аударымдары |    |     |

3. Қазақстанға әлемдік экономикаға кіру не береді?
4. Сыртқы сауда қызметтерінің ерекшеліктері неден тұрады?
5. Біздің елдің дамуына инвестициялардың қандай маңызы бар?




1. ТҮК қызметі туралы «плюс және минус» кестесін толтырыңдар.

**Дескриптор**

- өндірістің техникалық модернизациясы;
- әлемдік нарыққа ену;
- шетелдік компаниялардың болашағы бар экономика секторларын жаулап алуы;
- экономикалық интеграциялардың күшеюі;
- ішкі ТҮК бағаларының есебінен мемлекеттік бюджет табыстарының азаюы;
- өндірісті халықаралық реттеу және өнімдерін бөлу.

| Плюстері | Минустары |
|----------|-----------|
|          |           |

2. ХГЕБ. Өндірістегі дүниежүзілік көшбасшылар туралы ақпаратты қараңдар. Осы жағдай өзгеруі мүмкін бе? Егер өзгертін болса, қалай және неліктен? Өздеріңнің ұсыныстарыңды Исикава (Фишбоун) диаграммасы түрінде рәсімдеңдер.



**Өндіру бойынша алғашқы бестікке кіретін әлемдегі көшбасшы елдер**

|   | Темір кені | Шойын    | Электр энергиясы | Автомобиль | Мұнай         |
|---|------------|----------|------------------|------------|---------------|
| 1 | Аустралия  | Қытай    | АҚШ              | АҚШ        | Сауд Арабиясы |
| 2 | Бразилия   | Үндістан | Үндістан         | Жапония    | Ресей         |
| 3 | Қытай      | Жапония  | Қытай            | Қытай      | АҚШ           |
| 4 | Үндістан   | АҚШ      | Ресей            | Үндістан   | Канада        |
| 5 | Ресей      | Ресей    | Жапония          |            | Ирак          |

3. ҒТР дәуірінде қандай жаңа нарықтар пайда болуы мүмкін? Жауаптарыңды дәлелдеңдер.
4. «Халықаралық қатынастар формасы» атты сызбаны пайдаланып, олардың түрі мен Қазақстан үшін маңызы туралы хабарлама әзірлеңдер.
5. Сұлба-картаны пайдаланып, «Аймақтар бойынша айналымның нақты көлем индексі» талдаңдар.

| Көрсеткіштер                                | млрд теңге |
|---|------------|
| Жеке тұтыну шығындары                       | 230        |
| Өтемпұл                                     | 35         |
| Дивидендтер                                 | 15         |
| Жанама салық                                | 20         |
| Пайда әкелетін салық                        | 10         |
| Фирманың әлі бөлінбеген табыстары           | 10         |
| Еңбекақы                                    | 220        |
| Пайыздар                                    | 35         |
| Импорт                                      | 33         |
| Экспорт                                     | 37         |
| Жалға алу ақысы                             | 9          |
| Инвестициялар                               | 50         |
| Мемлекеттік тауар мен қызметтерді сатып алу | 70         |

**Дескриптор**

1. Қазақстан облыстарының ЖІӨ картасын қарастырыңдар.
2. Таңдау бойынша Қазақстан облыстарындағы ЖІӨ-ні салыстырыңдар.
3. ЖІӨ жоғары облыстарды табыңдар және себебін түсіндіріңдер.
4. ЖІӨ төмен облыстарды тауып, себебін түсіндіріңдер.
5. Болашақта болатын өзгерістерге болжам жасаңдар.



Қазақстан облыстарының ЖІӨ сұлба-картасы, мың теңге  
(Ұлттық статистика бюросы дереккөзінен алынған)

### Тапсырма

«Шетелдік Еуропа шаруашылығының аумақтық құрылымы» атты кестеге талдау жасаңдар.

#### Шетелдік Еуропа шаруашылығының аумақтық құрылымы

| Жоғары дамыған аудандар   | Ескі өнеркәсіптік аудандары  | Өзге аграрлық аудандар   | Жаңадан игерілген аудандар |
|---|--|--|----------------------------|
| Лондон, Париж, ГФР-дің оңтүстік аудандары (Мюнхен Штутгарт), солтүстік Италия (Милан-Турин-Генуя), Рандстад (Нидерланд) | Рур, Саар (ГФР), Лотарингия, Эльзас (Франция), Оңтүстік Уэльс, Бат. Мидленд, Йоркшир, Ланкастер (Ұлыбритания), Жоғарғы Силезия (Польша), Чехия | Италияның оңтүстігі, Францияның батысы, Испанияның орталығы және Португалия, Грекияның оңтүстік-батысы | Солтүстік Скандинавия      |

### Дескриптор

- Шетелдік Еуропа шаруашылығының аумақтық құрылымы кестесін қараңдар:
  - неліктен Солтүстік теңіз жаңадан игерілген ауданға жататынын түсіндіріңдер;

ә) дүниежүзінің минералды ресурстар картасынан ескі өнеркәсіп аудандарын табыңдар, бұл аудандардың қандай пайдалы қазбаларға бай екенін көрсетіңдер, осы аудандағы депрессия себептері туралы қорытынды жасаңдар.  
 б) үш күрделі сұрақ құрастырыңдар.

2. Сұлба-картаға талдау жасаңдар: а) облыс және мамандану салалары арасындағы сәйкестікті табыңдар.

ә) Қазақстан Республикасы экспорттайтын өнімдердің қатарын толықтырыңдар.



ә)



## VI бөлім

# ЕЛТАНУ ЖӘНЕ САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗДЕРІ

### 9-сыныпта сендер:

- Елтану — табиғаты, халқы, экономикасы, мәдениеті және әлеуметтік ұйымдары туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және талдап қорытатын, елде кешенді зерттеумен айналысатын географиялық пән туралы білетін боласыңдар;
- деңгейі және мақсаты бойынша халықаралық ұйымдарды топтастыруды;
- Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси-географиялық орнына кешенді баға беруді;
- Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік хоронимдерін жіктеудің негізінде олардың мағынасын түсіндіруді және үш тілдегі транслитерациясын ұсынуды үйренесіңдер.

### 8-сыныпта сендер:

- дүниежүзі елдерін басқару формасы және мемлекеттік құрылысы бойынша жіктеуді;
- саяси картадағы сандық және сапалық өзгерістерге талдау жасауды;
- саяси интеграциясының қажеттілігін және мақсаттарын түсіндіруді оқып-үйрендіңдер.

### 7-сыныпта сендер:

- елдерді географиялық орны бойынша жіктеуді;
- жоспар бойынша елдің географиялық орнын сипаттауды үйрендіңдер.

## VI бөлім. ЕЛТАНУ ЖӘНЕ САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗДЕРІ

### ДҮНИЕЖҮЗІ ЕЛДЕРІ

#### § 62. Экономикалық даму деңгейі бойынша дүниежүзі елдерін топтастыру

##### Бүгінгі сабақта:

— қазақстандық құрамбөліктерді қамту негізінде елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастыруды оқып-үйренесіңдер.

##### Жетекші ұғымдар:

- ✓ жоғары дамыған елдер
- ✓ өтпелі экономикалық елдер
- ✓ дамушы елдер

XX ғасырда 90-жылдардың басына дейін барлық дүниежүзі елдері үш топқа бөлінген: *социалистік, дамыған капиталистік және дамушы*. Кеңестік жүйе ыдырағаннан кейін басқа да топтар пайда болды. Солардың бірі — үшөлшемді топ, ол жоспарлы орталықтандырылған жүйеден нарықтық экономикаға өтпелі, *экономикасы дамыған, дамушы және өтпелі экономикалық* елдер. Сонымен қатар екіөлшемді тип те қолданылады, олар *дамыған және дамушы* деп бөлінеді. Бұл жіктеменің негізгі критерийі — жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшерімен көрсетілетін мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму бағыты.

Үшөлшемді типология елдерді әлеуметтік-экономикалық деңгейі бойынша топтастырады және олардың ішінде үш топқа:

- экономикасы жоғары дамыған капиталистік елдер;
- өтпелі экономикалық социалистік елдер;
- дамушы елдер деп бөледі.

**Экономикасы жоғары дамыған елдер** нарықтық қатынастардың жоғары деңгейде дамуымен айырма жасайды, жоғары ғылыми-техникалық әлеуетке ие және әлемдік саясат пен экономикада үлкен рөл атқарады. Бұл елдердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері (халықтың әл-ауқаты өсуде, еңбек өнімділігі жоғары, ғылым мен техниканың дамуындағы жетістіктері мол), АӘДИ деңгейі және бәсекеге қабілеттілігі жоғары. Бұл мемлекеттер тобы ішкі өртүрлілігімен айырмашылық жасайды және оның құрамын үш топшаға бөлуге болады.

*Бірінші топшаға* «Үлкен жетілік» елдері кіреді: АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия және Канада. Бұлар нарықтық қатынастардың жоғары деңгейімен, ауқымды



экономикалық және саяси қызметтерімен айырмашылық жасайтын әлемдік көшбасшылар. Олардың үлесіне әлемдік ЖІӨ мен өнеркәсіптік өндірістің 50% -ға жуығы, ауылшаруашылық өнімдерінің 25% -дан артығы тиесілі. ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы үлесі 20 мыңнан 30 мың АҚШ долларына дейін.

*Екінші топшаға* онша ірі емес, ЖІӨ көрсеткіші жоғары (Швейцария, Норвегия, Дания, Австрия, Бельгия, Нидерланд және т.б.), әлемдік саудаға белсенді қатысатын Батыс Еуропаның дамыған елдері жатады.

*Үшінші топшаны* «қоныс аударған капитализм елдері» құрайды. Бұл — еуропалық елдер емес: Аустралия, Жаңа Зеландия, ОАР және Израиль. Бұл елдер феодалдық даму кезеңінен өткен жоқ. Бұларға кезінде Канада да кірген болатын. Бұл мемлекеттер әлемдік экономикада жетекші орын алады. Оларға жан басына шаққандағы ЖІӨ, өнеркәсіп және ауылшаруашылығы жоғары дамыған. Аустралия мен ОАР минералды ресурстарға өте бай.

**Өтпелі экономикалық елдер (постсоциалистік) және социалистік елдер.** Бұл топшаға бұрынғы социалистік елдер кіреді: Шығыс Еуропа, КСРО және Моңғолия. Олардың көбісінің саясатында өзгерістер орын алды, әлемдік нарық шаруашылығының жүйесіне өту үшін экономикасын қайта құрылымдады, жекешелендіру (мемлекеттік кәсіпорындардың ұжымдық немесе жекеменшікке өтуі) жүрді, ТМД елдерінде қорғаныс кешенін реформалады, әскери өндірісті конверсиялау жүрді. Барлығында АӘДИ жоғары болып келеді.

Әлемде төрт ел бұрынғыша социалистік елдер болып қала береді (орталықтан басқарылатын экономика): Қытай, Куба, Вьетнам және КХДР. Бірақ бұл елдердің экономикасы мен саясатында түбегейлі өзгерістер байқалады, нарықтық экономикаға көшуде алғабасушылық бар. Қытай мен Вьетнам нарықтық қатынастар дамып келе жатқан елдерге мысал бола алады. Әсіресе Қытай ерекшеленеді, қысқа уақыттың ішінде жеке өнім түрлерін шығару бойынша жетекші әлем елдерінің арасынан орнын алды.

**Дамушы елдер.** Бұл топшаға ауданы құрлықтағы жердің жартысын алып жатқан және дүниежүзі халқының 3/5 бөлігі тұратын 150-ге жуық мемлекет пен аумақ кіреді. Дамушы елдерге: өндіргіш күштер дамуының төменгі деңгейі, ұсақ тауарлы шаруашылықтың жоғары үлесі, көпқұрылымды экономика, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың аяқталмауы тән. Бұл — Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тәуелсіздігін алған көптеген Азия мен Африка елдері, бұдан да ертеректе тәуелсіздігін алған Латын Америкасының елдері. Олардың ішінен алты негізгі топшаны бөлуге болады.

**Жаңа индустриалды елдер (ЖИЕ).** Бұл топша экономикада кенет өрлеу жасады, оған кіретін елдер «Азия жолбарыстары» деген атқа ие болды. Оған Корей Республикасы, Сингапур кіреді. Бұл елдер ЖІӨ жан басына шаққандағы көрсеткіші бойынша экономикасы дамыған елдерге біршама жақындады. Оларда қызмет көрсету секторы жылдам дамып, әлемдік саудада белсенді қатысады, экономикасының құрылымында ауқымдылық пен алуантүрлілік басымдық танытады. Олар экономиканың еңбекті көп қажет ететін салаларына маманданған. Аталған елдер ЖИЕ-нің бірінші эталонын құраса, екіншісіне Малайзия, Тайланд, Индонезия жатқызылады.

**Көшбасшы елдер** — Қытай, Үндістан, Бразилия, Мексика табиғи және еңбек ресурстарына біршама бай, экономикалық өлеуетінің жоғарылығы және көптеген көрсеткіштер бойынша дамушы елдердің ішінде көшбасшы болып келеді. Бұл мемлекеттер қалған басқа дамушы елдер қанша өнеркәсіп өнімін өндіретін болса, бұлар да соншалық көлемде өнім өндіреді. Бірақ ЖІӨ жан басына шаққандағы мөлшері дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен.

**Мұнай өндіруші елдер:** Сауд Арабиясы, Кувейт, БАӘ, Катар, Иран, Ливия, Бруней және т.б. Мұнай доллары ағындарының арқасында олардың жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері көбіне 6—18 мың доллардан асады.

Ең үлкен топша — **классикалық дамушы елдер.** Оған әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі салыстырмалы түрде жоғары, жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері 2 мыңнан 5 мың долларға жететін елдер жатады. Оларға Аргентина, Уругвай, Латын Америкасының көпшілік елдері, Азия мен Солтүстік Африка елдері кіреді.

**Артта қалушы елдер** жан басына шаққандағы ЖІӨ көлемі 1 мың доллардан аз болатын елдер жеке топты құрайды. Бұл мемлекеттердің экономикасы көпқұрылымды, артта қалған және феодализмді бастан өткерген. Бұндай елдер Африкада көп, Азияда, Латын Америкасында да кездеседі. Бұл топқа туризмі дамыған елдер де жатады (Ямайка, Зимбабве, Мозамбик, Дүниежүзілік мұхиттағы кейбір елдер).

**Кедей мемлекеттер** ауылшаруашылығын тұтынуымен сипатталады. Бұл — дара дақылды шаруашылықты елдер, жан басына шаққандағы ЖІӨ мөлшері 100—300 долларды құрайды. Бұл топшаға Бангладеш, Непал, Ауғанстан, Мали, Эфиопия, Гаити және т.б. кіреді.



Әрқайсысың бүгінгі өтілген материал бойынша бес сұрақ жазыңдар. Сөйлемдерде мына сұрақтар әртүрлі қамтылуы керек:

- Не?
- Кім?
- Қашан?
- Қайда?
- Не үшін?
- Қалай?
- Не болады, егер?



Қандай да бір елді анықтау үшін символ белгісінің жобасын жасаңдар (ел-таңба, атрибут, ребус).

### § 63. Халықаралық ұйымдар және Қазақстан

*Халықаралық ұйым* — бұл халықаралық құқықтың нормалары мен принциптеріне сәйкес жалпы мақсатқа жету үшін әрекет ететін және тұрақты мемлекетаралық келісім-шарттың негізінде құрылған егеменді елдердің бірігуі.

Халықаралық ұйымдардың атаулары әртүрлі болуы мүмкін: ұйым, лига, ассоциация, одақ, қор, банк және басқалар — бұл олардың мәртебесіне әсер етпейді.

Халықаралық ұйымдарды жіктеуде әртүрлі көрсеткіштер қолданылады:

1. Мүше болу сипаты бойынша:

- а) үкіметаралық;
- ә) үкіметтік емес.

2. Қатысушылар сипаты бойынша:

а) әмбебап — барлық мемлекеттердің қатысуы үшін ашық (БҰҰ, МАГАТЭ) немесе қоғамдық бірлестіктердің қатысуы үшін және барлық мемлекеттердің жекетұлғаларының қатысуы үшін (өлемдік дүниежүзілік кеңес, Юрист-демократтардың халықаралық ассоциациясы);

#### Бүгінгі сабақта:

— қазақстандық ерекшеліктерді қамту негізінде халықаралық ұйымдарды деңгейі және мақсаты бойынша топтастыруды оқып білесіңдер.

#### Жетекші ұғымдар:

- ✓ халықаралық ұйымдар
- ✓ БҰҰ
- ✓ АЭЗ

ә) аймақтық — белгілі бір географиялық аймақта орналасқан жекетұлғалар мүше бола алатын мемлекеттер немесе қоғамдық бірлестіктер (Африкалық бірлік ұйымы, Парсы шығанағындағы Араб елдерінің ынтымақтастық кеңесі);

б) аймақаралық — әмбебап болуға мүмкіндігі жоқ, аймақтық ұйымдардың шеңберінен шыға алмайтын белгілі бір көрсеткіштермен шектелген мүшеліктер. Соның ішінде мұнай экспорттаушы елдер ұйымына (ОПЕК) қатысу тек мұнай экспорттайтын мемлекеттер үшін ғана ашық. Ислам конференциясы ұйымының мүшесіне (ИКҰ) тек мұсылман елдері ғана мүше бола алады.

### 3. Құзыреті бойынша:

а) жалпы құзыреті бойынша — қызметі мүше мемлекеттер арасындағы барлық саланы қамтиды: саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқалар (БҰҰ);

ә) арнайы құзыреттері — ынтымақтастығы арнайы бір саламен шектеледі, (БДҰ), мұндай ұйымдар саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ғылыми, діни деп бөлінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап өзекті саяси мәселелерді шешу бойынша әлемдік ынтымақтастыққа белсенді күш салып келеді.

Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болып табылады. Олар: ТМД, БҰҰ, ОБСЕ, ШЫҰ, Ислам конференция ұйымы және т.б.

1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда он бір егеменді ел басшылары (Грузиядан басқасы) барлық республикалар теңқұқылы бастамамен ТМД-ны түзетіні туралы Келісімнің хаттамасына қол қояды. Қатысушылар кездесу барысында бұрынғы Кеңес Одағының халықаралық міндеттерін орындауға кепілдік беретін ішкі және сыртқы саясаттың әртүрлі саласында ынтымақтастықты сақтайтын Алматы Декларациясын қабылдады. 1993 жылдың желтоқсанында Достастыққа Грузия қосылды, ал 2009 жылдың 18 тамызында бұл бірлестіктен шығып кетті. Достастық үшін қызығушылық жақ форматында көпжақты ықпалдасудың басқа да салалары бойынша таңдап алынған елдер қатысуы тән. ТМД ұйымының шешімдері оны қабылдау кезінде қатысқан мемлекеттер үшін күшке ие болады.

1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар ұйымының Бас Ассамблеясының 46-отырысы қорытындысының 46/224 қарары бойынша Қазақстан бірауыздан БҰҰ мүшелікке қабылданды.

Бүгінгі күні Қазақстанда БҰҰ өкілеттіктері жұмыс істейді:

- БҰҰДБ (БҰҰ Даму бағдарламасы);
- ЮНИСЕФ (БҰҰ Балалар қоры);
- ЮНФПА (БҰҰ Халық қоныстану қоры);

- ЮНЕСКО (БҰҰ Білім, ғылым және мәдениет мәселелері ұйымы);
- БЖБК (БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссары басқармасы);
- ЮНИФЕМ (БҰҰ Әйелдер даму қоры);
- ГМКБ (БҰҰ Гуманитарлық мәселелерді үйлестіру басқармасы);
- ҚАД (Қоғамдық ақпарат департаментінің өкілеттілігі);
- ДДС (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы);
- ЕҚБ (БҰҰ есірткі және қылмыс мәселелері жөніндегі басқармасы);
- БҰҰЕ (БҰҰ еріктілері бағдарламасы);
- ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы);
- ЮННИДО (БҰҰ өнеркәсіпті дамыту ұйымы);
- ХВҚ (Халықаралық валюта қоры) және т.б.

1992 жылы *Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына* Қазақстан кіргеннен кейін өзінің дүниежүзілік қауіпсіздікке деген ұмтылысын көрсетті. Семей ядролық полигонын жауып, Қазақстан ядролық қару-жарақты таратпау ісіне үлкен үлес қосты.

Қазақстан Республикасының ОБСЕ құрамындағы миссиясы бірінші кезекте Орталық Азияда тұрақтылықты сақтау және аймақтың дамуы үшін аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етумен анықталады.

Қазақстан төрағалық ету барысында жоғары нәтижеге жетті, ең бастысы 11 жылдық үзілістен кейін Қазақстан астанасында ОБСЕ Саммитін өткізді.

Үлкен ауқымды Саммиттің қорытындысы бойынша «Қоғамдастықтың қауіпсіздігінің алдын алу» туралы Астана декларациясы қабылданды. Біздің елдің ОБСЕ-ге төрағалық етуде ұраны төрт «Т» болды:

1. Trust (сенім).
2. Tradition (дәстүрлер).
3. Transparency (ашықтық).
4. Tolerance (толеранттылық).

Толеранттылық — бұл сызбадағы төртінші құрамбөлік, мәдениет, дін және өркениеттер арасындағы сұхбатты нығайтуды білдіреді.

Қазақстан өзінің жақын көрші елдеріне ерекше назар аударады және «Шанхай бестігінің» жұмысына белсенді қатысады. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) — 1996 жылы «Шанхай бестігі» деген атаумен құрылған халықаралық ұйым. Оның ең алғаш құрылтайшылары — Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей және Тәжікстан. 1996 жылы сәуірде барлық ұйым мүшелері шегара ауданында қарулы күштерді өзара азайту және әскери салада сенімділікті нығайтуды келісу үшін жиналды. 1996—1997 жылдар барысын-

да «Шанхай бестігі» бұрынғы кеңес-қытай шегарасы ауданында көпжылдық шегарааралық мәселелерді реттеуге мүмкіндік берген бірқатар келісімдерге қол қойды. Ал 2001 жылдың 1 маусымынан Ұйымға Өзбекстан кіргеннен бастап Шанхай ынтымақтастық ұйымы деген атпен тұрақты мемлекетаралық ұйымға айналды.

Қазір ШЫҰ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Пәкістан, Үндістан, Иран, Өзбекстан елдері кіреді.

Қазақстан араб және түрік мемлекеттерімен ынтымақтастықты дамыта отырып, **1995 жылы 12 желтоқсанда Ислам конференциясы ұйымына** мүше болды. Мұсылман мемлекеттерімен өзара әрекеттесу республиканың сыртқы саясатындағы бағыттардың бірі болып табылады. Ислам әлемі өз тарапынан Қазақстанға мұсылман қауымдастығының ажырамас бөлігі ретінде қарайды. Қазақстанның тәуелсіздік жылдар ішіндегі сәтті дамуын және оның мұсылман қауымдастығындағы ерекше орнын жоғары бағалай отырып ИКҰ-ға мүше елдер бұл ұйымға төрағалық етуін қолдады. 2011 жылы 28 маусымда Қазақстанда Ислам конференциясы ұйымдарының Сыртқы істер министрлерінің жиынының 38-сессиясы өтті. Бұл іс-шараға 57 елден 1000-нан астам шетелдік қонақ қатысты. Ең бірінші маңызды шешім бұл ИКҰ атауын өзгерту ребрендингі (ұйым мүшелеріне ықпал ететін ауқымды үдеріс) болды, яғни Ислам қауымдастығының ұйымы деп аталды, ұйымның жаңа эмблемасы бекіді. ИКҰ қызметіне біздің ел басқа да ірі аймақтық және әлемдік ұйымдармен қатар белсенді қатысып келеді, әр қатысқан сайын жаһандану әлемінің қазіргі даму кезеңінде үлкен маңызға ие болып отыр. ИКҰ басшылығында Қазақстан ұйымның күн тәртібінде мынадай сұрақтарды қамтуға күш салды: саяси, гуманитарлық және экономикалық ынтымақтастық, терроризммен күрес, діни төзбеушілік, гендерлік теңсіздік және т.б.

**Қазақстан және Ұжымдық қауіпсіздік бойынша келісімдер ұйымы.** Қазақстан Ұжымдық қауіпсіздік келісімшартына қол қойған алғашқы алты елдің бірі болды (1992 ж., 15 мамыр, Ташкент қ.). 2002 жылы Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімдер отырысынан кейін қатысушы елдер келісім негізінде ұйым құру керек деп шешті. 2009 жылы ақпанда жедел жауап қайтару ұжымдық күштері ұйымдастырылды, алғашқы бірлескен жаттығулар Қазақстанның Мәтібұлақ әскери полигонында өтті.

Қазақстанның Экономикалық Қауымдастық (ҚЭҚ) ұйымына қатысуы **1992 жылы қарашадан** басталды. Қазіргі таңда Қазақстаннан басқа бұл ұйымға Ауғанстан, Әзірбайжан, Иран, Қырғыз Республикасы, Пәкістан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан кіреді. ҚЭҚ-тың мақсаты аймақтық экономикалық даму үшін қолайлы жағдайлар

туғызу болып табылады. Қауымдастықтың жалпы бағыттары көлік, коммуникация, энергетика, қоршаған ортаны қорғау, білім, денсаулық сақтау және т.б. салалар болып саналады.

Осылайша, Қазақстан халықаралық аренада өз халқының бақытты бейбіт өмір сүруі үшін көптеген мәселелер бойынша ынтымақтас-тық қарым-қатынас жасайды.



Бүгін мен ... білдім.  
 Мен үшін ... жаңалық болды.  
 ... қиындықтар туғызды.  
 Мен ... үйрендім.  
 Мен өзімді мақтай аламын, себебі ... .



1. Халықаралық ұйым деген не?
2. Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға қай жылы мүше болып қабылданды? Оның еліміз үшін маңызы қандай?
3. ТМД қай жылы құрылды?
4. Қазақстан ЕҚЫҰ-ға қай жылы кірді?
5. Шанхай бестігіне кіретін мемлекеттерді атаңдар.



Халықаралық ұйым атаулары не себепті әртүрлі болады? Себебін түсіндіріңдер, сыныптастарыңмен талқылаңдар.

#### Тапсырма

Құрамына Қазақстан кіретін Халықаралық ұйымдар туралы ақпараттар табыңдар.

## § 64. Қазақстан Республикасының географиялық орны

Қазақстан — Еуразия материгінің орталығында орналасқан, екі дүние бөлігін қамтиды. Кіші батыс аймағы Еуропада, ал көлемді шығыс аймағы Азияда жатыр. Еліміздің жер көлемі үлкен болғаны соншалық, оның аумағына Еуропаның ең ірі жеті елі: Испания, Италия, Швеция, Германия, Франция, Финляндия және Ұлыбритания сыйып кетеді. Ел аумағының көлемі мемлекеттің бос кеңістік жерді игеруі мен жолкөліктік қатынасына да қиыншылық тудырады. Бүгінгі күні Қазақстанда әлі өз дәрежесінде игерілмеген аумақтар бар.

Қазақстанның Еуропа мен Азияның түйіскен жерінде, Еуразия континентінің ортасында орналасуы, аумағының көлемді жерді алып жатуы, табиғи ресурстарының алуантүрлілігі Азия және Еуропа елдерімен сау-

#### Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға беруді;
- Қазақстандағы саяси-әкімшілік хоронимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіріп, транслитерациясын үш тілде ұсынуды;
- Қазақстан Республикасы туралы кешенді географиялық ақпаратты түрлі мақсатты аудиториялар үшін дайындауды меңгересіңдер.

**Жетекші ұғымдар:**

- ✓ ФГЖ
- ✓ ЭГЖ
- ✓ СГЖ
- ✓ мақсатты аудитория сипаты

да байланыстарын орнатуға мүмкіндік туғызады. Қазақстан елде дайындалған өнім түрлерімен сауда жасай алады, бұлар: мыс, қорғасын, мырыш, титан, темір кені, пластмасса, автокөлік дөңгелектері, аккумуляторлар, отын т.б.

Қазақстан Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға алмағандықтан, өз кемелерін басқа елдер арқылы жөнелтіп отырады, бұл дегеніміз — қаржылық шығындар әкеледі.

Батыста елімізді Каспий теңізінің суы шайып жатыр, су жолы арқылы Қара теңіз бен Балтық теңізіне, одан әрі Атлант мұхитына шығуға болады, Қазақстан шегарасы бес елдің аумағы арқылы өтеді, ең үлкен маңызға Қытай мен Ресей арасындағы шегара ие. Осының арқасында бұл елдермен экономикалық байланыс жасай отырып, кейбір жетіспейтін өнім түрлерін толтыруға болады.

Еліміздің жер қойнауында *минералды ресурстар*, отын және кенді қазба байлықтардың мол қоры бар. Олардың көбі тереңде орналаспаған, бұл өндіруге кететін шығынды азайтады. Геолог-ғалымдардың есептеуі бойынша, кен орындарында Менделеев кестесіндегі 99-ға жуық элемент кездеседі. Елімізде табиғаттың бірегей нысандары — көлдер, таулар, тау массивтері, тегіс жазықты далалар көптеп кездеседі. Қазақстанның солтүстігінде дәнді дақыл өсірілетін ең құнарлы топырақ қалыптасқан. Елдің оңтүстік бөлігіндегі тау жоталары тауар тасымалдауда қиындықтар туғызады. Тауарды таулы айналмалы жолмен тасымалдауға тура келеді. Бұл өз кезегінде жолды ұзартып, тасымалдау шығынын арттырады. Сәйкесінше өзіндік құнының жоғарылауы да байқалады.

**Глоссарий**

**Елтану** — табиғаты, халқы, экономикасы, мәдениеті және әлеуметтік ұйымдары туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін және талдап қорытатын, елді кешенді зерттеумен айналысатын географиялық пән.

Қазақстан транзиттік трассаларда орналасқан. Осындай орнының арқасында Қазақстан елде өндірілген өнімді басқа елге тасымалдауға мүмкіндігі бар. Басқа елдердің жүктерін аумағы арқылы өткізудің арқасында Қазақстанның бюджетіне қосымша қаражат түседі.

Сыртқы тауар тасымалдауда географиялық орнының маңызы жоғары болғандықтан, Қытай мен Ресей Қазақстанмен бірлесіп транзиттік жолдардың құрылысын бастап кетті, оған «Жаңа Жібек жолы» деген ат берді (73-сурет).





73-сурет. Жаңа Жібек жолы жобасы

Қазақстан ауданы бойынша әлемде 9-орынды алады. Ел аумағында әртүрлі этностық топтар басым. Халық саны 2024 жылдың наурызында 20 075 271 адамға жетті.

Мақсатты аудиторияларды талдау үшін келесідей сипаттамалар қолданылады: жасы, жынысы, табысы, білімі, отбасылық мәртебесі, әлеуметтік жағдайы, мамандығы, ұлты, тұрғылықты жері.

**Мақсатты аудиторияның сипаттамасы:**

- географиялық: адам өмір сүретін, жұмыс істейтін, тауар сатып алатын орны. Бұл — аймақтың орналасқан орны, оның даму динамикасы, халық саны және тығыздығы, бұқаралық ақпарат құралдарының қолжетімділігі, сауда-саттық қызметтерінің құрылымы, климат, заңды шектеулер, көлік тораптарының дамығандығы;
- демографиялық: жасы, жынысы, отбасылық жағдайы және отбасы мүшелері, ұлты, мамандығы, білімі;
- экономикалық: жұмыспен қамтылуы, табыс мөлшері, сатып-алушылық қабілетінің нәтижесі;
- психологиялық немесе психографикалық (өмір сүру стилі): темперамент, мінез-құлық әдеттері, әлеуметтік тобы, отбасылық өмір сүрудің кезеңдері, мінездерінің сипаттары, мінез-құлқындағы басым мотивтер, ынтасы, өмір сүру салты, құндылықтар жүйесі.

**Елтану және саяси география негіздері біліміне арналған хоронимдер:**

Аргентина (Аргентина) (Argentina) — argento — «күміс».

Колумбия (Колумбия) (Colombia) — Колумб ашқан.

Ирландия (Ирландия) Ireland (Éire) — ежелгі ирланд тілінен *eirinn* — «батыс жер», яғни «западная земля», Ирландия — Еуропаның батысында орналасқан.

Исландия (Исландия) Iceland (*Ísland*) — «ледяная земля» — аударғанда «мұзды жер» дегенді білдіреді.

Норвегия (Норвегия) Norway (*Norge, Noreg*) — ежелгі скандинавия тілінде *Norgrvegr* сөзі «солтүстікке баратын жол» дегенді білдіреді.

Жапония (Япония) (Japan) — ресми атауы — «Нихон коку», «Ниппон коку» — Шығыс Азияның аралдық мемлекеті.

Қытай (Китай) (China) — қытайша Чжунго деп аталады, «Орталық жер» немесе «Орталық мемлекет» деп аударылады.

Түркия (Турция) Turkey — түркі халықтары этнонимінен шыққан атау. Сөзбе-сөз аудармасы — «Түркілер елі».



1. Не үшін дамыған елдер тобын үш топшаға бөледі?
2. Социалистік елдер экономикасы дамуының ерекшелігі неде?
3. Қазақстан Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шыға ала ма?



1. «Даму деңгейі бойынша елдердің жіктелуіне» кластер құрастырыңдар.
2. Қазақстандағы халықаралық ұйымдарға концептуалды кесте құрастырыңдар.



1. Қазақстанның географиялық орнының SWOT талдауы.



2. Суретті қолдана отырып, мақсатты аудиториялық сипаттама параметрлерін анықтаңдар (жас ерекшеліктері, жынысы, отбасылық жағдайы).



жас ерекшелігі



жынысы



отбасылық жағдайы

3. Суретті қолдана отырып, Қазақстандағы әртүрлі мақсаттағы аудиторияға сипаттама беріңдер.



Жастар

ЖОО  
Кафе  
Сауда орталығы  
Спорт/бассейн  
Кино  
Кешкі клуб



Отбасы

Жанармай құю бекеті  
Сауда орталығы  
Медициналық мекеме  
Кино  
Спорт/фитнес  
Супермаркеттер  
Мейрамхана/кафе



Бизнес

Бизнес орталығы  
Әуежай  
Банк  
Автосалон  
ЖҚС  
Мейрамхана  
Фитнес

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Аубакиров Я. А.* Экономические проблемы стратегии Казахстана. Алматы, 1997.
2. *Ахметов Е. А., Бердыгулова Г. Е.* Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы. Алматы: «TST Company» баспасы, 2012 ж.
3. *Бейсенова А. С.* «Исследования природы Казахстана». Алма-Ата. «Казахстан», 1979 г.
4. *Бердыгулова Г. Е., Ахметов Е. А.* Экономическая и социальная география мира. Учебник. Алматы, 2014. «TST Company», рекомендован МОН РК.
5. Бюро Национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК.
6. *Горбунов А. П.* Географические названия Центральной Азии: загадки, нелепости и проблемы // Байтерек. — 2008. — № 6 (33).
7. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011—2020 гг.
8. Государственный каталог географических названий Республики Казахстан.
9. *Долгих С.* Без страха ждать любой погоды. РГП «Казгидромет», 12.10.2012.
10. *Ердаuletov С. Р.* Экономическая и социальная география Казахстана. Алматы: Казак университеті, 1998.
11. Итоговый документ Конференции ООН. / CONF.216/L.1 Рио-де-Жанейро, Бразилия, 20—22 июня 2012 г.
12. Казахстан. Возможности инвестиций в минерально-сырьевой сектор. Алматы, 1994.  
Казахстан. Природные условия и естественные ресурсы СССР / Под ред. Б. А. Федоровича. М.: Наука, 1969.
13. *Камаев В. Д.* Учебник по основам экономической теории (экономика). М.: «ВЛАДОС», 2001.
14. *Камшибаев Р. А.* Экономическая безопасность Казахстана: стратегия, система факторов. Казахстан на пути к новой модели развития: тенденции, потенциал и императивы роста. Ч. 1. Алматы, 2001.
15. *Карпачевский Л. О.* Зеркало ландшафта. М.: Мысль, 1983.
16. *Кусаинов А. К., Асыллов У. А.* «Актуальные проблемы учебниковедения». Москва: Просвещение, 2003 г.
17. *Магидович И. П., Магидович В. И.* Очерки по истории географических открытий в 5 т., М.: Просвещение, 1985.
18. *Махрова А. Г.* Социально-экономическая география: понятия и термины. Словарь-справочник, 2024.
19. *Медуханова Л. А.* Глобализация экономики: сущность и основные черты. Казахстан на пути к новой модели развития: тенденции, потенциал и императивы роста. Ч. 4. Алматы, 2001.
20. *Моисеев Н. Н.* «Человек и ноосфера». Москва: Молодая гвардия, 1990.
21. *Науменко А. А.* Мелиоративная география Казахстана. Алматы: Казак университет, 2004.
22. Национальный атлас Республики Казахстан. Том 1—2. Алматы, 2006.
23. Научно-методологическое обоснование критериев прорывоопасности моренно-ледниковых озер и оценки степени потенциального риска от их прорывов. Алматы: «Мектеп», 2023 г.

24. Программа развития нефтегазового комплекса Республики Казахстан на 2005—2020 гг. / Министерство нефти и газа Республики Казахстан.
25. Промышленность Казахстана и его регионов. Статистический сборник, 1990, 1995—1999. Алматы, 2000.
26. Республика Казахстан. Природные условия и ресурсы. Алматы, 2006.
27. Токаев К.-Ж. К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. Алматы, 2000.
28. Тонкопий М. С. Экономическая оценка водных ресурсов и ущербов от загрязнения воздушной среды. Учебное пособие. Алматы: Экономика, 1999.
29. Упушев Е. М. Экология, природопользование, экономика: учебное пособие. Алматы: НИЦ «Гылым», 2002.
30. Учебная программа по географии на 2017 г.
31. Флёрова Г. И. «Моя биосфера», Москва, 2010.
32. Фурсина Г. А. Экономико-географическое изучение транспорта: учебно-методическое пособие. Алматы, 2000.
33. «Физическая география Казахстана» под редакцией Науменко А. А., КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, 2009 г.
34. Хайрлиев И. Н., Кожаметов М. К. Экономическая и социальная география Республики Казахстан (Общие вопросы. Природно-ресурсный потенциал и население). Учебное пособие для студентов специальности 01.10. «География». Караганда: изд-во КарГУ, 1998.
35. Чупахин В. М. Физическая география Казахстана. — Алма-Ата: Наука, 1968.
36. Экологическая безопасность Казахстана (мифы и реальность) / Ю. А. Габов, В. Э. Кист, А. В. Борисенко и др. Астана, 2006.
37. Яворская В. Н. Краткий топонимический словарь казахских географических названий и русских географических терминов. — Петропавловск, 2002.

## МАЗМҰНЫ

### IV бөлім. ӘЛЕУМЕТТІК ГЕОГРАФИЯ

#### Халық географиясы

|  |    |
|--|----|
| § 38. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы .....   | 4  |
| § 39. Дүниежүзі халықтарының көші-қоны.<br>Қазақстандағы халықтар көші-қоны .....  | 8  |
| § 40. Еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы.<br>Қазақстандағы демографиялық жағдай және демографиялық саясат.....   | 15 |
| § 41. Елді мекендердің жіктелуі. Елді мекендердің қызметтік аймағы.<br>Қазақстан ойконимдері. Елді мекендер мәселелері ..... | 19 |
| § 42. Урбандану үдерісі. Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру .....   | 25 |

### V бөлім. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ

#### Табиғи ресурстар

|  |    |
|--|----|
| § 43. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті .....                                  | 34 |
| § 44. Қазақстанның металлургия өнеркәсібі .....                                    | 41 |
| § 45. Қазақстанның машинажасау кешені .....  | 50 |
| § 46. Химия өнеркәсібі .....   | 55 |
| § 47. Ағаш өңдеу өнеркәсібі. Құрылыс материалдары өндірісі .....                   | 61 |
| § 48. Табиғатты пайдаланудың типтері мен түрлері. Тұрақты даму .....               | 67 |
| § 49. Қазақстандағы табиғатты пайдаланумен байланысты туындаған<br>мәселелер ..... | 73 |

#### Әлеуметтік-экономикалық ресурстар

|  |    |
|--|----|
| § 50. Ғылыми-техникалық революция .....  | 80 |
| § 51. Адам әлеуетінің даму индексі .....   | 86 |
| § 52-53. Қазақстанның индустриалды-инновациялық дамуы.<br>Қазақстанның инновациялық құрылымдық жағдайы ..... | 92 |

#### Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы.

##### Қазақстанның шаруашылық салалары

|  |     |
|--|-----|
| § 54. Қазақстанның шаруашылық салаларына жоспар бойынша<br>сипаттама беру. Отын өнеркәсібі ..... | 99  |
| § 55. Қазақстанның экономикалық аудандарындағы шаруашылық<br>салаларының мамандануы .....        | 105 |
| Орталық Қазақстан .....  | 108 |
| Шығыс Қазақстан .....  | 110 |
| Батыс Қазақстан .....  | 112 |

|                          |     |
|--------------------------|-----|
| Солтүстік Қазақстан..... | 114 |
| Оңтүстік Қазақстан ..... | 116 |

**Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері**

|  |     |
|--|-----|
| § 56. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері.....                     | 121 |
| § 57. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі .....                    | 125 |
| 128  |     |
| § 58. Халықаралық экономикалық қатынас түрлері.....                    | 128 |
| § 59. Дүниежүзілік шаруашылықтың дамуы және негізгі көрсеткіштері..... | 132 |
| § 60. Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық құрылымының модельдері ..... | 137 |
| § 61. Дүниежүзілік шаруашылықтағы Қазақстанның орны.....               | 140 |

**VI бөлім. ЕЛТАНУ ЖӘНЕ САЯСИ ГЕОГРАФИЯ НЕГІЗДЕРІ**

**Дүниежүзі елдері**

|  |     |
|--|-----|
| § 62. Экономикалық даму деңгейі бойынша дүниежүзі елдерін топтастыру ..... | 152 |
| § 63. Халықаралық ұйымдар және Қазақстан .....                             | 155 |
| § 64. Қазақстан Республикасының географиялық орны.....                     | 159 |



*Учебное издание*

Толыбекова Шаиза Тиналиновна  
Головина Галина Евграфовна  
Козина Светлана Степановна  
Ахметов Ертис Ахметович

**ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА**

**Часть 2**

Учебник для 9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)

Второе издание, переработанное, дополненное

Редакторы *Ә. Қунабаева*  
Көркемдік редакторы *Г. Албаева*  
Техникалық редакторы *Л. Садықова*  
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*  
Компьютерде беттеген *Г. Әлімшеева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6406

Басуға 21.06.24 қол қойылды. Пішімі 70·100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа  
табағы 13,55 + 0,32 қосарбет. Шартты бояулы беттаңбасы 56,14. Есептік баспа  
табағы 8,98 + 0,54 қосарбет. Таралымы 80 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz



